

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ атындағы КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР және  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ  
«ТАРИХ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ» КАФЕДРАСЫ

**Табылдиева Орынгүл Дүйсенбаевна**

**Ортағасырдағы Қазақстан мәдениеті**  
(оқу құралы 5В011400-«Тарих»)

**УДК 94 (574+075)**  
**ББК 63.3 (5қаз) я7**  
**Т 12**

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы Озғанбаев Ө.О.  
тарих ғылымдарының докторы Бердығожин Л.С.  
тарих ғылымдарының кандидаты Бекешов С.С.

Табылдиева О.Д.

Т 12 Ортағасырдағы Қазақстан мәдениеті: оқу құралы / О.Д.Табылдиева. -  
Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011. – 79 б.

ISBN 978-601-72-76-90-4

Оқу құралында ортағасырдағы Қазақстан аумағындағы Түріктердің жазбаша мәдениеті, жазбаша ескерткіштерінің зерттелу тарихы, діни наным сенімдері мен түріктердің әскери өнері қарастырылған.

Оқу құралы «Тарих» мамандығы студенттері және көпшілік қауымға арналған.

**УДК 94 (574+075)**  
**ББК 63.3 (5қаз) я7**

ISBN 978-601-72-76-90-4

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

## КІРІСПЕ

Көне түріктер дәуірі немесе түріктер заманы деген ұғым тарихи-археологиялық әдебиеттерде екі түрлі мағынада қолданылады. Саяси даму үрдісін білдіргенде YI-YIII ғасырларды қамтиды, яғни көне түрік мемлекеттері заманын көрсетеді (тар мағынасында). Ал енді тарихи-этно-мәдени даму үрдісін білдіру үшін кең мағынада қолданғанда Y-X ғасырлар аралығындағы мезгілді көрсетеді. Тарихи-хронологиялық жағынан алғанда бұл кезең ұлан-байтақ территорияны мекендеген әртүрлі тайпалардың бәріне түсінікті ортақ тілдің, өзара жақын әдет-ғұрыптың, қоғамдық қарым-қатынастың қалыптасуымен сипатталады.

Түріктер дәуірінде тек қана ашина түріктердің (тугю) құдіретті қағанаттары ғана емес, сонымен бірге ұйғырлардың және енесейлік қырғыздардың мемлекеттері де өмір сүрді. Қазіргі Тыва, Монғолия, Хакасия, Оңтүстік Алтай, Қазақстан және Орта Азия территорияларында жүргізілген археологиялық зерттеулер көне түріктер мемлекеттерінің құрамы ірі, әрі тұрақты этникалық топтардан тұрғандығын және жүздеген жылдар өмір сүргендігін көрсетіп отыр. Тарихи-археологиялық мәліметтерге сүйене отырып, зерттеу-шілер көне түріктер дәуірінің негізгі этно-мәдени аймақтарын былайша айқындайды:

1. Орталық және Орта азиялық түрік қағанаттары құрамына енген тайпалардың аймағы (Монғолия, Тыва, Алтай, Қазақстан, Шығыс Түркістан және Орта Азияның біраз жері);

2. Көне қырғыздардың - хягастардың мемлекеті құрамындағы тайпалар аймағы (Минусинск ойпаты, ал 840 жылдан X ғ. Дейін Монғолия, Тыва, Алтай жері);

3. Курыкан бірлестігіне кірген тайпалар аймағы (Байкал маңы).

Түріктер замаңындағы тайпалар бір-бірімен кең экономикалық және мәдени байланыста болды. Шығысында Қытайдан батысында Византияға дейінгі аса ауқымды аймақты алып жатқан бұл тайпалардың өзара байланысының маңызды дерек көздеріне көне түрік дәуіріндегі тас мүсіндер, петроглифтер, сондай-ақ жерлеу ғұрыптары (әсіресе VII ғ. бастап атпен бірге жерлеу) жатқызылады. Көне түріктер мәдениетінің ортақтығын руна жазба ескерткіштері және олардың бірыңғай діни наным-сенім жүйесі де айқындайды.

Батыс пен Шығастың арасын жалғастырушы дәнекер рөлін атқара жүріп көне түріктер тамыры терең, айшықты дәстүр-салты бар өзгеше дала мәдениетінің негізін салып, қоғамдық-әлеуметтік институттардың күрделі түрлерін, еншілік жүйесін, шендер иерархиясын, соғыс өнерін, елшілік үрдісін игере білді, сол сияқты олардың көрші елдердің идеологиясына қарсы қоятын мұқият әзірленген дүние танымы да болды.

Түріктердің рухани әлемі - аса күрделі мәселелердің бірі. Бұл жөнінде зерттеушілер арасында бір-біріне қарама-қарсы пікірлер, түрлі көзқарастар, болжамдар аз емес. Евроцентристік көзқарасты жақтаушылар көне түріктер ерекше діндар болмады, саудаға да бейімді емес еді, сондықтан төл жазуының

әліпбиін шығаруға құлықсыз болды, қатаң даланың жыл мезгілдерінің ығына жығылып, көшіп-қонып жүріп, табиғатқа тәуелділікке түскен кешпелілердің қоғамы - тарихы жоқ қоғам дейді. Алайда Оңтүстік Сібір мен Орталық Азияда ұзақ жылдар бойы жүргізілген археологиялық және палеографиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері көшпелілер «адамзаттардың арамтамағы» деген үстірт түсінікті теріске шығарып, ғылыми дәйексіздігін көрсетіп берді.

Төрткүл дүниенің түкпір-түкпіріне тарап кеткен бүгінгі 160 миллиондай түрік тілдес халықтардың түп атасы - көне түріктердің рухани өмірі канша күрделі болғанымен ол бабаларымыздың табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілігін, сауаттылық пен білікке ұмтылған құлшынысын, ел тұтастығын сақтауға деген талпынысын паш ететін ертедегі тарихымыздың жарқын беттері болып табылады. Сондықтан да көне түріктердің дүниетанымын, рухани қазынасын тұтас, әрі жан-жақты зерделеу заман талабынан туындап отырған мәселе.

Түрік әлемі Орталық Азия мен Шығыс еуропаның біршама жерін алып жатыр. Түрік мемлекеттері ерте заманнан бастап өркениетті мәдениеттің іргетасын қалап, өздерінің саяси және мәдени жетістіктерін Еуропаға таратқан. Түріктер отырықшылық, жартылай отырықшылық және көшпелі өмір сүрген. Шаруашылықтарында отырықшылық басым болды. Бұл тұжырымды бізге жеткен жазба, археологиялық, этнологиялық және әдеби деректер дәлелдейді.

V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерлерінде жазу, сызу, егін егу, әдебиет, өнер, тарих ғылымдары, діни сенімдердің қалыптасқаны көпшілікке аян. Оған Енисей жазу ескерткіштері, Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар тарихи деректік маңыздылығымен қатар, түркі халқының белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеумен айналысқанын, мәдениетті ел болғандығын көрсетеді.

Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тоныкөк, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жырлардың кейіпкеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагөй білімдарлары өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсірді. Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық-мәдени, әрі әдеби тұрмыс-салт өмірлерінен хабар беретін жәдігерлер қазына ретінде бүгінгі күнгі барлық түркі тілдес халықтарға ортақ мұраға айналды. Түркінің сар даласының ішкі сырын бойына сіңірген таңбалы тастар сан ғасырды аттап, өз заманының шындығы мен қайғы-қасіретін, амал-әрекетін бейнелеп, еш өзгерместен күні бүгінге жетіп отыр.

## 1. Түрік жазбаша ескерткіштерінің зерттелу тарихы

Ұзақ уақыт бойы еліміздің жазба мәдениеті тарихы тереңнен тарқатылмай, қазақтар үш-ақ әліпбиді: араб, латын және кириллицаны ғана білетін секілді ұғым қалыптастырылғанды. Бүгіндері түркі тілдес халық-тардың жазба мәдениеті тарихы ерте замандардан бастау алатындығы айқындалып, бабаларымыз бір емес, бірнеше әліпбиді меңгеріп, оны өздерінің өкімшілік, дипломатиялық, діни және жеке басы қажеттіліктерін өтеу үшін пайдаланып келгендіктері белгілі болды.

Түрік тілдері тарихындағы ең алғашқы жазу - сыртқы нұсқасына қарай "руникалық" немесе табылған жеріне қарай "Орхон-Енисей жазуы" деп аталған жазу. Бұдан өзге көне түрік тайпалары соғды, ұйғыр, манихей, брахми, эстрангело, тохар жазуларын да білген.

Руна - бұл дыбыстық жазу, оның курсиві жоқ, жеке таңбалар бір-бірімен байланыспай жазылады. Фонетикалық жағынан алғанда руна жазуы түрік тайпаларының тіліне барынша бейімделген, әрі дыбыстық ерекшелігін дәл бере алады. Әрбір дыбыс бір немесе бірнеше таңба арқылы беріледі, руна жазуының кей-бір таңбалары пиктографиялық сипатқа ие.

Руна әліпбиінде, аймақтық және хронологиялық нұсқаларын есепке алғанда, 40-тан аса таңба бар. Оқылуы - оңнан солға қарай.

Руна жазуының таралу аймағы деп осы жазу үлгісі бар ескерткіштердің мәлім болған жерлерін атаймыз. Мұндай аймақтар - Сібірдегі Енисей, Лена өзендері аңғарлары, Монғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауы. Руна тектес жазуы бар ескерткіштер хазар мемлекетінің территориясы - Еділ, Дон өзендері бойы және Солтүстік Кавказдан да табылған. Алайда руна жазуының бұл батыстық нұсқасы ірі текстердің табылмауынан сыры ашылмай, құпия күйінде қалып келді.

Руникалық жазу ескерткіштерінің таралу аумағының көлемі көне түріктердің сауаттылығы жайынан сөз қозғауға мүмкіндік береді. Зерттеушілер руникалық ескерткіштердің графикалық қорларына шолу жасай отырып, көне түріктер мекендеген аймақтарда жазу-сызу қолданылған (Д.Д.Васильев), орхон-енисейлік түріктердің арасында сауаттылық кең жайылған (В.В.Бартольд) және ешбір «қаңғыбас, кезбе сауаттылардың» көмегінсіз жергілікті тұрғындар өздері жазған (С.Е.Малов), сондай-ақ руникалық эпитафиялар тек ақсүйектерге ғана емес, қалың оқырман қауымға арналған (С.В.Киселев), тіпті күнделікті тұрмыстық бұйымдардың өзінде жазудың болуы тұрғындардың жоғары сауаттылығын айқындайды (А.Н.Бернштам) және көне түріктерде қоғамдық пікір өмір сүргендігін паш етеді (Л.Н.Гумилев) деген тұжырымға келіп отыр. Бұл ойды сол дәуірдегі құжаттық материалдар да дәлелдей түседі. Мысалы: VI ғасырда өмір сүрген византиялық тарихшы Менандр император Юстиан II-ге түрік елшілігін басқарып келген соғдылық Маниах өз қағанының атынан скиф жазуымен жазылған жолдау хат тапсырғанын баяндайды. Ал VII ғ. басында тағы бір византиялық автор Феофилакт Симокатта император Маврикийге түрік қағаны хат жазғанын айтып, одан өз еңбегінде үзінді келтіреді. Қытай

жылнамаларында түріктердің кісі, жылқы және өзге де мал есебін алғанда ағаш тақтайларға жазып отыратындығы айтылады. Жазудың, жазба мәдениеттің көне түріктерге дейін де болғандығын б.з.д. 176 жылы ғұндардың билеушісі Мөденің Қытай еліне хат жолдауы жайлы мәлімдейтін құжаттар және "Есік" қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазу да көрсетіп отыр. Б.з.д. V ғасырда жазылған сақ дәуірінен қалған күміс тостағандағы жазба мұра төңірегінде кезінде көп талас-тартыс жүргені рас. Дегенмен, осы сақ жазуының негізінде, әрі оның көне түріктер руникалық таңбаларына ұқсас-тығына қарап, белгілі түркітанушы ғалым А. Аманжолов төмендегідей қорытынды жасайды:

1. Түрік тілдес тайпалар бұдан 2500 жыл бұрын әліпбиі бар жазуды білген және кеңінен пайдаланған;
2. Көне түрік руникалық жазуы арғы ата-бабаларымыздың 1500 жыл бойы, яғни б.з.б. V ғасырдан бастап б.з. X ғасырына дейін қолданған төл жазуы.

Сөйтіп, көне түрік тайпаларында әліпбиі бар жазу тек V ғасырда пайда болды деген жылдар бойы қалыптастырылған болжам ескіріп қалды.

Түріктер руна жазуын құлыптастарға, тұрмыстық заттарға, үй қабырғаларына өз ойларын жазғанда, сондай-ақ қолжазбалар, хаттар әзірлеуде қолданған. Атақты "Күлтегін" (732 ж.), "Білге қаған" (735 ж.) және "Тоныкөк" (716 ж.) жырлары тасқа қашалып жазылған руникалық ескерткіштер ішіндегі ең көлемдісі, әрі көне түріктердің өздері туралы өздері жазған аса құнды, бірегей жәдігерліктер болып табылады. Сыртқы пішіні пирамида секілді Күлтегін ескерткішінің биіктігі 3,15 м, ені 1,24 м, қалыңдығы 0,41 м. Күлтегін ескерткішінің негізгі бетінде 40 жол жазу бар, ол ескерткіштің сол жақ бетіндегі 13 жол жазудың жалғасы болып есептеледі. Түркологиялық әдебиеттерде ескерткіште-гі 40 жол жазу үлкен жазу деп, ал 13 жол жазу - кіші жазу деп аталады. Кіші жазу үлкен жазудың кіріспесі іспетті. Күлтегін жырында түрік халқының ата-бабалары туралы, елге ерен істерімен белгілі болған Елтеріс, Қапаған, Білге қағандар және қолбасшы Күлтегін жайлы, түріктердің жорықтары туралы айтылады, Жыр авторы - Йолығ Тегін жырдың басты идеясы етіп халық бірлігін алған. Ел бірлігі арқасында бастыларды еңкейтті, тізелілерді бүктіргендіктерін жазған. Бүгінгі ұрпаққа үлкен енеге боларлық бұл тарихи жәдігерлік, өкінішке орай 1961 ж. үстіне жай түсіп, күл-талқан болған. Бұл күндері Күлтегін ескерткішінің тек орны ғана сақталған.

Білге қағанға қойылған тас ескерткіштің ұзындығы 3м 45см, ені 1м 74см және қалыңдығы 72см. Сырт бейнесі, көркемдік нақышы жағынан да, мазмұны жағынан да Білге қаған және Күлтегін ескерткіштері бір-бірімен ұсас, текст мазмұны бір-бірін қайталайды. Тоныкөк ескерткіші екі бағана тасқа бөлініп жазылған. Біреуінің биіктігі 1м 70см, оған 1- 36 жол, екіншісінің биіктігі 1м 60см, мұнда жырдың жалғасы, яғни 37- 62 жолдар орналасқан.

Жыр авторы Тоныкөктің өзі деген болжам бар. Бұл жырда түрік халқының табғаштарға бағынышты болып қалуы, кейін бас біріктіріп жауға қарсы тұруы, сол кезде қаған сайлауда, жауды жеңуде Тоныкөктің ақыл-кеңесі, ерлік істері зор болғандығы баяндалады. Мұнда да ел бірлігі, сол елдің басын қосып, ынтымаққа жеткізуде ақылгөй Тоныкөк секілді қариялардың, ел басшыларының үлкен рөл атқаратындығы дәріптеледі.

Руна жазуы ескерткіштерін алғаш рет 1721-1722 жылдары Сібірден Д.Г.Мессершмидт және Ф.И.Страленберг экспедициясы тапты. Орыс ғалымы Н.Я.Ядринцев 1889 жылы Солтүстік Монғолия жерінен, Орхон өзені бойынан Білге қаған мен Күлтегінге арналған ескерткіштерді және Е.А.Клеменцтер 1897 жылы Селенга өзені бойынан Шығыс Түрік қағанатының қағандары Елтеріске, Білгеге кеңесші болған, данагой қария Тоныкөктің құрметіне қойылған ескерткішті табады.

Руна жазуы әліпбиінің сырын 1893 жылы дат ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен (1842-1927жж.) ашқан еді. Осы В.Томсен құпиясын ашқан әліпбиді пайдалана отырып, В.В.Радлов (1837-1918 жж.) Орхон ескерткіштері мазмұнын 1894 жылы орыс тілінде жариялайды, ал Томсеннің өзі жасаған аударма неміс тілінде 1895 жылы жарыққа шығады. Содан бері көне түрік руна ескерткіштерін әр қырынан зерттеу жұмысы үздіксіз жүргізіліп келеді.

Руна жазуының VIII-IX ғ.ғ. қағазға жазылған нұсқаларын Шығыс Түркістаннан XX ғ. бас кезінде ұйымдастырылған археогеографиялық экспедициялар тапты. Көне түріктер тіліндегі қолжазбалар мен жеке басылымдардың неміс зерттеушілері А.Грюнведель мен А.Лекок тапқан үлкен жинағы Берлинде, Неміс ғылым академиясында, В.В.Радлов, С.Е.Малов, А.А.Дьяков, Д.А.Клеменц т.б. жинаған олжалар Петербордағы азиядтық музейде, сэр А.Стейн тапқан қолжазбалар Лондонда, Британ музейінде, П.Пельо жинастырған қолжазбалар Париж ұлттық кітапхана-сында, бірнеше жақсы сақталған парақтар Стокгольм этнографиялық музейінде және Анкарадағы этнографиялық музейде, жапон ғалымы С.Отани басқарған экспедиция олжалары Киотода сақтаулы тұр.

Шетелдерде сақтаулы тұрған бұл қолжазбалар мен фрагменттердің көп бөлігін буддистік "Алтын жарық", "Дишаствустик", "Куаншиим Пусар" секілді шығармалар, сонымен бірге манихейлік, христиандық дінін уағыздайтын текстер және ұйғыр мемлекетінің құжаттары құрайды. Діни тақырыпқа арналғанына қарамастан көне түріктер тіліне аударылған аталмыш қолжазбалардан сол кездегі мәдениет және тарих туралы (әсіресе ұйғыр мемлекетінің) бағалы мәліметтер алуға болады.

Зерттеушілер қағаз жасап шығаруда көне түріктердің батыс, я шығыс үлгісі бойынша өз өндірісі болғандығын, қағаз көбіне тұт ағашынан, сондай-ақ сорадан, мақтадан, күріш сабағынап да алынғандығын жазады. Қытай шеберлері VIII ғасырда Самарқанда қағаз өндірісінің негізін салады. Осы жерден қағаз өндіру тәсілі Жібек жолы арқылы батысқа тарап, онда жазу үшін қолданылып келген пергамент пен папирусты ығыстырып шығарған. Ал Қытайдың өзінде және Шығыс Түркістан жерінде қағаз өндіру б.з.д. IV ғасырда басталған.

Жеке қағаздарды кітапша етіп тігудің әртүрлі жолдары болған. Ирандық-сириялық үлгімен жасалған кітапша-дәптерлер немесе көне үнді кітаптары үлгісіндегі пальма, қайың қабықтарынан құралған кітап (потхи), қытай үлгісіндегі шиыршық-кітап (қағаздың шығырға оралуы арқылы жасалады), төртінші бір түрі кітап-бүктеме (гормошка). Қағазды кеңірдектеп бүктемелеу жолымен әзірленеді.

Кітап жасау ісі Шығыста ерте кезден басталған. Түркістан б.з.д. II-I ғ.ғ.

өзінде-ақ кітап шығаратын маңызды орталыққа айналып үлгерген. Көне түрік тіліндегі бізге жеткен алғашқы кітап қатарында 583 жылы жазылған "Нирвана-сутра" аталады. Дегенмен С.Е.Малов сияқты ғалымдар түрік тілінде шыққан "Хуастуапифт" V ғ. жазылған дсп есептейді. Сонымен руна жазуын көне түріктер өмірінің әр саласында кеңінен пайдаланған деуге әбден болады.

Көне түрік руникасының шығу тегі жайлы пікірлер XVIII ғ. айтыла бастағанды. Бұл кезде Петр I бастамасымен Сібірге арнайы жіберілген экспедициялар алғашқы құпия жазуларды тапқан болатын. Орталық Азия мен Сібірдегі тастағы жазуларды "руникалық" (құпия) деп атау швед офицері Ф.И.Табберт (Страленберг) еңбегі жарыққа шыққаннан кейін термин ретінде қалыптасып қалды.

Құпия жазудың сырын ашқан В.Томсен оның шығу тегін финикий әліпбиінің бір бұтағы арамей әліпбиімен байланыстыра қарады және әріптердің басым бөлігі семиттік-пехлевийлік әріптермен сәйкес келетіндігіне көңіл бөлді. Көне түрік руникасының шығу тегі туралы пікір-таластар әлі күнге толастамай келеді. Әйтсе де зерттеушілер көзқарасы осы мәселе бойынша екіге бөлінетінін айта кеткен жөн. Біреулері көне түрік руникасының түп-тамыры оңтүстік-батыс Иран мәдени облыстарындағы жазудың, яғни арамей соғды әліпбиінің әсерімен қалыптасты десе, екіншілері аталмыш жазу көне түрік тайпаларының таңбаларынан бастау алғандығы туралы теорияны жақтады. Алғашқы ойды В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Габен, С.Е.Малов, В.А.Лившин, С.В.Киселев, С.Г.Кляшторный, Е.Д.Поливанов және т.б., ал екіншісін Н.А.Аристов, Н.Г.Маллицкий, Г.Вамбери, М.А.Кастрен т.б. қуаттайды. "Соңғы болжам көпшілік арасына жылдам тарап, өзінің ғылыми маңызын осы күнге дейін жоғалтпай келеді",- деп жазады зерттеуші Д.Д.Васильев.

Көне түрік жазба ескерткіштерін әр қырынан зерттеуге қазақ түркітанушылары да үлкен үлес қосып келеді. Ғ.Айдаров, Ә.Қоныратбаев, М.Жолдасбаев, Н.Келімбетов, Ә.Қайдаров, М.Оразов, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Өмірәлиев т.б. орхон-енисей жазбаларының текстологиясы, тілі, әліппесі, аударылуы, қазақ әдебиетіне қатысы сияқты мәселелерді қарастырса, Е.Мұсабаев пен Қ.Мырзалиев "Күлтегін" жазбасының ғылыми және көркем аудармасын жасады. Көне түріктердің жазуының тарихына арнайы қалам тартқан А.Аманжолов: "Алтай-Саян тау қойнауы және Ертістің жоғары сағасын көктей өтіп, Сарыарқа мен Жетісу өңіріне созыла жатқан кең аймақ көне түрік этногенезінің аялы алтын бесігі екендігіне ешбір күмән жоқ". "...Бұл аймақта ірге тепкен ежелгі тұрғындар (автохтондар) үнді-иран тілінде сөйлепті-міс деген тұжырымды айқындарлық тілдік айғақ, дәлелдемеге медеу боларлық, тілдік фактінің жоқ екендігі белгілі. Қайта, ондай жорамалдардың үнін өшіріп, адымын аттатпайтын деректер сыры сақ қорғандарында атой салыш жатқандығын бүркеудің өзі қиын. Өйткені, сақ қорғанынан табылған жазулар көне түркі руникалық алфавитімен төркіндес. Сөз етіп отырған атырапты мекен еткен ежелгі тұрғындарды алғашқы түркі (прототүркі) этносы мен тегіне мүлде қатысы жоқ деушілік, яғни көне түркі, тегінде көне қазақ тайпаларының автахтондығын мойындамай, оларды шет қақпай жасап, өгейсіту шындықпен



ешбір сыйыспайды. Бұған орай этнографтар айтып жүрген этнизация немесе этностану (шаруашылық мәдени типтердің этносқа ұйытқы болуы) құбылысының өзі де тіл және сөйлеу әрекеті иегізінде пайда болатындығын ескерген жөн. Сондықтан түркі этносына ұйытқы болған көне тайпаларға кейбір ғалымдардың түркілену терминін қолдануының өзі тым сыңар жақтықтың айғағы деп білеміз", - деп жазды.

Әйгілі ғалым, академик Ә.Марғұлан да қола және ертедегі темір дәуіріндегі тайпалардың үндіран тілдес екендігіне күмән келтіргенді. Кейінгі жылдарда зерттеушілер арасында андронов тайпаларының түркі тілдес болғаны туралы боджам белең ала бастағаны байқалады.

Месопотамиядан табылған б.з.д. IV-III мыңжылдықтарды мегзейтін шумерлік ескерткіштерде түрік тіліне тән лексикалық сәйкестіктердің ұшырасуы көнс түріктер тілі, жазуы мәселесімен шұғылданып жүрген ғалымдарға бұдан бес мың жыл бұрын түріктердің бабалары Месопотамияға (шумерге) келген, сөйтіп шумер ескерткіштері тіліне белгілі деңгейде әсер етсе керек деген тың ғылыми болжамдар жасауға мүмкіндік берді.

Көне түрік руникалық жазба тілінің ерте заманнан тарихи даму барысында жасалып, қалыптасқан сөздік құрамы бар екендігі, оның қат-қабаттан құралатындығы айқындала түсуде.

"Ескерткіштердегі көптеген сөздердің қазіргі түркі тілдерінде кездесетіндігі, ұқсастығы жай, кездейсоқ құбылыс емес, ол тайпалар мен халықтардың генетикалық жақтарынан тығыз байланысты болуының нәтижесі. Ескерткіштер ішінде кездесетін сөздерге назар салсақ, оның 90 пайыздан көбірегі түркі тілдеріне ортақ, байырғы сөздер",- деп түйіндейді "Күлтегін", "Білге қаған" жазуларының фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалым Ғ.Айдаров.

Бірқатар лингвистер орхон ескерткіштерінің тілі қазақ, қырғыз, хакас, алтай тілдерімен туыстас деген пікір айтады.

## **2. Түрік жазба ескерткіштерінің түрлері және тілдік ерекшеліктері**

Руна жаузындағы әдеби мұраларды поэзиялық туынды деп таныған көрнекті ғалым И.В.Стеблева кене түріктер жырларындағы өлең құрылысын алғашқылардың бірі болып теориялық тұрғадан зерттеп, олардың қазіргі түрік тілдес халықтар жырлары құрылысымен ұқсастықтарын жан-жақты негіздеп берді. Руникалық жазба ескерткіштерінің тілі шешендік сөйлеу әдісінің көрсеткіші бола алатындығы, сонымен бірге сол дәуірдің сан-алуан ономастикалық атауларын ұрпақтарға қаз-қалпында жеткізген тарихи мұра екендігі де дәлелденген. Руна жазуы XI-XII ғасырларда қолданудан шығып қалды.

Соғды жазуы - батыс түріктері арасына кең таралған жазу. Соғды жазуы әліпбиінің шығу тегі арамей әліпбиімен байланыстырылады және иран тілінің солтүстік-шығыс тобына жатқызылады. М.Қашқаридің мәліметіне қарағанда түріктер соғдыша, соғдылар түрікше білген. Бұған Бұғұт жазуы (Монғолия жерінен табылған VI ғасырда жазылған) және Жетісудан, Талас өзені маңынан табылған керамикадағы, жартастағы жазулар, сондай-ақ Тараз, Суяб

қаласын қазу барысында табылған VIII ғасырға жататын жергілікті теңгелердегі жазулар дәлел бола алады.

Ұйғыр жазуы - көне түріктер арасында исламға дейін көп пайдаланылған жазу. Бұл жазу VIII ғ. соғды әліпбиі негізінде пайда болған. М.Қашқари ұйғыр жазуы туралы былай деп жазады: "Ұйғырлардың тілдері таза түрікше... Олар жиырма төрт әріптен құралатын жазуды пайдаланады. Кітап пен хат-хабарды сол жазумен жазады. Бұл жазуды мұсылман дініне кірмегеи ұйғырлар мен шындардан басқалары білмейді". Ұйғыр жазуы әріптері жоғарыдан төмен қарай және жазу жолдары солдан оңға қарай орналасады. VIII-XIII ғ.ғ. түрік тайпаларының будда дінін уағыздаушы топтары көп қолданған, Бірақ ислам діні қабылдануына байланысты араб жазуы ығыстырып шығарады. Әйтсе де кейбір буддалық монастырьлерде XVIII ғ. дейін қолданылған. Ұйғыр жазуын XIII ғ. монғолдар қабылдады, нәтижесінде қазіргі монғол халқы жазуының негізі қаланған, ал монғолдар ықпалымен ұйғыр әліпбиі маньчжур жазуының да негізіне алынады.

Ұйғыр жазуы ескерткіштерінің тілдік ерекшелігін талдай келе ғалымдар бұл тек ұйғыр тайпаларының ғана емес, сонымен бірге түрік, түргеш, басмыл, қарлұқ және басқа VII-VIII ғ.ғ. Шығыс Түркістанды мекен еткен түркі тайпаларының тілі болса керек деп топшылайды.

Түрік руникалық ескерткіштері тілі мен ұйғыр ескерткіштері тілі арасында аса үлкен айырма болмаған. Тіпті сол кездегі авторлардың өзі көне ұйғыр тілін "түрік" тілі деп атайды. Ұйғырдың аудармашысы, әрі жазушысы Шыңго-Шели (X ғ.) өзінің шығармасының соңында табғаш тілінен түрік тіліне аударма жасадым деп көрсетеді.

Көне түріктердің жазба ескерткіштері әліпбиі жағынан да, жанры жағынан да, стилі жағынан да бір ізді емес. Неміс түркітанушы ғалымы Габен көне түрік жазба ескерткіштері дегеніміз түріктердің эпиграфиялық, я қағазға руна, ұйғыр, соғды, брахми, манихей және сириялық (эстрангело) әліпбиімен жазылған текстерінің үлкен репертуары деп көрсетеді.

Зерттеушілер көне түріктердің жазба ескерткіштерін жазылу мерзіміне, жазылған жеріне, қай мемлекет тұсына сәйкес келетіндігіне және жанрлық сипатына қарай топтап бөледі.

Көне түрік жазба ескерткіштері табылған жеріне қарай аймақтық негізде былайша топталады:

1. Монғолия жерінен табылған ескерткіштер. Бұлар негізінен "Орхон ескерткіштері" деп аталады және Орхон, Селенга, Толы өзендері бойына орналасқан. Тасқа қашап жазылған бұл текстердің ең көлемділері және әйгілілері - Күлтегін, Білге қаған, сондай-ақ Тоныкөк ескерткіштері. Осы топқа Кулишор, Чойрэн, Онгин, Селенга, Сэврэй, Терхин, Тэсин, Қарабаласағұн, Суджа, Хэнтэй, Тайхир-сұлу жазуы, Ике-Асхэт, Гоби және Хангай тауынан табылған майда жазулар, сондай-ақ соғды тілді Бұғыт жазуы жатқызылады.

2. Енисей өзені аңғарынан табылған ескерткіштер. Тывалық және минусиндік деп тағы екіге бөлінетін бұл топқа 150-ден аса үлкенді-кішілі құлыптастардағы, жартастардағы, алтын, күміс ыдыстардағы және теңгелердегі жазулар кіреді.

3. Лена-Байкал ескерткіштер тобы. Жартастар мен тұрмыстық бұйымдарға жазылған оқылуы қиын 16 қысқа жазуды топтайды.

4. Алтай ескерткіштері. Барлығы үлкенді-кішілі 50-дей болатын әртүрлі заттардағы және құлпытастағы жазу кіреді.

5. Шығыс Түркістан ескерткіштері тобына Турфандағы ескі құрылыс қабырғаларындағы төрт жазу, храмдағы екі жазу, Миран мен Дунхуаньнан табылған қағазға жазылған бірнеше ірі текстер және қола айнадағы жазу жатқызылады.

6. Ортаазиялық ескерткіштер тобы. Оның жетісулық тобына Талас аңғарындағы құлыптастардағы жазу, тсңгелердегі, тұрмыстық бұйымдардағы және ағаш таяқшалардағы ұзын саны 12-дей болатын жазулар кірсе, ферғаналық топ керамика мен темір бұйымдардағы қысқа қайрылған 17 жазудан тұрады. Муг тауларынан табылған теріге жазылған құжатта осы топқа жатқызылады.

7. Шығыс еуропалық ескерткіштер. Бұл топ тағы үшке: донецкілік, дунайлық және поволжелік деп бөлінеді. Тұрмыстық заттардағы азды-көпті майда жазулардан құралады.

Көне түрік руникалық ескерткіштерінің тарихи-саяси және хронологиялық негізде топталуы:

1. Шығыс Түрік қағанаты тұсындағы ескерткіштер - Орхон жазбалары және Алтай ескерткіштері. Жазылу мерзімі- YIII ғасыр. Тек кейбір майда жазулар YII ғасырда, ал Чойрэн жартасындағы жазу YII ғасыр соңына қарай жазылған деп есептелінеді.

2. Қырғыз қағанаты дәуірі ескерткіштеріне Енисей жазбалары, Суджа жартасындағы жазу және Монғолиядағы бірнеше жартастағы YIII-X ғасырларда жазылған ескерткіштер жатқызылады.

3. Курыкан тайпалық одағы тұсындағы YIII-X ғасырлардағы ескерткіштер. Мұны Лена-Байкал тобы жазбалары құрайды.

4. Батыс Түрік қағанаты кезіндегі ескерткіштер - Жетісу және Ферғана тобындағы жазбалар (YIII ғ.).

5. Шығыс Түркістандағы ұйғыр мемлекеттерінің IX-X ғасырлардағы ескерткіштері қағазға түскен текстерді және турфандағы қабырғалардағы жазуды қамтиды.

6. Хазар қағанаты ескерткіштері тобына шығыс еуропалық руника, Жетісудағы таяқшадағы жазу және солтүстік Кавказдық рунаға ұқсас жазулар енгізіледі. Әрі осы мезгілде жазылған деп тұспалданады.

Мазмұны жағынан алғанда аталмыш жазулар түрік, ұйғыр және қырғыз ақсүйектерінің көрнекті өкілдері іс-әрекетін мадақтауға арналғаны байқалады. Кейіпкерлердің іс-әрекеті саяси оқиғалармен байланыста қаралады және кейіпкер өз атынан сөйлейді. Тоныкөк, Білге қаған, Күлтегін-ге арналған жазбалар түрік қоғамына арналған үндеу іспетті және де бұл үндеулердің мақсаты ешнәрсемен бүркемеленбеген: халықтың көзін жеткізгілері келеді. Тарихи материалдар іріктеліп беріледі. Салыстырып тексерген кезде (қытай жылнамаларында берілген тарихи оқиғалармен) оқиғалардың дұрыс баяндалғанына, бірақ толық емес екеніне көз жетеді. Бұл түсінікті де, себебі,

үгіттік құжатта бейтараптылыққа жол беру - ақылға сыймайтын нәрсе, сонымен көне жазба түрік ескерткіштері жанры бойынша былайша бөлінеді:

1. Үндеу, үгітгеу жанрында жазылған жазбалар. Олардың көп болуының өзі түріктерде сөздің шынайы күш болып есептелгенін көрсетеді.

2. Құлыптастық лирика. Жетісу және Енисей аңғарынан табылған ескерткіштер мазмұны сәйкес келеді. С.Е.Малов мұны көне түріктер дәуіріндегі "мазарлар поэзиясы" деп сипаттайды. Құлыптастағы қысқа қайрылған жазуларда кейіпкердің аты, шені, жасы, басынан кешкен оқиғалары (қандай жағдайға байланысты екендігі, мезгілі көрсетілмейді) баяндалады, сонымен бірге марқұмның жете алмай кеткен арманы жайлы айтылады.

3. Жартастағы, үй құрылыстарындағы өте келте жазбалар (Тайхир-чулу, Хэнтэй, Тоныкөк мазарындағы жазу және басқа да ұсақ жазулар). Бұларда автор өмірінің қандай да бір оқиғасы үзік-үзік беріледі.

4. Магиялық, діни және әдеби текстер. Қағазға жазылған жазбалар, мысалы: "Ырқ-бітік" жатады.

5. Іс-құжаттары берілген қағазға түскен жазбалар. Олар Дунь-хуаннан және Мираннан табылған.

6. Тұрмыстық заттардағы: айна, ыдыс, теңге т.б. жазулар. Онда шебердің, я болмаса зат иесінің аты немесе тілектер, өсиеттер жазылған.

Түрік тілдес халықтардың ежелгі әдеби ескерткіштерін тарихи-деректік, әдеби, тілдік т.б. қырынан танып-білуге катысты түйінді мәселелер аз емес. Соның бірі - ежелгі түрік әдебиеті дәуірін айқындау. Италияндық ғалым А.Бомбачи түріктер исламды қабылдағанға дейінгі (X ғ.) кезең түрік әдебиетінің ең көне кезеңі деп атайды, орыс ғалымы С.Е. Малов көне түрік текстері дегеніміз Y-XV ғасырлар аралығында Орталық Азияда жазылған ескерткіштер дейді. Белгілі лингвист-түркітанушы Н.А.Баскаков ежелгі түрік дәуірі YI-IX ғасырларды қамтиды деген болса, қазақ әдебиеті тарихының білгірлері де әрқалай пікірде.

Орхон жырлары ежелгі түрік тайпаларында ортақ әдеби дәстүрдің болғандығын байқатады. Бұл жырларды қазақ эпосы үлгілерімен, қазақ жыраулары шығармаларымен өзара салыстыра зерттеу нәтижесінде әдебиеттанушы ғалымдарымыз көне түріктердің ақындық, шешендік, даналық, көркем ойлай алушылық өнері ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға үздіксіз жалғасты деген тұжырым жасап отыр.

### **3. Түріктердің діни наным-сенімдері мен діни ескерткіштері**

Тәңіршілдік - монотеистік сипаттағы діни жүйе. Ол бір құдайды мойындайды және орталықтанған қаған билігінің, түрік империясының, кейіннен қағанат-тардың идеологиясы ретінде қызмет еткен.

Тәңірге табынудың идеялық негізі - табиғат заттары мен құбылыстарын жанды деп қарау болып табылады. Тәңіршілдік сана әр заттың иесі, жаны бар деп пайымдайды. Дүниенің барлық объектілері адам секілді, оларға сезім мен сана тән-мыс.

Тәңірге табыну алғашында дін түрінде емес, космологиялық түсініктер

мен идеялардың жиынтығы ретінде, табиғи құбылыстарға мінажат етумен байланысты пайда болады. Жеке бір халық қана тәңірге табынған десек кателік болады. Тәңірге сенудің терең тарихи тамырлары бар. Ол күллі дін атаулыдан бұрын пайда болған.

Тәңірі бейнесі б.з.д. бірнеше ғасырлар бұрын пайда болған Орталық Азиядағы ең көне мифологиялардан келіп шығады. "Тәңірі" атаулының шығу тегі ғұндардың "ченли" және қытайдың "тянь", тіпті шумерлік "дингир" сөздерімен байланыстырыла қарастырылады. Бұл сөздердің бәрі бір ғана мағынаны - аспан, мәңгі көк аспан дегенді білдіреді. Басқа құдайлардан айырмашылығы Тәңірі материяланбаған, ол - рух, бүкіл тіршіліктің иесі.

"Тәңірі - құдай", - деп көрсетеді Ш.Уәлиханов. Ұлы Абай да Тәңірі ұғымын "жасаған" ретінде көп қолданған. Тәңірінің "жасаған" ұғымына айналуы ҮІІ-ҮІІІ ғасырларда Орталық Азияда Түрік қағанатының пайда болуымен тығыз байланысты. Тәңірі идеясы Түрік қағанатының билігін уағыздап, дәріптеді.

Қоршаған орта, табиғат көшпелі түрік тайпаларының тұрмыс-тіршілігінің көзі ретінде маңызды рөл атқарды, бұған қоса олардың кәсіби қызметі, яғни малды күтіп-бағу табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді болды. Сондықтан да көне түріктердің діни наным-сенімдері табиғатқа табынушылық сипат алды.

Тәңір-құдайдың пайда болған уақыты қай кез деген мәселе бойынша оқымыстылардың пікірі бір ізді емес, француз ғалымы Жан-Поль Ру біздің заманымыздың аз алдында десе, қытайлық тарихшылар б.з.б. Ү-ІІІ ғ.ғ. дейді, ал белгілі лингвист-ғалым О.Сүлейменов Шумер ескерткіштері негізінде б.з.б. ІҮ мыңжылдықта пайда болған деген ойды ұсынады. Ол: "Ғайса пайғамбар туғаннан 4 мың жыл бұрын философиялық ілім ретінде қалыптасып, жер бетіндегі ең ескі ілімдер - семит және үнді-иран діндерінің анасы болып, ежелден мысыр діндеріне елеулі әсерін тигізген тәңіршілдік", - деп жазды.

Әуелгі түрік дәуірінің өне бойында Тәңірге табынушылық бүкіл евразия көшпелілері арасына тарайды.

"Биікте Көк Тәңірі,

Төменде қара жер, жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған", - дейтін Күлтегін жырының үлкен жазбасындағы жыр жолдары көне түріктердің Аспан және адам бір мезгілде жаралды деп түсінгендіктеріне меңзейді. Кеңістікті Жоғарғы, Орта және Төменгі әлем деп (жоғарыда- аспан, төменде- жер, екеуінің арасында адам) деп бөлу көрінісі байқалады.

Көне түріктердің мифологиясындағы ең жоғарғы сатыда бір объект- көк аспан және құдайды білдіретін Тәңірі бар. Тәңірі құдай көне түріктер түсінігі бойынша бірнеше сипатқа ие:

а) жоғарғыны, яғни көкті көрсетеді;

ә) жаратушы қызметін атқарады;

б) жазалаушы қызметін де атқарады;

в) еркектік бастаумен байланысты қаралады. Осыған орай, Күлтегіннің үлкен жазбасынан тағы да мысал келтірейік:

"Түркі халқы:

"Қырылайық, жойылайық" десті,

Ажалға жыжи бастады,  
Көкте түрік тәңірісі,  
Түріктің қасиетті жері, суы  
Былап депті:

"Түркі халқы жойыласын ", - дейді.

Орхон жазбалары мазмұны көрсеткендей, Тәңірі халыққа шексіз билік жүргізеді. Оның жердегі әмірін жүргізуші қағанның іс-әрекеті де тікелей Тәңірінің тілегімен астасып жатады.

Түркі халқының атақ-даңқы Өшпесін деп,

Әкем қағанды,

Шешем қатынды

Көтерген тәңірі,

Ел берген тәңірі

Түркі халқының атақ - даңқы

Өшпесін деп,

Мені қаған ешіп отырғызып еді.

...Көп қолмен он екі жорық, жасадым.

Сөйтіп тәңірі жарылқады.

Өзінің мәні жағынан Тәңірі монотеистік дінге жақын болды. Діни көзқарастардың дамуы барысында көк аспан сияқты Тәңіріні барынша күрделі құдай-космос-Тәңірі түсінігі алмастырады. Мұндай ұғымдағы Тәңірі өзіне космосты, оның көзге көрінетін бөлшектерін: күнді, айды, планетаны, жұлдызды, адамды, табиғат құбылыстарын, жан-жануарды, өсімдіктерді қамтиды. Енді табиғат культі және басқа культтер, наным-сенімдер, көзқарастар барынша күрделенген Тәңірі туралы ұғымға айналады. Тәңірі әрі рух, әрі дене, әрі олардың бірлігі секілді бейнеге ие болады.

Көне түріктер дәуірінде "Тәңірі" сөзі бірнеше мағынада қолданылады:

- 1) аспан, дүние бөлігі ретінде;
- 2) Құдай ретінде;
- 3) құдайланған адам ретінде;
- 4) әмір етуші, әмірші.

Осы политеистік мәнде Тәңірі аспанда, жерде, суда, тау мен жануарлар әлемінде де болса керек. Қазақтарда: "Көк тәңірі", "Жер тәңірі", "Аң тәңірі", "Су тәңірі", "Құс тәңірі" деген ұғымдар сақталған, барлық сөз тіркестерінде "тәңірі" сөзі "бұйырушы", "құдай", "билеуші" деген мағынаны білдіреді.

Көне түріктердің түсінігі бойынша жердегі өмірмен байланысы бар көк аспанның негізгі атрибуттары бұлар күн мен ай болған. Енисейлік құлыптас ескерткіштерде "көк аспандағы күн мен айды жоғалттым" деген сөздер жиі кездеседі. Орхон түріктері күнге қарап бағыт-бағдарды айқындаған.

Тәңірі бейнесі түркі тілдес халықтардың ғана рухани мұрасы емес, ол – Орталық Азиядағы барлық халыққа ортақ дүние. Көне мифологиялық шығыстық бейне қатарына жататын Тәңіріні алтайлықтар- "тенгри", буряттар- "тэнгри", сахалар- "тангара", тывалықтар- "дээр", шорлықтар- "тегри", монғолдар- "тэнгер", шорлықтар - "тура" дейді. Айтылуы әртүрлі болғанымен, мағынасы: барлық халықта бірдей: рух, алғашқы бастау дегенді білдіреді. Көне

қытай және шумер халқы түсінігінде де Тәңірі өмір мен игілікгің көзі болып есептелінген. Түркі, монғол және басқа халықтар түсінігінде Тәңірінің мекені - көк аспан, ол көк аспанның тұрғындарына иерархия тән. Сондықтан аспан тоғыз қабатқа бөлінеді. Әрбір қабат тағы екіге бөлінеді: жарыққа және қараңғыға, мейірбандыққа және әезілдікке. Бұл дегеніміз құдай мейірімді және қатал, құтқарушы және жазалаушы ретінде болады деген сөз. Ол бәрін көреді, шешеді, адам тағдыры да сол көктегі құдайдың қолында. Тәңіршілдік дінінің терең даналығы сонда, ол адамды кемсітпейді, қайта адамды ерлікке, жақсы іске қарай ынта-ландырады.

"Көне түрік дінінде түрік Тәңірісі бейбітшілік Тәңірісі болатын,- деп жазды зерттеуші ғалым О.Сүлейменов. Түрік дінінің өзегі больш табылатын ил (ел) сөзі "бейбітшілік" мағынасын беретін. "Елші, Елхан" "бейбітшілік қағаны" деген болатын. Түрік елхандары Манчжуриядан Мажарстанға дейін бейбітшілік орнықтырған, бейбітшілік саясатының бастамашылары еді.

Тоғыз қабат аспан әлемі туралы түсінік ұзақ уақыт бойғы даму сатысынан өткен және де өзге халықтар түсінігіне әсер еткені болса керек. Мысалы, монғолдардың түсінігінде аспан тоқсан тоғыз қабаттан тұрады, соған қарай Тәңірі атты 99 құдай бар. Ал еуропалық христиандар шығысқа тән дүниетанымды толық алмай, тек құдайыланған үштік Троица туралы түсінік қалыптастырған.

Көне түріктік құдайлар пантеонында да бірнеше Тәңірі болған. Бірақ олардың саны нақты қанша болғанын айту қиын. Әйтсе де осы бағыпта арнайы зерттеулер жарық көре бастағанын атап өткен жөн.

Тәңіршілдік діни жүйесінде маңызда орын алған Бұт тәңірінің бейнесі көне түріктер мәдениетінде қаған билігінің символын және қағандық (ер) пен қатундық (әйел) бастаудың бірлігі идеясын әйгілеген құдай болды деп түсіндіреді зерттеушілер Ю.А.Зуев пен Г.Е.Агелеуовтер.

Шумер-түрік мәдениетін салыстыра отырып, О.Сүлейменов тәңіршілдіктің өзекті идеясының бірі - қайта тірілуге сену болған, Монғолиядан Венгрияға дейінгі жалпақ, далада тізілген қорғандар басына қойылған тас әйелдер мүсіні - адамдарды қайта тірілтуші Тәңірі - Иштордың бейнесі, өлікті тәңіршілдік рәсімімен жерлеудің бірден-бір белгісі осы тас мүсіндер деп көрсетеді.

Көне түріктік пантеонда бақыт сыйлайтын тағдыр құдайы - Жол тәңірі болды. Жол тәңіріге ұқсас бейнелер үндіеуропалық мәдениетте де кездеседі. Мысалы, Пушан - жол құдайы, көкке баратын екі жолдың иесі, бар құпияның сырын біледі. Жол тәңірі қыпшақтардың мифологиялық бабасы Ақ төр, яғни Ақ жол бейнесіне ұқсайды. Қазақ хандарының билігі де «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және т.б. деп жолмен байланыстырылған. Көне түріктер Жол тәңірі құг-берекеге жеткізеді деп түсінген.

Ұмай ертедегі орталық және Орта Азияны мекендеген көшпелі түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке молшылық құдайы болған. Бұл әйел құдай көне түрік қорымдарында (пантеонында) ғарыш құдайы Тәңірден кейін екінші орын алған. Көне түріктердің ғұламасы Тоныкөкке арнап қойылған ескерткіште мынадай жолдар бар: «Бізді дәйім жебеп жүрген Тәңірі ием, Ұмай анам мен жер-суым».

Көптеген түрік халықтары тілінде де «Ұмай» мен «ұма» сөзі мағыналас. Олар баланың орны, жатыр, құрсақ мағынасында қолданылады. «Ұмай» сөзінің төркіні алтайша емген (ана), сахаша бие деген мағынаны береді [19].

Сонымен ежелгі түріктердің ұғымында Тәңірі аспандағы ер рөлінде көрініп, Ұмай - жер-ана болып қабылданған. Көне түріктердің Ұмай анаға табынуы Күлтегін, Тоныкөк жырларында байқалады. Мұнда қағанның әкесі Тәңірге, анасы Ұмай анаға теңестіріледі.

Көне түріктер ұғымында Отан сөзі қасиетті жер-су деп беріледі. Жер-су культіне байланысты түркілер таудың жартастың, өзен-көлдердің рухына сиынған. Тау культінің негізіне жерден, судан және көктен келетін үш қатерден сақталу әрекеті жатады. Әр рудың өзінің қасиетті тауы болады. Бірінші түрік қағанатының түріктері Гобидің оң жағындағы Бодын-Інлі тауын, ал екінші түрік қағанаты түріктері Өтүкенді (Моңғолия жеріндегі Хангай таулары) қасиетті, құт мекен деп қадыр тұтқан.

Бұл таулардың, өзендер мен көлдердің киелі аруағын қастерлеу емес, сол таудың, өзен мен көлдің өзін қастерлеп, құдірет тұту, яғни біз бұл арада табиғаттың рух-бейнесін емес, өзін тіріге санап, қастерлеу ісін көреміз.

Бабалар қалдырған жер-суды қастерлеу - жер-су культінің басты мазмұны. Орхон-Енисей жазбаларында бұл наным жер-суды иесіз қалдырмау қажет, әйтпесе жер-су киесі ұрады деп түсіндіріледі. Көне түріктер ұғымында жер-су адамның өзі өмір сүретін әлемді білдіреді. Түріктер табиғатқа табынған-дықтан өлген адамның денесін өртеп, жер ананың қойнына күл мен көмірін ғана жерлеген. Егер адам күзде не қыста қайтыс болса, әдет-ғұрыптарын жасап, көктемде жер көгеріп, шөп шығып, жапырақтар жайқала бастаған кезде жерлейтін болған. Бұл әдет наным-сенімінен табиғаттың төрт кезеңіне толық табыну байқалады.

Көне түрік жазба ескерткіштерінде адамдарға ажал жіберетін жер астындағы өлім құдайы Эркинг жайлы айтылады. Ол әрбір адамның жанын алып, өмірін қысқартатын құдай бейнесі ретінде ұғынылған.

Өлген адамды жерлеу салты дами келе өлік туралы түсінікті дараландыра түсіп, аруақ ұғымын туғызады. Кез келген құбылыстың "иесі", "онгоны" кейіннен аруаққа айналады. Әрине, адамның бәрі бірдей аруаққа айнала алмайды. Руға басшы, қамқор болған адамдар ғана аруаққа айналады. Демек, аруақ деп жүргеніміз табиғаттағы жанды-жансыз нәрсенің иесі, яғни Тәңірінің өзі. Көктегі Тәңірінің өзі, жер, су және Ұмай, олардың рухтарының барлығы аруақ, болып табылады. Сонымен қатар адамдар Ұмай ықыласы ауғанға көктен кемпірқосақ арқылы түседі деп ойлаған. Кемпірқосақтың өзі Тәңірі мен Ұмайдың қосақталған көрінісі. Өйткені кемпір сөзі кам (шаман) - пір (ана) дегенді айғақтайды.

Адамдар мен құдіретті күштер арасында жүретін қоғамдағы ерекше әлеуметтік топ шамандар болды. Шамандар көне түріктердің қоғамдық өмірінде маңызда рөл атқарған.

Шаман атауы көне түріктерге дейін белгілі болған. Бұған б.з.д. бірінші мың жылдықтың аяғына қарай ғұндарда шамандар болды деп мәлімдейтін қытай деректері куә бола алады, қытай тарихшылары шамандарды ву деп атаған. Қазіргі заманғы оқымыстылар бұл сөзді шаман деп нық сеніммен



аударып жүр. Қытай деректерінде ғұн шамандары "Жер рухына" құрбандық шалатыны турыла айтылады. Сондай-ақ ғұн жауынгерлеріне шамандар магиялық күштер арқылы жәрдем бергендігі баяндалады. Енді сөзіміз дәлелді болу үшін қытай деректерінен үзінді келтірейік: "Сюннулер өздері жүрген жолдың өне бойында, сонымен бірге асуларда қой мен өгіздерді жерге көміп, рухтардан хан әскеріне өлім жібермеуін сұрауды өтінген".

Шаман ғұрыпының бұл көрінісі тыва халқы дәстүрлерінде күні кешеге дейін сақталған. Тывалықтарда ғасыр басына дейін сақталған жол бойына тастан үйме қылып, оба жасау дәстүрі болған. Бұл дәстүрдің мәні- жол маңындағы жергілікті рух-қожайындардан ақ жол сұрауы. Рухтардың ниеті түзу болу үшін өгіздер тірідей тас қаланған, яки обалар жасалған жерлерге көмілген.

Мұндай "оба" деп аталған тас үймелерді жол бойына, асулы жерлерге салу көне түріктерге де тән болған. Бірақ көне түріктер мұндай жерлерде жануарларды құрбандыққа шалды ма, жоқ па беймәлім. Тарбағатай өңіріне дейін жеткен юебань тайпаларының шамандары 449 ж. жужандармен соғыс кезінде жауға соққы беру үшін нөсерлі жаңбыр, қарлы боран және су тасқынын шақырған. Жоғарыда келтірілген мысалдар ғұндарда шамандар болғанын және оның кейбір қызметі мен әдістері біздің заманымызға дейін келіп жеткенін дәлелдейді.

Қытай жылнамаларында жужандардан шыққан жас шаман әйелдің билеушінің (әміршінің) сарайында қызмет еткені, теле және ұйғыр тайпаларында шамандар қызмет ететіндігі және олардың найзағай түскен жерге құрбандық шалып, қойды көметіндігі айтылады.

Зерттеуші Ә.Қоңыратбаев шамандық көбіне тибет, моңғол, түрік тайпаларына тән дейді. Ғалым одан әрі: "Шаман діні Түрік қағанаты заманында толық туып қалыптасқан жоқ еді... Шамандық ұмай түрінде келіп, VІІ-ІХ ғасырларда жаңа нанымға айналады, оның басы бақсылар болғанымен, нағыз иелері - Қорқыт аталар, Бабай түктілер болған еді. Бұл культ Сыр бойында VІІІ-ІХ ғасырларда орнығады", - деп жазады.

Шамандық түріктерге қайдан келген деген мәселеге Ә.Қоңыратбаев былай деп жауап берген: "Рас, шаманизм буддизмнің бір мазхабы болған. Ол VІ-VІІ ғ.ғ. Үнді елінен Тибет пен Қытайға, содан соң түрік-моңғолдарға өткен".

Ал шамандықты зерттеуші тағы бір ғалым Л.П.Потапов бұған қарсы мынандай уәж айтады: "...көне будда дінінде үндістерге жануарларды союға, қан шығарып, құрбандық шалуға тиым салынды. Сондықтан шамандық Үнді елінен келді деген дұрыс емес".

Француз ғалымы М.Элиада (Шаманизм және оның жүзеге асу әдістері. Париж, 1951) өз еңбегінде көне дәуірде түріктерде шамандық дін ретінде болды десе, екінші бір француз оқымыстысы Жан-Поль Ру (VІІ-VІІІ ғ.ғ. Орхон түріктерінің діні. Париж, 1962) шамандықтың дін ретіндегі рөлін теріске шығарады.

Осы қарама-қайшы пікірлердің ішінде Л.П.Потаповтың көне түріктерге дейін ғұндарда, онан соң түріктердің өз арасында шамандар болды деуі қисынды сияқты.

Көне түріктер шамандығының сипатын генеологиялық аңыздардан

бастаған жөн. Бұл аңыздар Чжоу династиясының жылнамаларында баяндалады. Аңызда көне түріктердің бабалары ішінде қасқырдан туған Ичжининишыду атты кісінің рухтармен байланыса алатындығы, сондықтан аяқ астынан жел мен нөсерді болдыра алатындығы айтылады.

Француз түркологы, әрі лингвисті Жан-Поль Ру көне түрік текстерінде шамандық жайында айтылмайтындығын дәлелдеген. Ғұлама түрколог В.В.Бартольд "Түріктердің шамандық болғандығы даусыз, бірақ түріктің "кам" сөзі ешбір жерде кездеспейді", - деп жазды.

Алайда түркітанудағы осындай мәселелерді басқа деректерге сүйене отырып ашуға болады.

"Кам" термині ерте дәуірлерге жататын деректерде кездеседі. Ол туралы ең алғашқы мәлімет V ғасыр ортасында еуропалық ғұндарға байланысты кездеседі. Ғұндар жоғарғы шаманды "кам" деп атаған. Ата камның қызметіне халықтың шаруашылығына қай айлар мен жылдар қолайлы екенін білу кірген. VI-VIII ғасырлардағы Тан династиясы жылнамасында Енисей қырғыздары шамандарды "кам" деп атайды делінген. Шамандар мемлекет басқару ісіне ғана емес, мемлекет негізін қалауға, емшілік қызметін атқаруға т.б. қатысады.

Араб тарихшысы Васаф-шах түрік қағандары пайғамбарлық етті немесе алдын-ала оқиғаны жору қасиеттеріне ие болды деп хабарлайды.

Чжоу-шу жылнамасында: «Әр жыл сайын қаған ақсүйек адамдарын құрбандық шалу үшін Алтайдағы бабалар үңгіріне ертіп келеді, ал бесінші айдың ортасында Көк тәңірге арнайы құрбандық беру үшін өзен маңына жиналады», - делінген.

Зерттеуші Д.Банзаров шамандардың шығуы ежелгі замандардан бастау алатындығын айта келіп, қарапайым халық қана емес, билеуші қағандардың да оған деген сенімі шексіз болғандығын жазады.

М.Қашқари "кам" сөзіне былайша түсіктеме береді: балгер, емші, шаман. VI ғасырда византиялық елшілер Алтай шамандарының сәуегейлігі жайлы мәлімдесе, араб тарихшысы ат-Табари (VIII ғ.) хазар шамандарының жаугершілік кезінде нөсер жауын шақыра алатынын, ол үшін хазарлар ерекше ыдыс қолданатынын айтады. Хазар шамандары абыздық қызметпен қоса, сот қызметін де атқарған көрінеді.

Яғма түрік тайпаларында диат деген дәстүр бар екендігі, бұл дәстүрге сай магиялық ұлы- тастың көмегімен олар жауларына жел шақырып, жаңбыр, қар жаудыратыны жайлы М.Қашқари суреттеп жазғанды. Ұлы-тас жануарлар ішінен алынды. Оның әсер ету уақыты шектеулі деп есептелінеді. Сондықтан оны қайта қалпына келтіру үшін тірі құстың, жабайы немесе үй жануарының қарнында бір апта ұстайтын болған. Осыдан кейін ұлы-тас қайта дем жинайды деп саналған. Телеуіт шамандары ұлы тассыз-ақ жауын-шашын шақыратын болған. Алтай шамандары тек жауларынан кек алу үшін ғана емес, ауа райын реттеп отыру үшін де, мысалы, құрғақшылық кезінде жауын-шашын шақыру, ал бұлтты күндері оны тоқтау мақсатында ұлы-тасты қолдарына алып, Яда-сос, яши дұға оқитын болған.

Феофилакт Симокатта көне түріктер табынған объектілер от, су, жер, аспан және ауа деп атап көрсетеді. Византиялық тарихшы келтірген хабардың

бәрін бүгіндері зерттеушілер растап отыр, тек ауаға табыну жайлы мәлімет жоқ. Бірақ алтайлықтардағы көне дәстүрлерде жел, ауа есу, жел есу сияқты ұғымдар кездесіп отырады. Мысалы, желпуіштер арқылы құдіретті күштерге, рухтарға қайырылу. Желпуіш ретінде кейде қайың бұтағы, кейде төрт бұрышты шүберек қолданылды.

Жалпы, жел сөзі көне түріктерде табиғаттың құдіретті күштерінің бірі ретінде құрметтеледі. Шүберек кесіндісімен немесе жапырақты бұтақпен жел ескенде шамандар рух шақыруды мақсат еткен. Көне түрік жазбаларында желпіп отырған кезде бабалардың біреулеріне шамандық дарыны қоныпты делінеді. Құйын болғанда түріктер ашулы рухтар келді деп есептеген.

Шамандар желпу арқылы рухтарын шақырып, өзінен көмек сұрай келген адамға аурудың неден болғанын, малын кім ұрлағанын т.б. айтып береді екен. Желпу шамандық өнерін үйрену кезеңінде, яғни қолына дабыл алғанға дейін жүзеге асырылады. Ал жас шаман оны үйренерде тәжірибелі шаманның сүйемелдеуімен қасиетті таулар рухына барып тағзым ететін болған.

Шаманның маңызды міндетінің бірі өлгендердің рухын жер асты әлеміне шығарып салу болып саналған. Шамандық сенім түріктердің жерлеу ғұрыптарынан көрінеді. Орхон жазбаларында тәңірі сөзімен қоса балбал сөзі кездеседі. Тас мүсіндердің ерекшелігі сол, олардың бәрінің қолына ыдыс ұстатылған. Жалпы, түріктер қолында ыдысы бар тас мүсінге құдай секілді құлшылық еткен. Мұндай тастар көбіне молалар маңына қойылған.

Сонымен шаман дегеніміз табиғат сырын ұға алатын, басқалардан білімі көп, сиқырға жетілген адамдар болған, өзі ақын, музыкант, балгер және дәрігер болып саналған.

Шамандардың көне дәуірлердегі және жаңа замандағы әлеуметтік рөлі мәселесіне бүгіндері тарих, этнография, археология ғана емес, медицина, музыка, филология ғылымдары өкілдері де баса назар аударуда. Бұл жайт шаманның жеке басында көптеген қасиеттің, түрлі өнердің астарласып жатқандығын, дәлірек айтсақ күрделі қоғамдық тұлға екендігін білдіреді. Өкінішке орай, шаманның әлеуметтік, қоғамдық тұлғасы атеистік идеология әсерінен ұзақ уақыт зерттеуден тыс қалды.

Бурят оқымыстысы Д.Банзаровтың 1848 жылы жарық көрген "Монғолдардың қара нанымы немесе шамандық" деген еңбегін басшылыққа ала отырып, шаманизм деген ұғымға зерттеушілердің басым көпшілігі үстірт қарап келді. Тіпті, Шоқанның: "Осы шығарма соншалықты құнды болғанымен бұл еңбекті шамандық туралы толық дүние дей алмаймыз... Біздің ойымызша Банзаров шамандықтың негізі жайлы тіптен дұрыс шешімге келе алмаған, немесе дәлірек айтсақ, шамандық идеясын түсінбеген"- деген пікірі ескерілмеді.

Қазіргі таңда бұрынғы атеистік ұғымдардан санамыздың азат етілуі, ой еркіндігі ғалымдарға шаманизм деген дін бар ма, бар болса оның құдайы кім деген сауалдар төңірегінде мықтап ойлануды, бұрынғы кеңестік дәуірдегі исламға дейінгі наньш-сенімді байыбына бармай шамандық деген үстірт пікірлерге сын көзбен қарауды талап етіп отыр. Тарихта шаман деген не құдай, не пайғамбар болған жоқ- деп жазады шаманизм мәселесінде тың иікірлер айтып жүрген қазақ ғалымы Ғ.Есім.

Шаманизмнің дін емес, жеке іс-әрекет екенін кезінде айтқан ғалымдар болған. Ғылымда әлі күнге шамандықтың жалпыға бірдей қабылданған анықтамасы жоқ. Зерттеуші В.Н.Басилов шаманды адамдар коллективі мен құдіретті рухтар арасын жалғастырушы ретінде түсіндіреді. Көне дәуірдегі түріктердің шамандар жайлы нанымдары да осы ұғымға саяды.

Табиғат пен адам бірлігіне тұрпайы көзқарастан туындаған ұғым- тотемизм. Көне түріктерде бөрі түріктердің ата-бабасы ретінде басты тотем болып саналады. Осы күшті де еркін, ақылды жыртқышты түріктер "Көк құрт" деп атаған. "Көк құрт" деген атау "көк аспаннан келген құтқарушы" деген мағынаға ие болған. Көне түріктер өз ұрпағын құтқарып қалған бөріні қастерлеу ниетімен Тәңірінің қасиетті символын білдіретін "көк" сөзін қосып айтқан.

Бөрінің құтқарушылық миссиясын көне түрік аңыздарында, әдеби жазба ескерткіштерінде бейнеленеді. Көне түріктердің қасқырдан таралғаны туралы ежелгі аңыздар қытай жылнамаларында кездеседі.

Түріктердің арғы бабаларын Линь мемлекетінің жауынгерлері талқандайды. Тек бір он жасар бала аман қалады. Дұшпандар бала жас болғандықтан өлтіруге аяп, аяқ-қолын шауып, көлге лақтырып кетеді. Бұл жерде оны қасқыр қаншық тауыш алып, аяп кетіп, ет беріп асырай бастайды және аштықтан құтқарып қалады. Мұны естіген дұшпандар баланы да қасқырды да өлтіруге бел буады. Алайда қасқыр баланы алып, Алтай тауларындағы бір үңгірге әкеледі. Үңгірдің ішінде айналасы бір лиге созылып жатқан көкорай шалғынды жазық бар екен. Үңгірдің жан-жағын таулар қоршап жатыр екен. Осы үңгірде қасқыр баладан он ұл тауыпты. Бұл ұлдар ержетіп он тайпа ел болады. Ұлдардың бірінің аты Ашина, яғни "бөрі" деп аталған. Ол ерекше қабілеті және ақылдылығымен көзге түсіп, тайпа көсемі болады.

Н.Я.Бичурин келтірген келесі бір аңызда қасқырға байланысты былайша әңгімеленеді. Ғұндар көсемінің екі сұлу қызы болыпты, оларды күйеуге беруге қимаған көсем көк Тәңіріге бағыштауды ұйғарыпты. Сөйтіп жапан түзде үй тұрғызып, сол жерге қыздарын орналастырып, көктен қыздарын алуды сұрайды. Қыздардың кішісі сол үйді күндіз-түні торып жүрген қасқырға күйеуге шығып, ұл табады. Одан тараған ұрпақ көбейе келе бір мемлекет болыпты: сондықтан да бұл жерде адамдар қасқырдың ұлығанындай созылыңқы әнді жақсы көреді екен. Төле тайпаларының түп атасы осы қыздың қасқырдан туған ұлы болып саналған.

Зерттеуші Л.Н.Гумилев бұл қытай жылнамаларында келтірілген аңыздарда екі түрлі сюжет - мифологиялық және тарихи сюжеттер тоғысқан деп жорамалдайды. Бөрі бейнесі мифологиялық мәнге ие, ал түріктердің бір бөлігінің арғы аталары Алтайға қашып баруында тарихилық бар дейді.

Бөрінің құтқарушы ретіндегі рөлі "Оғыз-наме" жырында, "Эр-генеком" дастанында, татар халқының ақ қасқыр туралы аңыз әңгімесінде де бар.

Қасқырға деген тотемдік наным іздері қазақ ертегісі "Ақ қасқырда" да сақталып қалған. Онда тас үңгірде жас жігіт пен қасқыр үйленеді. Қасқыр күйеуіне 40 күнге шейін шыда, не көрсең де көнбіс бол дегенді. Осы сынына шыдаған ерін ақыры бақ-дәулетке жеткізеді. Қасқыр 40 күннен кейін сұлу қызға айналып, жақсы жар болады. Мұнда ақ қасқырдың бейнесінде көнеден келе жатқан

ұғым, нанымдар сақталған.

Көне түріктердің наным-сенімдерінде бөріден өзге де жан-жануарлар, аң-құстар маңызды рөл атқарады.

Аққу құс культі көне түріктер арасында кең таралған және тәңіршілдік дінінде ерекше құрметке ие болған. Зерттеуші В.Н.Басилов былай деп жазады: "Жоғарғы" әлемнің түрлі рухтары негізінен құс түрінде түсіндірілуі шамандық атаулыға тән құбылыс, аққу мен қаз шаманның аспан әлемін шарлауына жәрдемдесетін рухтары болып есептеледі және бұл ең байырғы ұғымдар еді".

Аққуға табыну өзінің бастауын ерте кездерден алатынын Обь өзені бойындағы неолиттік ер адам моласынан шыққан аққудың бас сүйегі (археолог М.П.Грязнов 1954 ж. қазған), Пазырық-қорғанынан (таулы Алтайдағы) шыққан киізден жасалған төрт аққу бейнесі және қытай жылнамалары мәліметтері аңғартады.

Көне түріктердің шығу тегі туралы аңыздарда олардың бір тармағы өздерінің арғы тегін аққумен байланыстыра қарайтындығы айтылады. Бұлар Солтүстік Алтайды мекендеген қу деген ат алған тайпалар болатын. Г.Е.Грумм-Гржимайло түріктің қу деген сөзі аққу деген мағынаны береді, Лебедь өзені бойында тұратын түріктер өздерін қазір де "қу-кісі" деп атайды, бұл "Аққу өзені бойы адамдары" деген ұғымды білдіреді деп көрсеткенді.

Аққу культі түрік тілдес тайпалар арқылы өзге жерлерге таралған. Мысалы, хориндіктерге (буряттарға) аққу тотемін Орталық Азияда өз үстемдігін орнатқан түрік тайпалары ала келсе керек деген болжам бар. Бурят халқы әлі күнге аққуды киелі құс санайды, сондықтан оны ату және етін жеу үлкен қылмыс болып есептелінеді.

Ә.Марғұлан: "Қудың даусы - жаратылыстағы құлаққа әдемі естілетін ең сұлу үннің бірі. Екіншіден, аққу киелі құс, оны ешқашан атып өлтірмейді (табу), ... тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі болуға тиіс", - деп жазды.

Аюға байланысты аңыз буряттарда сақталып қалған. Ертеде аю адам секілді кейіпте болған. Ол аңға шыққанда мол олжа әкелетін сиқырлы күштің де иесі екен. Бір күні көре алмаған досы оның киім-кешегін қызғаныштан жағып жіберіпті. Сонда ол бұл қорлыққа шыдай алмай, аюға айналып, тайгаға аң аулауға кетіп қалыпты, содан бері адам кейпіне келе алмай жүр екен.

Алтай-саян түріктері мен буряттарда аюдың бас сүйегін зұлым рухтарды үркіту үшін үйдің босағасына, я шатырына іліп қою, ол аюдың өзге дене мүшелеріне емдік және магиялық күшке ие деп қарау ғұрпы сақталған. Буряттар аю культіне байланысты көптеген элементтерді саян-алтайлық түріктерден қабылдап алған.

Көне түріктерде итке байланысты нанымдар да болды. Ит, әсіресе, жерлеу ғұрпында үлкен орын алған, себебі, ит өлген адамның рухын қорғайды деген ұғым болған.

Қойға табыну Сыр өңірінде ерте кезде-ақ орныққан. Зерттеушілер бұл бейне зороастралық фарнға байланысты шыққан деп түсіндіреді. Түрлі халықтарда фарн соңғы кезге дейін молшылық, байлық-береке, отбасы амандық-саулығын білдірген. Қойға табыну оғыздар мен түрікмендердің

арасында кең таралған және ол белгілі бір рудың немесе тайпаның қамқоршысы ретінде құрметтелсе керек. Шамандар қойды құрбандыққа шалып, оның қанымен науқас адамды ырымдаған.

Қой мен қораз түрік тайпалары түсінігінде маңызды орын алды. Қораз мейрімді құдайдың ең жақын көмекшісі ретінде адамдарды зұлым күштер қаупінен сақтаушы (Авестада) бейнесінде ұғынылды, сондықтан да балалы үйлерде қораздың болуы қажет еді. Калалы ортада қой мен қораз белсенді түрде енгізілді.

Ер қанаты болып табылатын ат та көне түріктерде аса жоғары әспеттелген. Орта ғасыр дәуіріндегі жауынгерді атсыз елестету қиын. Аттылы жауынгерді дәріптегені сонша - көне түріктер өлген жауынгермен атын бірге көму дәстүрін ұстанған. Жауынгердің сәйгүлігімен бірге жерлеу дәстүрі о дүниелік өмір ғұрпымен де байланысты.

Атты жауынгер бейнесі негізінен құдай кейпіндегі батыр-баба ретінде ұғынылған. Үздіксіз соғыстар мен шапқыншылықтар салт атты жауынгерді дәріптеу культі маңызды орын алған ерекше идеологияны туғызды. Аттылыны әспеттеу идеологиясы шапқыншылықтың толастамауына байланысты қалыптасты.

Батырдың атын шығарған сәйгүліктердің де әспеттелген, құрметті атауы болған. Мысалы, Күлтегіннің ескерткішінде оның астындағы жүйріктері- Байырқу, Алып Шалшы, Оқсыз дәріптеле еске алынады.

Көне түріктердің сәйгүлікті пір тұтуы олардың заң жүйесінен де байқалады. Сәйгүлік ұрлағандарға өлім жазасы секілді аса қатаң шара қолданылған.

Бүркіт секілді қыран құсты пір тұту күн мен оттың культіне байланысты шыққан. Бүркіт адамдарға күннен от әкеліп беруші ретінде қастерленген. Осыған байланысты түрік-монғол халықтарында өзінің шыққан тегін бүркітпен байланыстыру ғұрпы да орын алған. Мысалы, меркіттер күн күркірегенде ақ киім киіп, боз атқа мініп, "Мен меркітпін" деп айғайлап шабады екен. Осылайша өзінің бүркіт руынан екенін білдірсе, найзағай мен күн күркіреуін тоқтатады деп сенген. Найзағай аспанның, я күннің ашу-ызасынан болады деп ұққан.

Батыс Түрік қағанаты жерінде болған Сюань-Цзань түріктерді отқа табынады, сондықтан олар ағаш кереуетті қолданбайды, ағашта оттың бөлшектері бар деп есептейді. Отқа табынғандықтан ағаштан жасалған нәрсеге отырмайды, олар қабаттап төселген киізге отырады деп жазды.

Византия елшісі Земарх қытайлық тақуа Сюань-Цзаньнің мәліметтерін одан әрі нақтылай түсіп, түріктердің отпен аластау, тазалау ғұрпы бар екендігін хабарлаған.

ҮІІ ғ. қырғыздар жайлы парсы тарихшысы Гардизи: "Қырғыздар үндістер секілді өлген адамды өртейді және былай дейді: "От ең таза нәрсе. Оған түскеннің бәрі тазарады: өлген адам да от арқылы жамандықтан және тірі кезінде жасаған күнәсінен тазарады",- деп жазады.

Бұдан сонау тас, қола дәуірі тайпалары кезінен бастау алатын отқа табыну көне түріктердің де өмірінен нық орын алғандығын байқау қиын емес.

Кейбір ғалымдар отқа табыну көшпелілер әлеміне зорастримз діні

арқылы келді деген пікір айтады. Алайда, ғаламның төрт элементін - суды, отты, жерді және ауаны құрметтеу тән болып келетін зороастризм дінінің өзі қашан, қай жерде пайда болды деген сауалға орай дүние жүзі ғалымдары бір ауызды пікірге келе алмай отырғандығын да айта кеткен жөн. Түрікмен оқымыстысы С.М.Демидов көне Түркменстан жеріне зороас-тризмнің терендей, әрі кең жайыла таралуына күмән келтіреді. Ғалымның ойынша, түрікмен жеріне көне дәуірлерде Ахура Мазда культі, дуализмге негізделген діни жүйе-маздеизм кең таралған.

Спитама руынан шыққан Поурушасппының баласы пайғамбар Заратуштра өзі шығарған он жеті ұлы гимн- Гаталармеи әйгілі болған. Гаталар жасалған уақытты зерттеушілер б.э.д. VII ғ. деп есептейді және гаталар зороастризмнің киелі кітабы - Авестаның өзге бөлігінен түрі мен мазмұны бойынша орасан өзгешелігімен ерекшеленеді.

Ә.Марғұлан кезінде Авестаны жазған Әмудария мен Аралды мекендеген ғұндар (кердері, абдалдар) еді деген пікірді ұсынғанды. Ал зерттеуші Х.Г.Көроғлы Авестаны Орта Азияны, Кавказды, Үнді елдерін мекендеген халықтардың ауыз әдебиетінің жинағы деп көрсеткен болатын.

Авестаның негізгі идеясы - жарық пен түнек бастауларының дуализмі. Бірінші бастау жарық пен жақсылықтың бейнесіндегі рухтар- ахуралар болса, екіншісі түнек пен зұлымдықтың рухы кейпіндегі - дэвтер. Алғашқысының басында Ахура Мазда тұрса оған Анхра Майнью қарсы тұрады. Ахура Мазда культі құдай ретінде Заратуштрадан көп бұрын пайда болған.

Неміс иранисі Г.Хумбахтың көрсетуінше, Заратуштра өзіне дейінгілердің дуализм туралы түсінігін одан әрі дамыта түсс керек. Заратуштра әрбір индивидуум зұлымдықты жеңіп, барлық бақташылар тең болатын мейрімділік патшалығын орнатуға, сөйтіп сүт аққан өзендері бар жұмақты жер бетінде жасауға қатыса алады деген ілімді негіздеген.

Көпшілік мүддесін қорғау нышандары бар Заратуштра уағыздарын көне түріктердің арасына VI-VII ғ.ғ. соғдылар әкелген делінгенімен, оның элементтері одан ерте уақытта, сақ-массагет тайпалары кезінде орын ала бастағандығы байқалады.

Б.Гафуров, К.В.Тревер, В.В.Струве, С.П.Толстов, А.Рапопорт, Г.Н.Снесарев секілді белгілі ғалымдар бұл дінді көршілес жатқан Орта Азия және Қазақстанмен байланыстыра қарастырады. Олар бұл өңірді зороастризм тамырын тереңге жайған аймаққа жатқызады. Белгілі ғалым С.П.Толстов өзінің "Ертедегі Хорезм" деген еңбегінде: "Сырдария мен Әмудария аралығындағы алқап зороастризм дінінің ең алғаш қалыптасып, толысып, берік жүйеге келген жері", - деп жазады [32].

Көшпелі халықтың әр этникалық тобында өзіне тән рулық қорым (зират, мола, бейіт) болатыны мәлім. Ата-баба жатқан рудың зираты қауым мүшелерінің барлығының баратын түпкі мекен-жайы ғана емес, осы зиратта жерленген адамдар "О дүниеде" де тұрақтайтын кеңістік болып есептелген. Ру қауымы жеке адамның әлеуметтік болмысын түгелдей билеп алғаны соншалық, ол ру қауымның тыс өмірі болмайды деп санаған. Сондықтан да ол "о дүниенің" өзі рулық сипатта болады деп пайымдап, өз руының адамдары жатқан қорымда

жерленгенін мақұл көрген. Сол себепті де елден шалғай жерлерде қазаға ұшырағандарды жақын туыстары ру қорымына әкеліп жерлеуді парыз санаған. Әйтсе де көшпелі тұрмыс рулық қорымға әкеліп жерлеуге жағдай туғыза бермеген.

Теле тайпалары өлген адамдарын табытқа бөліп, тауға апарып тастайтындығы немесе биік ағаш басына іліп қоятындығы қытай жылнамаларында айтылады. Зороастризм діни қағидасында да өлікті уақытша жерлеу сүйекті етінен ажырату үшін қолданылады да, ақ сөңке болған сүйек ассиуриум, омадон деп аталатын арнаулы қыш құмыралар мен жәшіктерде сақталады.

Сүйек қастерлеу ата-бабаның рухына табынуға сай келеді де, бұл салттың зороастризм дінінің негізгі шартынан табылуы көшпелі мәдениетінің зороастризм дінінің қалыптасуына тигізген әсерін айқындайды. Бұл мәдениеттің бір жағы. Ал оның басқа жағы да бар. Мәселен, отқа табыну да зороастризм дінінің басты бір бөлігі. Бірақ бұдан отқа табынуды көшпелілер әлемі зороастризм діни арқылы білді деген тұжырым тумаса керек. Өйткені, отқа табыну жаңа тас ғасыры мен қола дәуірінің алғашқы діни ұғымдарының негізі болған. Сондықтан да кейбір ғалымдардың көшпелі халықтар отқа табынуы зороастризмнен үйренеді деген тұжырымы көңілге қона бермейді.

Зороастризм дінінің ескерткіштерін, яғни от жағатын мұнаралар қалдығы, ғибадатханалар және жерлеу ғұрыптарына байланысты заттай деректер Соғды, Мерв, Самарқанд, Хорезм, Шаш, Сыр және Жетісу аумағынан табылған.

Алайда бұл жерлерде зороастризм дінінің канондық түрінен айырмашылығы бар ерекше түрі таралған. Ол жергілікті наным-сенімдермен тығыз аста-сып кеткен.

Көне түріктер дәуірінде зороастризм және басқа әлемдік діндердің түріктер арасына таралуында көп рөл атқарған соғдылық миссионерлер болды. Соғдылықтар іскер, әрі білімпаз халық болған және қытайлық саяхатшы Сюань-Цзанның айтуына қарағанда, Суябтан Кушан патшалығына дейінгі жерді алып жатқан елді мекен еткен. Зерттеушілер оны, яғни Согдиона немесе Соғдыны қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан территориясындағы, Зеравшан мен Қарадария өзендері бойындағы тарихи аймақ деп көрсетеді. IV-VIII ғ.ғ. Соғды жерінде көптеген автономиялы патшалықтар өмір сүрген. Шығыстың мәдениет және экономикалық өмірінде Соғды маңызды орын алды. Мервтен Қытайға және Моңғолияға дейінгі керуен жолдары бойында соғдылықтардың көптеген сауда-егіншілік тұрақтары болған. V-VIII ғ.ғ. Жетісу, әсіресе Шу өзені аңғарына соғдылықтардың үлкен толқыны қоныс аударады. Соның нәтижесінде VI-VIII ғ.ғ. Шу аңғарында 18 ірілі-ұсақты қалалар мен елді мекендер, негізінен соғдылықтар, түріктер, сириялықтар, парсылар мекен еткен пайда болады. Суябта болған Сюань-Цзань онда әр елден келген саудагерлер араласып-құраласып тұрып жатқандығын мәлімдеген.

Көне түріктер заманында Жетісуға соғдылықтардың көптеп қоныс аударуын да зерттеушілер сауда қарым-қатынасының дамуымен байланыстыра қарастырады.

Шығу тегі арамейлік соғды тілі халықаралық қарым-қатынас тілдерінің бірі ретінде түрік мәдениетіне өз әсерін тигізбей қоймады. Түріктер мен



соғдылықтардың бейбіт қатар тіршілік кешуі иран-түрік мәдениеттерінің де тоғысуына алып келді. Түрік-соғды қарым-қатынасының беки түсуі қытай секілді көрші елдердің аландаушылығын туғызбай қоймаған.

Шығыс Түрік қағанатында болған бір қытайлық шенеулік өз императорына түріктер өздері аңғал көңілді және көреген емес, олардың ішіне іріткі салуға болады, бірақ өкінішке орай, олардың арасында қу да зұлым соғдылықтар көп тұрады, солар түріктерді үйретіп бағыттап отырады деп мәлімет жеткізген. Бұл мәліметтің астарына бағдарлап қарағанда, соғдылықтар түрік-қытай ішкі-сыртқы қарым-қатынасында "үшінші күш" ретінде орын алғандығын аңғаруға болады. Түрік қағандары соғдылықтарды "тат", яғни тәуелді адамсалық төлеушілер деп атаған. Алайда Батыс түрік қағанатының экономикалық өмірінде, соның ішінде ақша эмиссиясына соғдылықтар бақылау жасағаны ҮШ ғ. Түрік, Түргеш қағандарының Суябтан табылған теңгелерін соғды шеберханаларында әзірленіп, соғды жазуымен көркемделуі байқатады.

Соғды тілінде тек теңгелер емес, сонымен бірге буддистік, христиандық, манихейлік діни уағыздар да жазылып түріктер арасына таралды. Арабтар Мауераннахрды жаулап алғанда көптеген қалалар қирап, бүлінгенде, онда мекендеген зороастризм, манихей дінін тұтынушы соғдылықтар Жетісуға және Шығыс Түркістанға қоныс аударады. Оның үстіне соғдылықтардың керуен жолдары бойына жағалай қоныстануы олардың будда, манихей, христиан, ислам діндерін тарату миссиясына алғы шарт жасап берді.

Б.з.б. VI ғасырда Үндістан жерінде пайда болған ең ежелгі әлемдік діндердің бірі - буддизмнің көне түріктер арасына таралуында соғдылық миссионер қызметі жоғары қойылады.

Біздің заманымыздың I ғасырында-ақ буддизм Орталық Азияның оңтүстігінде кеңінен таралған болатын. Кушан патшалығында тіпті ресми дін ретінде танылғанды. II-III ғасырларда Шығыс Түркістан мен Қытайға буддистік миссионерлердің үлкен толқыны аттанады. Дәл неге осы кезде буддизм табанды насихатталды дегенге ғалымдар бұл діни ұмтылыстың сыртында Кушан мемлекетінің саяси пиғыл-мақсаттары жатса керек деп топшылайды.

Буддизм миссионерлер арқылы Шығыс Түркістаннан Монғолияға, Тибетке, Қытайға, әрі қарай Жапония жеріне дейін жеткен.

IV-V ғасырларда Шығыс Түркістанда тұратын ашина түріктер будда дінін ұстанушы отырықшы оазис халқымен етене жақын байланысқа түсті.

VI ғасырда түріктерге буддизм әсері өте күшті болғанға ұқсайды. Бірінші Түрік қағанатының қағаны Мұқан (553-572 ж.ж) билікке келген алғашқы жылдарыақ буддизмді ресми дін етіп қабылдауға қадам жасағаны белгілі. Барлық "ұлы" діндердің ішінде буддизм түрік ақсүйектері ортасында неғұрлым ертерек танымал болса керек. Бұған буддистік миссионерлердің белсенді қызметі әсер еткені байқалады. Мәселен, Мұқан қағанның орнына билікке келген Таспар қаған (572-581 ж.ж) өзі жақын араласқан буддистік монах Хуэйлиннің ықпалымен будда дінінің таралуына көп жағдай жасаған. Шығыс Түркістан жерінен табылған Бұғұт жазбасының мәліметіне қарағанда, Таспар қаған буддизмді мемлекеттік дін ретінде енгізуге әрекеттенген. Қытай деректерінде оның буддизмді уағыздаушы үнділік Чинагуптаны еліне шақырып, монастырь

салдырып, будда қауымын құрғандығы айтылады. Таспар қаған қытай императорынан буддистік тақырыптағы шығармаларды беріп жіберуді өтінген. Оған жауап ретінде "Нирванасутра" түрік тіліне аударылып, қағанға жіберіледі. Таспар қаған буддистік жөн-жоралғыны қатаң ұстай отырып, өз төңірегіне будда дінін ұстанушы соғдылықтарды көптеп топтастырған. Зерттеуші В.А.Литвинский де Орталық Азияда будда ілімін таратуда соғдылықтар маңызды рол атқарды деп көрсетеді. Бұғұт жазуының соғды тілінде будда сутрлеріне тән мақаммен жазылуы да осыны айғақтай түседі.

Таспар қағанның буддизмді ресми түрде қабылдауы император У-дидің тұсында Солтүстік Чжоу мемлекетінде бұл дінді қудалау басталғанда бірден жүзеге асқан еді. Солтүстік Чжоуды тастап шыққан атақты миссионер монах Чинагупта өзінің жолдастарымен түріктер елінде он жылдай (574-584) қағанның ордасында тұрып буддизмді табысты насихаттаған.

Зерттеушілер С.Г.Кляшторный мен В.А.Лившиц Бірінші Түрік қағанаты құрылған кезде бастап-ақ оны билеушілер кең байтақ жерді алып жатқан, рулық құрамы да әртүрлі империяны басқаруда әскери ғана емес, идеологиялық фактордың да рөлі зор екендігін жете түсінді, сондықтан буддизмді ортақ идеологиялық бірлікті жасай алатын діннің әмбебап түрі ретінде қабылдады дейді.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Жетісу жерінен бірнеше буддистік дәстүрмен қойылған зираттар және ғибадатханалар табылады. Қазақстанның оңтүстігінде VІІ-VІІІ ғасырларда буддистік ғибадатханалар салу ісі қанат жайса керек. Ыстық көл маңында көшіп-қонып жүрген тайпалар от пен аруақтарды пір тұтуды жалғастыра берген.

Қытайлық саяхатшы Хуэйчаоның мәлімдеуіне қарағанда, VІІІ ғасырдың басында батыс түркілердің басым бөлігі будда ілімінен хабарсыз болған және монастырь, монах дегеннің не екенін білмеген.

Қытай деректерінде Шығыс Түрік қағанатының билеушісі Білге қағанның өзінің кеңесшісі Тоныкөкке буддистік ғибадатхана салғысы келгендігін айтқаны жайлы мәлімдеген. Тоныкөк будда ілімінің түріктердің жаугерлік қабілетіне нұсқан келтіретінін тіге тиек етіл қарсы болған. Бұл данышпан Тоныкөктің мәдени байланыстарға қарсылығы емес, керісінше, түрік мәдениеті доминанттар мәдениетінің ықпалында кетпеуі үшін күресуі еді.

Мұсылман дінін қабылдаған кезеңге дейін көне түріктер біршама уақыт христиан дінін насихаттаушылар ықпалына да түсті. Көне түріктерге христиандық ойдың несториандық бағыты танымал болған.

Христиан дінінің несториандық тармағы ең әуелі Византияның сол кездегі бір провинциясы- Сирияда, православие шіркеуінде пайда болған. Оның негізін қалаушы- Нестори (б.э.б. 380-450 ж.ж.). 428 жылы Рим патшасы оны Византиядағы Константинопольдің патриархы етіп тағайындайды. Ол христиан дінінің дәстүрлі қағидаларына қарсы шығып, "құдай-адам" жайлы мистикалық ұғымды сынайды. Ол христиан дініндегі ортодоксты діни ілім адам мен құдай бір жаратылған деп есептейді. Сөйтіп, Нестори және оны жақтаушылар "дін бұзарлар" деген атпен айыпталып, шіркеуден қудаланған. Олар содан Кіші Азия, Иран, Орталық Азия жерлеріне кетіп сонда дін таратады.

Оның пікірін жақтаушылар несториандар деп аталады. Несториан діні осылайша бүкіл шығысқа кеңінен таралып кеткен. Бұл дінді таратушылардың көбі сириялықтар болған [33].

Мұсылман авторлары VIII-IX ғасырларда Самарқандта, Бұхарада, сондай-ақ Жетісуда христиандар болғандығын хабарлайды. Көшпелі түріктер арасына христиан діні Батыс Азиядан келген және Орталық Азияның отырықшы аймақтарының, Мауреннахр және Хорасандағы христиан миссионерлері арқылы таралған деп топшылау орынды. Өйткені, бұл кезде Ұлы Жібек жолының бойындағы басты саяси және экономикалық билік Түрік қағанатының қолында еді.

Қырғыз мемлекетінің территориясынан VI-IX ғ.ғ. жататын руна ескерткіштерінің тоғызынан крест символының табылуы, оның Жетісу жеріндегі крестерге ұқсастығы және жерлеу ғұрындағы өзгерістер Енисей бойында да несториан дінінің таралғандығын білдіреді.

IX ғасырда Жетісуға енген ислам бірте-бірте несториандықты ығыстыра бастайды. Орталық Азияның оңтүстігінде Саманидтер әулетінің саяси қысымының күшеюі де бұған оңтайлы жағдай туғызады. Таразға жорық жасаған Исмаил Самани 893 ж. қаланы басып алғанда, Тараздың билеушілері исламды қабылдап, мұндағы үлкен шіркеу мешітке айналдырылады.

IX-X ғасырларда христиандық Шығыста да тоқырау кезеңін бастан кешеді. Алайда христиандық дәстүр ұйғырларда моңғол шапқыншылығына дейін жоғалмаған. X ғасырда Ақсу мен Кочодо ұйғыр-несториандар болғандығын араб саяхатшысы Абу-Дулеф, XIII ғасырда ұйғыр-несториандар туралы еуропалық саяхатшылар П.Карпини мен Г.де Рубрук жазып қалдырған.

Өздерін бір халықпыз деп сезінетін түріктерде, түрік еліндегі діни синкретизмді, яғни көп турлілікті қалай түсіндіруге болады? Көне түріктердің билеуші қағандары неге жат жерлік ілімді мемлекеттік дін ретінде қабылдауға қадамдар жасаған? Мәселені осылай қоя отырып қарағанда, оның түп-төркіні саяси экономикалық ахуалдармен және ішкі мемлекеттік жағдайлармен байланысты екендігін аңғаруға болады.

VI-IX ғасырларда түріктер Батыс пен Шығысты жалғастырушы ел ретінде өз жері арқылы үздіксіз ағылып жатқан сауда керуендерін қабылдап, өздері де көрші елдерге қатынап тұрған. Сауда-саттық қатынастар барысында өзара мәдени, діни көзқарастардың алмасуы - табиғи құбылыс.

Әуелгі ортағасырларда түріктер елі арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы қызметі барынша қарқын алғанды. Идеологиялық және саяси ілімдері қисынды жүйеге қойылған түрік қағанатын да бөтен жердің діні үшін орын болмады. Әйтсе де керуен жолдарымен және сауда-саттықты қалалармен тығыз байланыста болған көшпелі түріктерде бүкіл жер жүзіне тауарлармен бірге таратылған идеялар шөгіп қалып отырды. VIII ғасырда барлық жерде де-шығыста, солтүстікте және батыста тайпалар бөлшектеліп, ыдырап, жаңа қисында бірлесіп жатты. Уақыт дін тұту бойынша бірлесу принципін алға тартты.

Түріктер өз дүниетанымын мемлекеттік деңгейге дейін көтергендіктен христиан дінін насихаттау түрік қағанаттарында болмашы ғана нәтиже берді, ал буддизмді үнді және қытай мәдениетінен нәр алған аздаған адамдар

ғана қабылдады.

ҮІІ-ҮІІІ ғасырларда бүкіл Азия жаңа діндерді тарататын аймаққа айналды. Батыста ислам, шығыста буддизм, солтүстікте несториандық христиан діні мен манихейлік орын алды. Қалыптасқан саяси ахуалдарға орай діни наным-сенімдерді идеологиялық құралға айналдыру дәстүрі ортағасырлық мемлекеттер тарихында орын алғандығы байқалады. Мысалы, хазарлар Византия мен Араб халифатының діни ықпалынан құтылу үшін ІХ ғасыр басында иудей дінін қабылдаған. ІХ ғасырдың екінші жартысында хазарлар мұсылман хорезмдіктерден әскери және экономикалық көмек ала отырып, ислам дінін қабылдаған.

Арабтардың Орта Азияны жаулап алуы ҮІІ ғасыр ортасында басталған болатын. Арабтар 644-704 жылдары Хоросанды, Тохаристанның сол жағалауы бөлігін басып алып, Мауераннахрға тереңдей енген еді. Араб жаулап алуы қарсаңында Орта Азия мен Қазақстанның көп бөлігі Батыс Түрік қағанаты құрамында болды. Арабтардың Орта Азияны жаулап алуы бір ғасырға жуық уақытқа созылған. Мауереннохрға исламды орнықтыру Хоросандағы араб помещнигі Кутейба ибн Муслим (705-715жж.) кезінде жүзеге асты.

Орта Азиядағы саяси бытыраңқылық пен діни синкретизм ҮІ-ҮІІІ ғасырларда арабтардың табысқа жетуіне септігін тигізді. "Арабтар өз тарапынан түркештерді өздерінің одақтастары етуге әрекеттенді. Бірақ олардың осы орайдағы тәсілі басқа, яғни исламды насихаттау болды. Халиф Хишам (724-743жж.) Сұлуға мұсылман дінін қабылдауды ұсынып, оған осы дінді уағыздаушысын жібереді. Түркеш ханы діні бірлік халифке не үшін қажет болып отырғанын өзінің, жақын білетіндігін аңғартты. Хан елшісінің қатысуымен әскерлерінің байқауын өткізді".

Арабтардың өздерін жаңа дінге тарта отырып, әскери және экономикалық мақсаттарда пайдалануды көздегенін білген Сұлу қаған халиф әскерлеріне қарсы күрес жүргізіп, олардың ілгері жылжуын тоқтатты, әрі арабтар тарапынан "сүзеген" деген атқа ие болды.

ҮІІІ ғасырдың екінші жартысы Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың, соның ішінде түрік тайпаларының да, арабтарға қарсы күресіне толы болды.

Исламның Орта Азияда орнығуы ІХ ғасырдың ортасы- X ғасырға жатқызылады. Бұл кезде араб-мұсылман әлемі Қытайдан Пиреней түбегіне дейін созылып жатты. Түріктер арасына исламның таралуында сауда, миссионерлік насихат, экономикалық жәрдем беру, салықтан босату секілді т.б. бейбіт шаралар да кеңінен қолданылды. Ислам да жергілікті наным-сенімдерге бейімделе қанат жайды. Әулиелер культі, мола басына шырақ жағу, наурызды тойлау т.б. мұсылмандыққа дейінгі әдет-ғұрыптарды ислам өз бойына сіңіріп алды.

Мұсылман әлемінде түріктердің орны өз алдына жеке тақырыпқа арқау болатын мәселе. Дегенмен, зерттеушілер арасында түріктер исламды қалай қабылдады: өз еркімен бе, әлде күшпен бе деген талас бар екенін айта кеткен жөн. Түріктер өздері жаулап алушылар ретінде мекен-жайларына келіп кіргеп халықтарға қолайлы тіршілік жағдайын жасауға тырысқан.

Мұсылмандар түріктермен жолығыса жүріп, олардың өз айналасындағы халықтармен ортақ тіл таба білетін ғажайып қасиетін атап өтеді. Олар бұл қасиетті жаңа елге женушілер есебінде ме, әлде мейман есебінше ме, жалдамалылар немесе әскери тұтқын-құл ретінде келе ме - бәрібір, әйтеуір ұдайы көрсетіп, кез келген жағдайда да олар басқа халықтардың өкілдеріне қарағанда іс-әрекеттің барша саласында табыспен алға жылжуды ойдағыдай жүзеге асырып отырған.

#### **4. Түріктердің әскери өнері, тарихи және жағрапиялық түсініктері**

XII ғасырда тарихшы Фахреддин Мұбаракшахтың түріктер бойынан байқаған мына бір жайттарын көне түріктерге де толық қолдануға болатын секілді. Ол былай деп жазады: "Түріктер үлесіне тиген атақ-даңқ пен табыстың себебі неде? Түріктер өз елінде, ағайындары арасында жүргенде, басқа да түрік руларының ішіндегі бір ру ғана болып саналады да, олар сонша қажыр-қайрат танытып, жұрт олардан көмек сұрап жатпайды. Ал олар өз елінен мұсылмандарға келіп жетісімен-өз үйлерінен, ағайындары мен елінен алыстап кеткен сайын, олардың күш-жігері тасып, бағасы арта түседі.

Түріктерде хандық құрып, шексіз ақыл мен даналықтың иесі болған Африазиастың мақал-мәтелдерінің ішінде мынадай біреуі бар екен: "Түрік шанақ ішіндегі теңіз маржаны сияқты, өз жайында жатқанда ол тіпті құнсыз нәрсе, бірақ ол теңіз шанағынан шықса болғаны, баға-құны артып, патша тәждері мен қалыңдықтың мойны мен құлағының әшекей-көркі болып шыға келеді".

Азияның тарихында өзінің өктем сөзін айта білген түріктерге берілген бұл сипаттама олардың тәлім-тәрбиелік дәстүрді аса қадір тұтқандығын білдірсе керек. Себебі, тек сегіз қырлы, бір сырлы жандар ғана жат жерлерде жақсы атаққа ие болған.

Көне түріктердің әдет-ғұрыптары, киім кию, шаш қою, жалпы сырт келбеті жайлы қытай жылнамаларында там-тұмдап болса да баян етіледі. Осы мәліметтерге қарағанда, түріктер ұзын шаш қойған, тері және жүннен киім киген, жібектен де сәнді етіп (Сюань-Цзанның айтуынша) шапан т.б. тіге білген. Қымыз ішіп, ет жеген.

Ежелгі түріктердің қасиеттері жайлы түркітанушы З.Валиди: "Дүниеде көп ғасырлар ғұмыр кешу оларда ақыл мен тәжірибенің жоғарлауына себеп болған. Табиғатқа өте жақын тұрып, кең сахарада сүт, қымыз, ет т.б. нәрселермен қоректену олардың баһадүр болуына әсер еткен. Осы жағдайдан оларда әлсіз кісілерде болатын жалыну, көз бояушылық, кісі алдында кішірею, кісі малын ұрлау, қиянат жасау секілді қылмыстар болмаған",- деп жазды. Егерде ел ішінде түріктің өр мінезіне тән емес қылмысты істер бола қалса, оған қарсы қолданылатын заң жүйелері болған.

Қытай жылнамасы "Таншуда" көне түріктердің заң жүйесі жайлы былай делінеді: "Олардың қылмыстық заңдары бойынша:

- Бүлік шығарғандар, сатқындық істенендер, кісі өлтіргендер, әйел зорлағандар, сәйгүлік ұрлағандар өлім жазасына кесіледі.
- Төбелесіп, біреуді майып қылғандар, салған жарақатына қарай жазаланады.

- Көз шығарғандар қызын беруге тиіс, қызы жоқ болса, әйелінің мүліктерін береді.

- Дене мүшелерінің бірін майып қылғандар жылқы төлеуге тиіс.

- Ат және басқа заттарды ұрлағандар оның құнын он есе төлеуге тиіс".

Жалпы алғанда, көне түріктерде қылмысты істер жиі болмаған. "Мінездері әсте қатал сезілгенімен, ел ішінде қылмыс атаулы болмайтындықтан жазалылар қай кезде де ондық сандардан аспаған", - деп жазады ғұндар туралы "Монғолдың қысқа тарихы" авторы. "Олардың заңдары өте қатаң. Ұрысқа шығар алдында кедергі келтіргендердің, елшілік тапсырманы орындамағандардың, ел билеушіге теріс кеңес бергендердің және ұрлық жасағандардың басы алынады",- делінеді көне қырғыз заң жүйелері туралы қытай жылнамаларында. Қырғыздарда, тіпті, ұрының кесілген басын әкесі болса, соның мойнына ғұмыры біткенше іліп қоятын болған, сөйтіп, әкесі баласының мүлт кеткен, аңдамай басқан қылығы үшін бірге жаза тартқан. Мұндай қатаң жаза көшпелілерде бала жаңылысып, жаза баспауы үшін оның тәрбиесіне, іс-әрекетіне өмір бойы жауап беріп өту тәртібінің орын алғандығын аңғартса керек.

Жастайынан тәртіпке үйретілген баланың қылмысқа баруы екіталай екендігі белгілі нәрсе. Мінездері өр және табанды болып келетін көне түріктердің жауынгер болып қалыптасуына даланың қатаң табиғаты да әсер етті.

Түріктердің арыстандай айбатты қасиетіне көңіл аударған ортағасырлық өр тілді авторлар олардың әскери өнерді жетік меңгергендіктерін баса көрсеткен. Араб жылнамашылары түріктердің бар ынта-жігері соғыс өнерін меңгеруге бағытталғандығын, бұл өнер түріктерге зор ләззат пен мақтаныш әкелетіндігін, әрі арабтардан басым түсетіндігін, түріктің он оқты әр бағытқа атып үлгергенше, араб жауынгерінің бір ғана оқ ататынын айтып, таңқала әңгімелеген.

Көне түріктердің соғыс өнерін жете меңгеруге ұмтылысы қорғаныс қажеттілігінен де туындаған. Осы жағдайды З.Валиди сынды білгір ғалым дөп баса былай деп көрсеткенді: "Түріктердің оңгүстік тарапында қытайлар һәм Иран халықтары тұрған. Олар көп уақыт түріктермен соғысып ғұмыр кешкен һәм кейбір уақыттарда тәуелді болып, алым (хараж) беріп тұрған. Түрік жеріне шапқыншылық жасап кірсе де, еш пайда таба алмаған. Ұлы түрік халқы һәм олардың зор жерлері хақында қытайлықтар мен ирандықтар арасында небір қорқынышты хикаяттар тараған. Сондықтан да олар түрік жеріне басып кіруге бата бермеген".

Көне түріктердің соғыс тактикасының табысты болуы әрбір жауынгердің жеке әзірлігіне байланысты болды. Жекпе-жек сол кездгігі ұрыстың маңызды бөлігін құрайтын. Жекпе-жекке шығатын батырлар әскердің айбынды тобын құрайтын және олардың өлімі сапта үрей тудырып, кейде оны жеңіліске ұшырататын.

Түрік әскерлері ұрыс тәсілінің қарапайым түрі - жауды орығытып өту немесе тұтқиылдан тап беруді кеңінен пайдаланған. Тоныкөктің: "...Әскермен жорыққа аттандық, Алтын қойнауын жолсыз астық, Ертіс өзенін өткелсіз кештік. Түн қаттық. Болшыға таң ата жеттік"; "Күн демей, түн демей желіп бардық, қырғыздарды ұйқыда бастық",- деуі осыны аңғартса керек.

Душпанның әскері, жер жайлы т.б. жөнінде астыртын мәлімет жинау, жол бастаушы, хабаршы жігіттердің қызметін пайдалану, екі жақтың елшілік алмасуы секілді әрекеттер де болған. "Оғыздардан елші келді"; "Жершіл жігіт іздеді"; "Үш хабаршы келді"; "Тіл, сөз алып отыр" және т.б. Тоныкөк жырындағы жолдар көне түріктердің соғыс барсындағы іс-қимылдарын білдіргендей.

Сап құрап соғысу тактикасын түріктер сирек болса да қолданған. Бұл тәсіл жазық жерлерде ғана болмаса, тау-тасты өңірде онша көп орын алмаған.

Түрік қағанатының әскері әр уақыттарда 100 мыңнан 400 мыңға дейін жеткен. Көне түріктерде әскер оң және сол қанатқа, Шығыс Түрік қағанатының қолбасшысы Қатағанның кезінде екі қанатқа және орталыққа бөлінген. Түріктерде әскерді ғұндар секілді ондықтарға, жүздіктерге бөлу жүйесі де болғанға ұқсайды (қытай деректері мәліметтеріне қарағанда).

Түрік әскерлерінің ішінде бөрілер деп аталатын Ашина руынан шыққан қағандардың сауытты атты ерекше бөлімдері болған. "Оққағарларды бөрі деп атайды, ол - шыққан тектерінің бөрі екендігін есте сақтағандары. Олар ат үстінен садақты шебер атады, табиғатынан жауыз, аяуды білмейді",- делінеді қытай жылнамасында.

Түрік әскерлерінің басым бөлігін садақ пен жебесі бар атты жауынгерлер құраған. Таяу қашықтықтағы және қоян-қолтық ұрыстарда найза, қылыш, алдаспанды қолданған. Әскерді басқару үшін түріктер "бөрінің алтын басы бар туларды", бұйрық беру үшін "алтын ұшты мөрі бар жебені" пайдаланған.

Қағандар әскермен санасып отырған, жауынгерлер қолдауынсыз олар елді ұзақ билей алмаған. Араб жылнамалары халиф елшілері келгенде түрік қағаны өз қолымен ер тұрман жасап отыр екен дейді. Түріктер керекті жебе, найза және басқа қару-жарақты басынан аяғына дейін өз қолымен жасаған. Қаған да бұл тәртіпті бұзбаған. Түріктердің жұмыс үстіндегі тағы бір қасиеті, арабтардың байқауынша, ешкімнен жәрдем және ақыл сұрамайды екен.

Қытайлық тарихшылардың "түріктер басшыларды сыйламайды" деуіне қарағанда, еркіндік сүйгіш, өр мінезді жауынгер түріктерді басқару да оңайға түспесе керек. Дегенмен де "Елхан" атанған Бумьш, одан кейінгі Мұқан, Күлтегін секілді ержүрек қолбасшылар, Тоныкөктей данагөй кеңесшілер, Йолығ тегіндей тарихшылар ел бірлігін келтіріп, біліктіліктерімен көзге түскен.

"Түріктер соғыста өлгенді даңқ санаса, ал аурудан өлгенді намыс көрген". Деректер денсаулықты да бір байлық деп білген түріктердің негізгі қорегі ет пен қымыз екендігін, көңіл көтеретін шарап та ішетіндіктерін баяндайды. Қырғыздарда шарап ботқадан істелетіндігі, қырғыз қағаны Ажо бидайдан істелген шарап ішетіндігі айтылады. Түріктердің ең жақсы шарабы "манду" деп аталады деп көрсеткен М.Қашқари түрікше бидайдан шарап жасау түрін былайша әңгімелейді: "Угұт - бидайдан шарап жасау үшін қолданылатын ашытқы. Бұл ашытқы бірнеше дәрі-дәрмектің қосындысынан жасалады да, арпа жармасынан екшеп алынған ұнға араластырылып, қамыр жасалады. Сонан соң, қамырды көмбеш-көмбеш етіп бөліп, кептіреді. Бидай мен арпаны қосып қайнатып, оған кептірілген көмбештің біреуін ұнтақтап себеді. Содан соң

бидай мен арпаның қоспасы таза ыдысқа құйылыш, үш күн бүркеліп тасталынады. Мұнан соң он күн күбіге құйылып, ашытылады. Әбден ашу жетілген соң су қосып, тазалап сүзіп ішеді". Қытайлықтардың ботқадан жасалған немесе бмдайдан жасалған шарап дегендері осы дәрі-дәрмек қосылып жасалатын емдік қасиеті бар сусынға сәйкес келетін секілді.

Жалпы көне түріктер дәнді-дақылдардан да дәмді тағамдар әзірлей білгендігі байқалады. Бір уақыт көңіл көтеріп, серуен құру аң аулау, түрлі ойындар ойнап, ән салу көне түріктерге де тән болған.

Сюань-Цзань (ҮІІ ғ.) түрік қағанатының билеушісі - Шеху қағанның аңға шыққан кезін керемет етіп суреттеген. Оның жанында екі мыңға жуық адам болғандығын, үстеріндегі киімдері, астарына мінген сәйгүліктері мен асынған қару-жарақтары көз тартарлық екендігін қызыға әңгімелеген.

Қытай деректерінде түріктер "бір-біріне қарама-қарсы тұрып ән айтады", "ерлер теңге тігіп, ал әйелдер қосетек деген ойын ойнайды" делінген. Түріктерде арқан үстінде ойын көрсету, ат спорты ойындары, қолға үйретілген арыстан және түйелермен өнер көрсету де болған. Күресте жеңіп шыққандар үлкен құрметке бөленген. Сыбызғы, дабыл секілді музыкалық аспаптарда ойнаған. Ойын-тойларда жігіт қызды ұнатса, оның үйіне құда түсуге кісі жіберетін болған, "ал қыздың ата-анасы мұндайда, сирек жағдайда болмаса, көбіне келісімін берген". Қалыңмалға мындап жылқы, қой сыйға тартылған.

Ұйғырларда екі жақ құдаласып, келіскеннен кейін, некені бекіту рәсімі өтетін болған. Бұл салт бойынша күйеу жігіт жағы табын жылқыны айдап келіп, қалыңдық туыстарынан қалағанын таңдап мінуді сұрайды. Күйеудің туыстары жаңа құдалардың мінген аын үркітіп, құлатуға тырысқан. Кім құла-маса, ат соған сыйланған, ал құлап қалғандар басқасын таңдап мінуге мәжбүр болған. Той киіз үйдің алдында, көк майса үстінде өткен. Дастарқан күні-түні жиылмаған. Күйеу мен қалыңдық тойға келгендерді қымызбен ет беріп сыйлаған.

Түріктерде әменгерлік жолымен некелесу салты да болған. Түріктердің өлікті жерлеу дәстүрінде құрбандыққа жылқы, қой сою, мәйіт жатқан үйді салт атпен жеті рет айналу, бетін тіле қан шығару, сөйтіп көз жасы мен қанды қатар ағыза отырып, жоқтау айтылатын болған. Қытай деректерінде өлікті атымен және пайдаланған (тірі кезінде) заттарымен қоса өртеп, күлін жинап алып жерлеу ғұрпы жайлы, әрі мола басына жауларының санына қарай жүзге, мыңға дейін тас бағана қойылатыны айтылады. Әйтсе де тас мүсіндер жайлы ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. А.Д.Грач тас мүсіндерге саяси мән беріп, ол өлтірілген дұшпандардың бейнесі, түрік қағанаты өзінің әскери күш-қуатын көрсету үшін осылай істеген десе, Я.А.Шер секілді ғалымдар, бұл өлген адамның өзі дейді. Аталған екі көзқарас та деректер мәліметімен расталады. Мысалы, Ибн-Фадлан (Хғ.) оғыздар өлтірген жауларының санына қарай ағаштан адам белгілерін жасап, "Бұлар оған о дүниеде қызмет етеді дейді" деп көрсеткен. Плано Карпини (ХІІІғ.) түрік тілдес халықтар тас мүсіндерге арнап ас апарады дейді.

Белгілі зерттеуші Л.Р.Кызласов балбал деген бар болғаны өңделмеген тас бағана, ол өлтірілген дұшпанға арналып қойылған, тас мүсін болса, өлген адамның өзіне арналып жасалған. Балбал сөзі деректерде көпше мағынасында



қолданылады, мысалы Күлтегін, Білге қаған жырларында, сондықтан да балбалдар, яғни тас бағаналар мен тас мүсіндерді ажырата білу керек деп ескертеді.

Сонымен көне түріктердің балбал тас қоюы дұшпан о дүниедегі кісіге қызмет етеді деген түсініктерімен байланысты болса, ал тас мүсін өлген адамның атына бағышталып қойылатын болған.

Мұндай тас мүсіндерге қыпшақтардың иіліп тәжім етуі, аттылының атынан түсіп, садағын жерге қадап, иіліп, ал табын-табын мал айдап келе жатқан бақташының бір қойын тас мүсін алдында қалдыруы жайлы мәліметті Низами еңбегінен кездестіреміз.

Қазіргі түрік тілдес халықтарда сақталған қонақжайлық, кеңпейілдік, ет асату, шашу шашу сонау ерте дәуірлердегі бабалардан қалған әдет-ғұрып екендігін ҮШ-ІХ ғ.ғ. түрік тайпаларының этникалық негізіне айналған Еділ бұлғары туралы Ибн Фадлан жазбаларынан аңғару қиын емес. Бір үйдің адамы екінші үйдің иесіне дәм татқызғысы келсе: "Біздің үйге жүріңіз, сөйлесейік, менің ошағым жақсы дейді екен. Бұл олардың әдетінде көршіге мейман достық істеп, жақсы ниет білдіру". "Егер жолаушы басқа жаққа жол жүрмек болып, оған түріктің үйіндегі түйе, жылқылар немесе ақша керек болса, ол керек дүниенің бәрін де алады". "Сол сияқты түріктерге бейтаныс кісі келіп: "Мен сіздің қонағыңыз боламын. Қажетіне қарай түйе, жылқы мінгім бар, болса дирхем жағынан да қарассаңыз десе, ол сұрағандарының бәрін де береді".

Түріктердің зейін-зердеге деген құрметін Л.Н.Гумилев былайша көрсеткен еді: "Қайыршы сопыны (Сюань-Цзаньді) қадірлеп, қарсы алды, ауқаттандырады, оның сөзін ықыласпен тыңдайды, ең соңында оның Үндістанға жетуіне жағдай жасайды, ол жақтан сопы даналықтың бір түйірін әкелмек болып уәде етеді".

Көне түріктерде мүсін жасау, қолдаибалы өнер және бейнелеу өнері де айтарлықтай дәрежеде болған.

Мүсіндерді түріктер көбіне тастан қашап жасаған, олардың көркемдік деңгейі әрқелкі. Мүсін жасау үшін көбіне 0,5 метрден 2,8 метрге дейінгі тастар таңдалып алынып, бейнелер қашап салынған. Тас мүсіндерде көбіне ерлер мен әйелдердің басы, бет-әлпеті ғана бейнеленіп берілген. Әйтсе де шекпен киіп, белдік қару-жарақ таққан ерлер мүсіндері де сирек болса да кездесіп отырады.

Көне түріктер дәуіріндегі бейнелеу өнері жайынан жартастағы суреттер (петроглифтер), сарай кешендері мен діни орындардың, ғибадатханалардың қабырғаларына салынған суреттер, сондай-ақ саздан, ағаштап жасалған бұйымдардағы бейнелер мол мағлұматтар береді.

Саз сылақтың қалың қабатын өрнектеу (өсімдік және геометриялық) Қостөбе сарай кешендерінен байқалса, ағашты өрнектеу үлгілері Құйрықтөбе камадындағы сарай бөлмелерінен көрінеді.

Ортағасырлық еуразиялық көшпелілердің бейнелеу өнерінде салт атты жауынгер бейнесі үлкен орын алады. Дунайдан Қиыр Шығысқа дейінгі аралықта таралған петроглифтердің басты сюжеті - осы атты жауынгер бейнесі.

Жартастағы бейнелердің негізгі элементі - ту. Ту көне түрік ру-тайпалары бірлестігінің, әскери бөлімдердің, биліктің т.б. белгісі болған. Тулар да, жалаулар да төртбұрышты болған. Жалаулар тудан көлемі жағынан кішілеу

болып келеді. Найза ұшына түрік жауынгерлері жылқының жалын таққандығы байқалады. Тулар Жетісудағы петроглифтерде көбірек бейнеленген. Тулардың классикалық түрлері Прибайкальдегі иетроглифтерден кездеседі.

Көне түріктер металл, ағаш және т.б. өрнектеп, оюлар бедерлей білген. Ою өнерінде жұкалап ою арқылы өрнектеу және жылтырату тәсілдері кеңінен қолданылады. Оюлар антроморфтық және зооморфтық нышанда және діни-магиялық сипатта берілген және терракоталарда зороастрлық, буддалық құдай бейнелерін, сонымен бірге соғды және түріктердің өз кейіптерін көрсететін нақыштар бар.

Ою-өрнектердің алуан түрін түріктердің киім-кешек, әшекейлерінен байқауға болады. Түріктер белдік, қаптырмаларын, ат әбзелдерін төрт бұрышты ай секілді немесе жүрек тәрізді т.б. өрнектермен керемет етіп безендіріп, пайдаланған. Бұл бабаларымыздың әсемдікке бейім болғандығын, асқан талғампаздығын аңғартса керек.

Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес.

Монғолия жерінен табылған YIII ғасырға жататын үш эпитафия – көне түріктік жазбалар тарихи жағынан бай мазмұнға ие шығармалар қатарына жатқызылады. Сондықтан да көне түріктердің тарихи танымы жайлы сөз қозғауға мүмкіндік туғызады.

Түріктер өзінің өмір сүре бастағанын әлемнің жаратушысынан бері қарай есептеп келді, бірақ олар дүние онша көне емес деп ойлады. Күлтегін жырында тарихи шолу былайша жасалады: "Жоғарыда көк аспан және төменде қара жер жаралғанда сол екеуінің арасынан адам баласы жаратылған. Адам баласы үстінен менің ата-бабаларым Бумын қаған мен Истеми қаған салтанатты отырды".

Сонымен дүниенің бастаулы Бумын, Истеми кезінен, яғни VI ғасырдан бастау алады дел көрсетілген. Түріктердің пайда болуы қытай деректерінде өзгеше беріледі. Онда түріктер бөрі анадан таралған ұрпақ ретінде көрсетіледі.

Құлпытастағы және қытай жылнамаларындағы түріктердің шығу тегі туралы мәліметтердің сәйкес келмеуіне зерттеушілер әрқилы баға береді. Әйтсе де тарихи танымы мол тас бітіктердің кейбірі бізге жетпеуі немесе ағашқа жазылып қалдырылса, олардың шіріп кетуі мүмкін деген пікірлердің жаны бар секілді.

Түріктік екі тас бітіктің авторы, әрі жазушы, әрі тарихшы Йоллығ-тегін тарихи материалдарды іріктеп пайдаланған. Ол- өз заманының жаршысы. Йоллығ-тегін де, Тоныкөк те екінші түрік қағанатының ресми идеологиясына қызмет еткен.

Бұл идеологияның негізінде тұтас түрік елін қайткенде де сақтап қалу идеясы жатты. Түріктердің өзіндік идеялық бағыты төл мәдениетін, дүниетанымын, әдет-ғұрпын Қытай секілді қуатты көршілердің ықпалынан, ырқынан сақтап қалу жолын іздестірді. Осы ізгі жолды, бағытты бектер мен қалың бұқараға түсіндіру үшін "Білге қаған", "Күлтегін", "Тоныкөк" жырлары жазылды. Л.Г.Гумилевтің түсіндіруінше, көне түріктер сөз қуатын, сөз күшін ұғынатын, әрі қоғамдық пікір өмір сүрген қоғамды, дамыған қоғамды құра алды. Сондықтан үш жазудың үшеуі де түрік қоғамының қалың бұқарасына үндеу іспетті рөл атқарды.

Йоллығ-тегін халыққа елдігін сақтап қалудың нақты бағдарламасын ұсына білген: Қытайдың қол астына кірсең, түрік халқы жоқ боласың, ал өз жерінде елдігінді сақтап отыра берсең, мәңгі ел болып, тоқ боласың дейді.

Йоллығ-тегін қытай мәдениетін, оған еліктегіш өз халқының мінез-құлқын сынға алады. Көне түріктердің эпиграфиялық текстері евроконсервативтік мүддені алға тосады: кез келген әдет-ғұрыптың, саяси, әлеуметтік немесе діни өзгерістің бәрін зиянды деп есептейді. Бұдан VIII ғ. Орталық Азиядан түріктерге және олардың көршілеріне Қытайдың экономикалық және мәдени ықпалы күшті болғандығы байқалады. "Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, бұйышы асыл еді. Олар тәтті сөз, асыл қазынасын беріп, жырақтағы халықты өзіне сонша жақындатар еді. Жақын қоныс, сосын олардап әдепсіз қылықты үйренуші еді", -дейді Білге қаған. Оны Тоныкөк те қуаттайды: "Бағынғаның үшін басқаға, Тәңірі сені өлімші етті. Түрік халқы қырылды. Әлсіреді, жойылды. Түрік- сір халқы жерінде тіршілік қалмады".

Тарихи мәліметтер Орхон жазбаларында асқан шынайылық тұрғысынан берілген деп есептеуге негіз бар. Себебі: ата-баба аруағын қадір тұтқан көне түріктерде болмағанды болды деп айту, жазу бір шеті бабалар рухын сыйламаушылық болып саналса, екіншіден, әлі бұл тарихи оқиғаларды ұмыта қоймаған көзі тірі тайпаластардың сенімсіздігін, қоғамдық кері пікірін туғызып, әрі осы тасбітік арналған кісінің қадірін түсіруі хақ. "Өлі разы болмай тірі баймайды" деп түсінетін халық үшін бұндай әрекет аруақтың қаһарына ұшырау болып саналар еді. Сондықтан да көне түрік дәуірі тарихшылары тасбітіктің мазмұнына, ондағы тарихи оқиғалардың шынайылығына аса зор мән бергені өзінен-өзі түсінікті болса керек.

Эпиграфиялық текстердегі тарихи баяндауларда әулеттік және әскери оқиғаларға үлкен көңіл бөлінеді. Өлген кейіпкердің ерліктерін баяндау көбіне таза тарихилықтан гөрі эпикалық нақышта беріледі: Табғаш, Оңтұтықтың бес мың әскері келді, соғыстық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Оңтұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді. Қарулыларды қағанға еншіледі. Ол әскерді сонда талқандадық".

Көріп отырғанымыздай, жеке батырдың ерлігі қысқа, нұсқа, әрі қарапайым тұрғыда айтылған. Әйтсе де осы әскери оқиғалардың саяси және экономикалық негіздермен байланысы жоқ емес. Бәрі де түріктердің игілігі үшін болғандығын Білгенің мына сөздері аңғартады: "Әкеміз, ағамыз құрған халықтың аты, даңқы өшпесін деп, Түрік халқы үшін, түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп-тіріліп жерді ұлғайттым. Халықты көтермек боп... көп қолмен он екі жорық жасадым. Сөйтіп, Тәңірі жарылқады. Бағым болғандықтан, сәті түскендіктен, өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым".

Тоныкөк болса өзінің "қызыл қанын төгіп, : кара терін ағызып, күш-қуатын аямай жүрін бастаған жорықтарының нәтижесінде неге қол жеткізгенік мына жолдармен түсіндіреді: "Бүкіл түрік халқына қарулы жау келтірмедім, атты әскер жолатпадым".

Түріктердід тарихты түсіну философиясында екі бағыт байқалады. Бірі Қытайдан тәлім-тәрбие алған Тоныкөктің бағыты - субъективтік-идеалистік және Йоллығ-тегіннің құдайшылдық танымы. Тоныкөк Тәңіріге сенеді, бірақ жердегі түріктердің жетістіктеріне тек мен істедім деп менмендікке бой алдырады.

Йоллығ-тегін бәрін Тәңірі ісі деп ұғынады. Бұл жерде екі автордың өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі, ойлау жүйесінде айырма бар екендігі сыр береді.

Орхон ескерткіштерінде тарихи синтез жасау әдісі арқылы кейіпкердің өмір сүрген дәуірі жайлы баян болады. Кейіпкердің өмірбаяны қоғам тіршілігімен тығыз байланыста қарастырылады және саяси контексте сәйкестеле әңгімеленеді. Мысалы, Тоныкөк өмірі саяси оқиғалар желісімен көрсетіледі. Бірінші түріктердің қытайлықтарға қарсы ірі күресі көшпелілердің жеткілікті әзірлігі болмағандықтан басылып тасталады, содан кейін Тоныкөк өзі қолға алып, түріктерді жеңіске бастайды.

Білге қаған мен Күлтегін әрекеттері де осылай тарихи синтез жасау әдісімен сол дәуірдің саяси, әскери және әулеттік қысыл-таяң кезеңдерімен, өзгерістерімен байланыста алынып жырланады. Тарихты хронологиясыз баяндау мүмкін еместігі баршаға аян.

Көне түріктердің уақытты белгілеу жүйесі олардың жазба ескерткіштерінде айқын көрініс береді. Қазіргідей 24 сағаттық тәулік түсінігі болмағанымен, күн мен түнді айырып, бөлек санаған.

Қытайдың Чу әулеті жылнамасында түріктердің жыл санауы жайлы: "Олар уақытты көгерген шөптің шығуы бойынша есептейді және жылдың жүйелі ауысуын біледі", - деп жазылған. «Жас от» деп көне түріктер жайқалған жасыл шөпті атаған. Осы жас от шыққанда мал төлдейтінін байқаған малшылар «бірінші, екінші, үшінші... жас от» ден мал жасын айыратын болған. Андолы түріктері әлі күнге дейін осылай жас айырады, мысалы, "оған үш жасыл" (ис уасинда) деген секілді.

Адам баласы жасы әрине, жылдың кез-келген мезгілінде тууылуы мүмкін болғандықтан, жасыл желеңмен өлшеуге келмейді. Көктем көне түріктерде жыл басы болып есептелгендіктен адамның неше жыл жасағаны, қанша жыл басын, көктемді қарсы алғанымен өлшенетін болған.

"Күлтегіндегі": "Інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды" - деген жолдар көне түріктердің өздерінің жас ерекшелігін ажырата алатындығына дәлел бола алады.

Көне түріктердің есептеу жүйесіне шаққанда он ай, яғни жаңа айдың он рет тууы біздің қазіргі тоғыз айға сәйкес келетін болған. Мұнда ешқандай қателік жоқ. Түрік тайпалары он екі жыл уақытты мүшел деп атаған. Мүшелдегі жылдар 12 түрлі хайуанның: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз атымен байланыстырыла саналған.

Мүшелдің шығуы мен дамуын арнайы зерттеген француз ғалымы Э.Шаванн (1865-1918) өзінің "Түркілердің он екі жылдық мүшелі" (1906) атты еңбегінде мүшел есебін ойлап тапқан түріктер деп қорытынды жасаған.

Күлтегін ескерткішінде: "Қой жылы өлді, мешін жылы осы тасты орнаттық" деген жазу бар. "Қырғыздар жылды он екі хайуан арқылы белгілейді",-

дейді қытай жылнамашылары. Демек, көне түріктер мүшел есебін өте жақсы білген.

Халық күнтізбесін зерттеуші ғалым М.Искаков Орхон түркілерінің мүшелінде он жыл болғандығын, он саны олардың ескерткіштерінде өте көп айтатындығын, мешін мен ұлудың мүшелге кейін қосылғандығын дәлелді көрсеткен.

Уақыт пен кеңістік туралы көне түріктердің түсінік-танымдары Ұлы далаға бейімделе өмір сүру дәстүрлерімен тығыз байланысты. Өзі мекен еткен қоршаған ортаны, байтақ даланы танып-білу көне түріктер үшін тіршілік кепілі болды. Сондықтан да жағырапиялық таным айрықша орын алды.

Академик В.В.Бартольд түріктердің, жер-суды атауы айқын да анық, қарапайым да түсінікті екендігін баса көрсеткен. Осыдан болар көне түрік ескерткіштеріндегі Бұхар, Қаракөл, Тибет, Шан-тун (Шаньдунь провинциясы) Ертіс секілді кейбір жер-су атаулары бүгінгі ұрпаққа өзгеріссіз жетіп отыр.

Қазақ түркітанушы ғалымы Ә.Қоңыратбаев "Күлтегін" және "Тоныкөк" жазбаларында 39 топонимдік атау кездесетінін анықтаған. Бірақ олардың бәрін бүгінгі күнгі атауларымен теңестіріп шығу мәселесі түпкілікгі шешімін тапқан жоқ. Мысалы, С.Г. Кляшторный Кенгерес (Күлтегін ескерткішінде) сөзін халық атауы десе, А.С. Аманжолов бұл жағырапиялық атау, қазіргі Сарысу мен Кеңгір алқабының бір кездегі аты, VIII ғасырдағы Сырмен жанасып жаққан қазіргі Орталық Қазақстанның дархан даласы Сарыарқаны меңзейді деп дәлелдеген.

Түріктердің жағырапиялық танымдары олардың жаулал алған аудандарынан да кең болған. Көне түріктерде дүниенің төрт бағытын білдіретін ілгері - күншығыс, кейін - күнбатыс, түн ортасы- солтүстік, күн ортасы - оңтүстік деген ұғымдармен қатар нақты елді мекендер, қала, жер-су атаулары болған.

Түріктер өздерінің шығыс жағындағы қазіргі солтүстік-шығыс Қытай жерін- "Шантун жазығы" деп атаған. Күлтегінде: "Ілгері Шантун жазығына дейін соғыстым" деген жолдар бар. Батыстағы елдер мен жерлер туралы ұғымдары едәуір көп. Орта Азияны - Соғдақ, Сырдария өзенін - Иенчу (Инду), Темір қақпа деп Бұзғал асуын білген. Бұхара, Тоғу балық (Тоғу қаласы) секілді қалалар да аталады.

Оңтүстік жағынан түріктер екі ірі мемлекетті білді: Табғаш және Тибет. Қазіргі Хангай-тауы - Өтүкен, Үлкен Хинган тауы - Қадырқан қойнауы, Саян тауы – Көгмен, Алтай тауы - Алтын йыш деп аталған.

Көне түріктер табиғат құбылыстарын, қоршаған орта сырын терең танып, оны қалт жібермей бақылау арқылы өздерінің білік-тәжірибелерін жинақтап отырған. Күлтегін жырында жыл мезгілдерінен жаз, қыс маусымдары, ал қазба байлықтардан алтын, күміс, темір аталады.

Жалпы, көне түріктер табиғатты жанды қалпында, қозғалысты тірі кейіпте түсінген, жер-суды Отан деп ұққан. Ендеше тарихшы Феофилакт Симокаттаның: "Түріктер жер туралы ән шырқайды",- деуін олардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігі, құрметі деп түсінген жөн.

## 5. Ортағасырдағы түрік ғалымдарының ғылымға қосқан үлесі

Еліміздің сан ғасырлық өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Ал халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиеті парыздарының қатарына жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар қатпарларында жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасыр данышпандары – Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари Жүгінеки қазақ жерін әлемге мәшһүр етті.

Жүсіп Баласағұни. Түркі халықтарының көрнекті өкілдерінің бірі, бұл кезеңнің рухани мәдениеті тарихында өзіндік із қалдырған, қазақ топырағында дүиеге келген. Оның өмірбаяны жөнінде бізге жеткен мағлұматтар жоқтың қасы. Ата-жөніне қарағанда, Баласағұн қаласында (Жетісу) өңірінде туып-өскені хақ. В.В.Бартольд пен И.В.Стеблеваның айтуынша, ғұлама ойшылдың әйгілі дастаны «Құтадғу білік» (Құт негізі - білік) Қашқар қаласында жазылған. В.В.Бартольд ол кезде «Қашқар қаласының халқы ғана нағыз түркі тілінде», яғни, «түркі – хақан тілінде» сөйлеген дегенді айтады.

Дарынды ақынның, көреген ойшыл-дананың Жүсіп Баласағұнның өз сөзінен белгілі болғандай. Ол былай дейді: «Осы кітаптың авторы – Баласағұни қаласында дүниеге келген адамгершілігі жоғары – ұстамды азамат. Еңбекті Қашқарда аяқтап, Шығысты билеуші Табаш-ханға ұсынды, ол шығарманың авторын дәріптеп, оған «хасс-Хаджит» деген атақ берді». Поэманың өзінен Жүсіп Баласағұнның асқан дарынды ақын, белгілі ағартушы, білімді адам, философ, ғалым-әмбебаб, данышпан, ақылғөй, араб және парсы поэзиясының, түркі халықтары фольклорін жетік білетін дана астроном, математик болды. «Құтауғу білік» - әңгіме аңыз ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, ғибрат. Дастан оқиғасы XI ғасырда Ыстық көл, Жетісу, Қашқар өлкесінде болған шындыққа байланысты өрбітілді. Жүсіптің дастаны саяси және ғибрат, өсиет, ақы ретінде имандылыққа үндейтін, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық тағылымдық туынды. Онда жеке адамның өзін қоғамда, үй ішінде қалай ұстай білу керектігінен бастап, хандар мен бектердің өз қарамағындағы әрбір қоғамдық топтарға қалауға тиіс екендігі жөнінде көптеген мәселелер қамтылады.

Идеясы жағынан дастан имандылық, ізгілік рухында жазылған еңбек. Жүсіп Баласағұнидың «Құтадғу білік» түркі тілдес халықтардың ішінде бізге жеткен алғашқы еңбектердің бірі болып табылады. Бұл еңбек түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ жеке ұлт болып қалыптасқанына дейінгі ортақ мәдени мұра болып есептеледі.

Еңбекте отбасы тәрбиесі, онда ата-ананың алатын ролі туралы, бала мінез-құлқын, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыру, отбасында ананың алатын орнымен қатар әкенің де бала тәрбиесіндегі алатын орнына ерекше мән береді. Сонымен қатар ғұлама ағартушы «Құтадғу білік» Х.Сүйінішалиев айтқандай, «орта ғасыр ескерткіштерінің ең көлемдісі және көркемдігі жағынан зерттеушілерді таңқалдырған әдеби көркем туынды. Орта Азия мен Қазақстан

жерін мекендеген түркілердің және олардың мәдениетінің жарық жұлдызы деп атарлық әдеби мұра». Дастанда «Тіл туралы» айтқан қағидаларының тәлімдік-тағылымдық, ғибраттық мәні ерекше. «Тіл адамның даңқын асырады», «Адам ол арқылы бақыт табады», «Тіл адамға жапа да шектіреді», «Абайламаса, басынан да айырады», «Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа». Көп сөзділіктен пайда да, жақсылық та көрмейді. «Көп сөйлеме. Сабыр қып, әр сөзінді салмақтай айт», «Он мың сөздің түйінін он сөзбен шеш», «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз!». Дастанда білім, ақылдың қасиеттері жақсылық және жамандық, адамгершілік қасиеттер, адамгершілік құндылықтар туралы мәселелер қарастырылады, мәселен, «Ақылды – ұлы, білімді – білікті, қонса екеуі, ұлы етер жігітті», «Ақыл пайда бола, ұлылық толады, білім кімде со білікті болады», «Білімсіздер бар кеселді көреді, емдемесе тектен-текке өледі», «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын», «Ақылдыға қадір – құрмет лайықта, Ақымақ жан керең, сезбес айыпты!» «Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, қарақшы, ұрыға да тоналмас!». Білік-білім туралы Жүсіп Баласағұни өзіне ақыл кеңес береді: «Білік біліп – төрден орын аларсың, Білік білсең, күшті, берік адамсың», «Білік-түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз, қанша сімір, сарқылмайды білсеңіз!». Жүсіп Баласағұнның осындай дидактикалық өсиет, ғибрат, ақыл-кеңеске құрылған дастаны 6500 бәйіттен тұрады. Дастанның соңында ақын қарттықтың келгеніне қоса достардың қатігездігін айта отырып, өзіне-өзі сабыр, өзіне-өзі тоқату, ақыл-кеңес айтады. Ортағасырлық Шығыстың ас ірі ойшылдары Жүсіп Баласағұн мен Махмуд Қашғари болды. Ол екеуінің де шыққан тегі түркілер еді. Сондықтан олар түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тілін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын зерттеуге баға жетпес үлес қосты.

Жүсіп Баласағұнның замандасы, Қашқарияда дүниеге келгенмен, бүкіл саналы ғұмырын Қазақстан, Орта Азия жерлерінде өткізген. Негізгі еңбегі «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») деп аталады. Түркі халқының XI ғасырда өмір сүрген аса дарынды перзенттерінің бірі Махмұт әл-Қашқари. күні бүгінге дейін ғалымның туған жылы белгісіз. Оның атақты шығармасы «Диуани лұғат ат-түрік» 1072 немесе 1078 жылдары жазылған деп шамалап жүр. Махмұт Талас-Шу алқабындағы Барысхан қаласында туған. Ұйғыр ғалымдары Махмұт Қашқариды «Қашқари» есіміне қарап, ұйғыр әдебиетінің өкілі, тек ұйғыр халқының перзенті деп жазады. Бұл пікірдің негізсіз екендігін автордың өз сөзіне қарағанда ол ортағасырлық әскери басшы, белгілі бек отбасынан, яғни, оғыз ортасынан шыққан. Сондықтан да Махмұт Қашқари – тегі жағынан ұйғыр емес, оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі халықтарының ортақ перзенті. Сол себепті де оның шығармасы да ортақ қазына, ортақ классикалық мұра екендігін ескерткен жөн.

Сөздік тек ғана тіл білімінің мәселелеріне арналған еңбек ғана емес, сонымен қатар ғылымның көптеген салаларынан хабардар ететін сан-салалы еңбек болып табылады. Еңбекте Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әлеуметтік және мәдени өмірінің әр алуан салаларынан мәлімет беретін құнды туынды. «Диуана лұғат ат-түрк»- түркі халықтарының тамаша ескерткіші

болып табылады. Сөздікте адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттама береді.

Махмұт Қашқари түркі тілдерінің түрлі говорлары (жергілікті тілдік ерекшеліктер) жайлы айта келіп, мысал ретінде берген сөздерінің ішінде қазіргі қазақ тілінде де айна-қатерсіз қолданылып жүрген төмендегідей сөздерді де ұшыраттық. Мысалы: «арық, ақыр, қар, қара, азық, қозы, қыз, қашты, көмді, білді, тірілді, өлік, су, ат, топырақ». Соған қарағанда, қазақ тілі түркі тілдері тілінде ата сөздерін көп сақтаған таза тілдердің бірі деп әбден болады. Махмұт Қашқаридың «Жинағы» күні бүгінге дейін дүние жүзі ғалымдарының назарын аудартумен келеді. Орыс зерттеушілерінен бұл шығарма жайлы өз ойларын айтқан негізінен В.В.Бартольд, С.Е.Малов және А.Б.Халидов болды. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» әскери, махаббат, эллегия, табиғат секілді тақырыптармен қатар, моральдық, этикалық, тұрмыстық, мифологиялық оқиғаларды да сөз етеді.

Махмұт Қашқаридың аталған шығармасында да әл-Фарабидің рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын көрінеді. Түркі елі әдебиетінің ренессанстық дәуірінің бастапқы кезеңіне жататын осы бір үлкен классикалық шығарма. Қазіргі қазақ тілінің негізін, әдебиеттік арнасының көзін танытатын мәнді де, маңызды, түркі халықтарының мақтанышы болған құнды мұра, жазба әдебиетіміздің тұлғалы шығармасы. Қазақстанды мекендеген көптеген түркі тайпалары қалдырған ортағасырлық ортақ мәдениет үлгісі. Жинақта тәлім-тәрбие, дидактика, өсиет, адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, ізгілік туралы ой-пікірлер айтылады. Мәселен, «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, білімінді елге бер», «Асығыс еткен іс шала, асығыс жаққан от шала», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар».

Сөздікте ерекше тәлімдік-тәрбиелік, ғибарттық мәні бар мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер жиі кездеседі: «Ақылымды ал, ұлым менің, рақымшыл бол, әулетіңнің ағасы бол, ақылшы данасы бол, білгеніңді ортақтас...».

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұпаққа өтіп келе жатқан ардагер азаматтар тарихта аса көп емес. Тарих жазбасында, халықтың рухани қазынасында айтулылардың айтулысы, жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгі ұятап қоныс тебеді. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, сол адамзат ұлдарының, тарих перзентерінің бірі Әбу-Насыр Әл-Фараби.

Әбу-Насыр Әл-Фараби – дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы (арабша “Муаллими ас-сани”) атанған данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиеті, ақын.

Әл-Фараби Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс сағасындағы ежелгі Отырар қаласында туылған. Оны қыпшақтар Қарашоқы деп те атаған. Ежелгі түркілердің орталық қаласы Отырарды кезінде негізінен қыпшақ, қаңлы, қоңырат тайпалары мекен еткені тарихтан жақсы мәлім. Отырар – бір жағы көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен, екінші жағы отырықшы –



егіншілікпен айналысатын түрлі түркі ру-тайпаларын өзара байланыстырып тұрған буын іспеттес қала болған. Бұл шаһарды арабтар Фараб деп атаған. Сол атау бойынша, ұлы ұстаз Әл-Фараби атанып кеткен.

Әл-Фарабидің толық аты-жөні: Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби яғни өз аты Мұхаммед, әкесі Мұхаммед, оны әкесі Ұзлағ, арғы атасы Тархан, туған жері Фараб (Отырар), осыдан барып ол Әбу-Насыр Фараб, яғни Фарабтан шыққан Әбу-Насыр атанған. Кейбір көптеген еңбектерде оны “Тархани” деп те атайды. Осы күнге дейін бізге жеткен кейбір деректерге қарағанда оның әкесі сол тұста көшпеліліктен отырықшылыққа ауысқан түркі тайпаларының бірінен шыққан әскер басы екен. Сондықтан да Фараби қазіргі қазақ ұлтын құрған байырғы рулардың бірі қаңлы –қыпшақтан шыққан деп айтуға толық негіз бар.

Жастайынан асқан зерек, ғылым-өнерге мейлінше құштар болып өскен Әл-Фараби алғашқы білімін туған жері Отырарды қыпшақ тілінде алады. Ол өсе келе өз заманының аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары Бағдад, Қарасан, Дамаскі, Каир т.б. шаһарларда болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында, ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әл-Фараби өзінің түркі тілімен қатар, араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік білген жан. Әл-Фараби өлерінің алдында Египетке барып қайтқан. Ол бұрынырақ өз отаны – Түркістанға да барған, кейбір мағлұмат бойынша сол тұстағы Бұхардың әмірі мансур ибн Нұхтың өтінуі бойынша «екінші тәлім» (Ат-тавлім ас-сани) атты еңбек жазған, «Екінші ұстаз» осы оқиғаға байланысты алған дейді. Фараби хиджра есебі бойынша 339 жылы раджаб айында (бізше 950 жылға желтоқсан айының аяғы немесе 950 жылғы қаңтардың басы). Дамаскіде қайтыс болады. Тарихшы ибн Халликанның айтуынша Данискінің «Биб ас-сағир» (Кіші дарбиза) зиратына қойылған көрінеді.

Ғұлама-ғалым ретінде Әл-Фараби атсалыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білім, әдебиет теориясы т.б. ғылым салалары бойынша қыруар көп ғылыми еңбектер жазды. Алайда оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген. Фараби еңбектерінің кейбір тізімдері ғана сақталған. Соның өзінде ұлы ғалым еңбектерінің саны жөнінде нақтылы деректер жоқ. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал Совет ғылымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді.

Ұлы ғалымның ұшан-теңіз еңбектерінен біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тигені қырыққа жуық шығарма болады. Әйтсе де осы қырық шақты еңбегінің өзі ақ Әл-Фарабидің энциклопедист-ғалым, дарынды әдебиетші, ұшқыр ойлы ақын болғанын толық дәлелдейді.

Әбу-Насыр әл-Фараби ең алдымен кезінде «Шығыстың Аристотелі» атанған есімі әлемге мәшһүр философ болды. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен

Батыстың ғылыми қауымын грек философиясымен, логика ғылымымен, ежелгі мәдениетпен таныстыруда зор роль атқарды.

Фарабидің “Ақылдың мәні туралы тарихтан”, “Данышпандықтың інжу маржаны”, “Ғылымдардың шығуы”, “Философияны оқу үшін алдымен не білу керек”, “Аристотель еңбектеріне түсіндірме” (“Поэтика”, “Риторика”, “Категориялар”, “Метафизика”, “Герменевтика”, бірінші және екінші “Аналитика”) сияқты зерттеулері оның есімін әлемге танытты.

Ұлы ғалым нағыз гуманист ретінде адам ақыл-ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді, адамзат қоғамындағы барлық проблемаларды шешуге қабілетті ең басты күш-ақыл-парасат деп біледі. Әл-Фараби өзінің “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы” атты кітабында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерді сөз етеді. Мұндағы “қала” деп отырғаны – мемлекет. Ғалым бұл шығармасында мемлекеттің пайда болуы, ондағы менсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моралдық бейнесі, мұндай қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әрбір адамның бақытқа жетуі үшін бүкіл қоғам болып, бірігіп тіршілік етуі керектігі, т.б. мәселелер жайындағы өз пікірін ортаға салады. Алайда Фараби өз дәуірінің перзенті еді.

Сонымен Фараби болашақ қоғамда адамдардың емін-еркін өмір сүретін, қоғам мүшелерінің бәрі тең, бірін-бір құрметтейтін, бақытты қоғам ретінде суреттейді. Бүкілхалықтық бақытқа жетудің бірден – бір жолы ғылымды, білімді игеруде деп білді. Үлкен ғұлама, ойшыл ретінде қайырымды мемлекет барша халықтың бақыты туралы армандады. Ал, енді Фараби ұлы гуманист феодалдық соғыстарға, ел-жұртты тонауға, тақ пен тәж үшін болған қан төгістерге, әділетсіздікке қарсы шықты, адамның еңбекке, білімге, бейбіт өмірге деген құқын қорғауға әрекет жасады.

Фараби Аристотель еңбектерін барлық қорынан зерттей отырып, өзі де жаратылыстану ғылымдарымен көп айналысқан. Ол ғылым күшін барынша насихаттап, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін дәріптейді. Фараби ғылымының салаларын меңгеріп, тамаша табыстарға жеткен. Фараби ғылымының философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалап шықты, ғылымды оқу және оқыту ретін белгіледі. Әр қайсысының пәнін анықтап, мазмұнын ажыратып беруге тырысты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізілді, математикада үлкен жаңалықтар ашты, астрономия жайлы кесек еңбектер қалдырды, физика ғылымын жаңа идеялармен байытты, медицина, химия, минерология тәріздес жаратылыстану ғылымының маңызды салалары бойынша еңбектер жазды, ертедегі дүние оқымыстыларының пікірлеріндегі озық және тозық қағидаларды талдады.

Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп ғылымның бүгінгі мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда ғылым тарихы маңызды орын алады. Расында, адамзаттың жинақталған материалдық байланыстары қандай ұшан-теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бәрі баршаға бірдей ортақ қазына. Сол мәдени мұраны талдап, іріктей білу, оны қастерлеп бағалай білу, халыққа жеткізу кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті. Осы кездегі өркені өскен сан салалы ғылым мен мәдениетті жасауға талай елдің, талай ұрпақтың

таңдаулы өкілдері қатысты. Орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі-Қазақстан топырағынан шыққан данышпан перзент Әбу насыр әл-Фараби (870-950) болды.

Фараби және оның шәкірттерінің ғылым мен мәдениетті дамытудағы орнын анықтау, ғылыми мұраларын мұқият зерттеу өте үлкен маңызды жұмыс. Бұл жағдайды білімпаздар өте ертеден-ақ аңғарған сияқты. Сондықтан да болу керек, дүние жүзінің әр түрлі халықтарынан шыққан оқымыстылар Фараби мұраларын 1000 жыл бойы тынбастан зерттеп келді. Олардың ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим (995ж), әл-Байхаки (1169), Ибн әл-Кифти (1248), Хаджи Халифа (1657), латын тілінде жазған Венике (1484ж), Камерариус (1638), Француз тілінде жазған Генрих Зутер (1902), ағылшын тілінде жазған Георг Сартон (1927), түрік тілінде жазған А. Сайылы мен Н. Үлкен (1950), орыс тілінде жазған С.Н. Григорин (1958), өзбек тілінде жазған М. Хайруллаев (1963) т.б. бар. Фарабитану ғылымына қазақ ғылымдары да көп көңіл бөліп, көптеген зерттеу мақалалар, кітаптар жазып шығарды.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Түрік әлемі Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның біршама жерін алып жатыр. Түріктердің тарихы орасан бұрмалаушылыққа ұшыраған. Әсіресе, еуропалық центризм бұл мәселеге айрықша көлеңкесін түсіріп, оларды жердің бетіндегі ең төменгі дәрежедегі «жауыз, бүлдіруші» адамдар ретінде суреттеген.

Барлық өмірін түріктердің тарихын зерттеуге жұмсаған, белгілі шығыстанушы Л.Н.Гумилевтің: «Хош, сонымен, көне түріктердің адамзат тарихындағы маңызы орасан зор, бірақ бұл халықтың тарихы әлі күнге дейін жазылмаған. Ол жол-жөнекей, үстірт баяндалып келген...», - дейді.

Ертедегі түріктердің тарихын сәулелендіретін бізге жеткен заттай және жазба деректер. Заттай сақталған деректердің қатарына әртүрлі археологиялық ескерткіштер жатады: қоныстардың, қалалардың орындары, дүниеден өткен адамдарға арналып соғылған ескерткіштер, археологиялық қазба кезінде табылған әртүрлі бұйымдар, тасқа қашалған жазулар.

Осындай құнды дерек Моңғолиядан табылған бұрын-соңды белгісіз болып келген руникалық жазбаның бөліктері, тастан қашалып салынған Күлтегіннің басы және құмыралардың қалдықтары табылды. Табылған тастағы жазбалардың мағынасы әкесінің баласына деген, ұрпақтан ұрпаққа деген насихаты, рухани ескертулері сияқты. Оның ішінде Білге қағанның өсиетінің орыны ерекше. Онда түрік халқының өмір сүру жолдарын көрсетумен бірге мемлекет философиясында жазып, айқындап кеткен.

Түріктердің нанымы мен құқық жүйелері баяндалған, әлеуметтік жағдайы және экономикалық іс-әрекеттердің ел үшін маңызды жақтары айтылады.

Білге қағанның ең маңызды ерекшеліктерінің бірі, түрік халқын жан-тәнімен сүйгендігі, шын берілгендігі. Өзінің халқына деген шексіз сенімін былай тұжырымдаған: «Ей, Түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей, сенің мемлекетіңді, әдетіңді кім жоя алады?» - деген.

Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық-мәдени, әрі әдеби тұрмыс-салт өмірлерінен хабар беретін жәдігерлер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түрік тектес халықтарға ортақ мұраға айналды. Түркі даласының ішкі сырын бойына сіңрген таңбалы тастар қас батырдың ерлігіндей сан ғасырларды аттап, өз заманының шындығы мен қайғы-қасіретін, амал-әрекетін бейнелеп, еш өзгерместен күні бүгінге жетіп отыр.

Көне түріктер өздерінің мекендеген отанының табиғи-географиялық жағдайына байланысты көпсалалы шаруашылықтың негізін салып, отырықшы, жартылай отырықшы, көшпелі өмір сүрген. Негізгі кәсібі егіншілік, қолөнер, сауда, мал өсіру, балық аулау, аңшылық т.б. болған. Осы көпсалалық шаруашылық негізінде түріктердің өркениеті эволюциялық заңдылық бойынша үздіксіз дамып отырған. Осындай аралас-құралас тұрмыстың арқасында тіл, экономика, жер және рухани мәдениеттер бірлігін қалыптастыра отырып, өркениетті мәдениетке қол жеткізген.

Түріктердің рухани мәдениетінің ежелден келе жатқан тамыры терең дәстүрі бар. Рулық құрылыс пен Түрік дәуірінде пайда болған көптеген фольклорлық сюжеттер халық арасында ертеден келе жатқан мифтер мен ертегілер, аңыз-әңгімелер кең таралды. Рухани мәдениет үлгілерінде ғарыштық, тотемдік сипаттағы алуан түрлі аңыздар өзінше бір танымдық міндет атқарып, дүниенің құрылысын, табиғат құбылыстарын түсіндіруге тырысты. Сонымен бірге рухани мәдениет ескерткіштерінде түрік қоғамының саяси бірлігі мен елдегі тәртіп, өз мемлекетінің тәуелсіздігі баяндалды.

Орхон өзенінің бойынан табылған ескерткіштердегі құпия жазулардың “кілтті” табылып, ондағы тасқа басылған бұлтартпас тарихи айғақ деректерді әлем танып-білмегенде, көне замандарда Шығыста жалпы түрік деген халықтың болғандығынан бейхабар қалып, ондағы кейінгі түрік тектес халықтар моңғол тектес халықтардың бір бұтағына айналып кете баруы да ғажап емес еді. Тас жазудың дерегі арқылы дүниежүзі Орталық Азияның қақ төрінде, жаңаша жыл санаудан кейінгі VI ғасырда түрік деген халықтың “Мәңгі ел” деп аталатын аса ірі мемлекет орнатқанын және оның ұлан-ғайыр аймаққа үш ғасырға жуық билік жүргізіп тұрғанын білді. Осыдан кейін барып, тарихшылар бұрынғы моңғол атауының алдына енді келіп түрік атауын тіркестіруге мәжбүр болды.

М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» - орта ғасырлардағы түркі халықтары-ның энциклопедиясы, 3 томнан, 8 кітаптан тұратын құнды еңбекте 6800 түркі сөзі ғылыми жүйеге түсірілген. Түркі халықтарын аралап материал жинау барысында ғалым түркі тілдес түрлі тайпалардың ерекшеліктеріне мән бере отырып, түркі тілінің айтылу, жазылу заңдылықтарын, қолдану аясына қатысты айырым белгілерін зерттеді, әлемдік түркітану тарихында алғаш рет тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісін қолданып, диалектология ғылымының негізін салды.

«Құтты білік» - әлем өркениеті тарихынан мәңгілік орын алған түркі тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Жүсіп Баласағұнның атақты дастанында адамгершілік, философиялық тәмсілдер, парасат пен ақыл-ой сұлулығы, жар таңдау, бала тәрбиесі, елдік құру, мемлекет түзу, ел басқару,

тәлім-тәрбие мен білім-ғылым сияқты өмірлік, әлеуметтік мәні зор көкейтесті мәселелер жырланған

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұпаққа өтіп келе жатқан ардагер азаматтар тарихта аса көп емес. Тарих жазбасында, халықтың рухани қазынасында айтулылардың айтулысы, жүйріктердің жүйрігі ғана мәңгі ұялап қоныс тебеді. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өтуде.

### Қосымша материалдар



### НОЛЛЫҢ ТЕТІН

Ноллың Тетін - Орхон ескерткішіндегі шардың авторы. Туған және қайтыс болған жылдары белгісіз. VIII ғасырда өмір сүрген. Түрік дәлелділігімен балыры Күлтегін (731), Балыр бештеня Білге ханға қайтыс болғанда (731), қос қайраткеріне ескерткіш үшін Ноллың Тетін жоқтау жыр шығарып, оны тасқа кесіп жаздырады. Ноллың Тетін бұл жырды жазған кездері маңысы туралы былай дейді: "Мұны етін біледі. Еңгілімде қандай төтті сөздерім болса, соларды мені тасқа жаздырдым. Оларды менен кінәлігі ұрпақтарым, нөрілер, ұрпақтарым". Ескерткіш халық түркі халықтарының ертедегі тарихы мен мәдениетін, тілін жеткенді түркілерге үшін сирек қадесетін ғызма мені бір қамбет жұрға айналды.




Балбал тастар түркі дәуірінің ескерткіші

### КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУ

Орхон-ешней таңбалары	Дыбыстық мағына	Орхон-ешней таңбалары	Дыбыстық мағына
𐰃 𐰄 𐰅	а э (е)	𐰆 𐰇 𐰈	н к'
𐰉 𐰊 𐰋	ш і (е)	𐰌 𐰍	н
𐰎 𐰏	о у	𐰐 𐰑 𐰒 𐰓	к'
𐰔 𐰕	ө ү	𐰖	т (ей)
𐰗 𐰘 𐰙	б	𐰚 𐰛 𐰜	қ к'
𐰝 𐰞 𐰟	б'	𐰠 𐰡	п п'
𐰢 𐰣 𐰤 𐰥	г	𐰦 𐰧 𐰨	р
𐰩 𐰪 𐰫 𐰬	г'	𐰭 𐰮	р'
𐰯 𐰰 𐰱	х	𐰲 𐰳 𐰴 𐰵	с
𐰶 𐰷 𐰸	х'	𐰹	с'
𐰺 𐰻 𐰼	д	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	т
𐰽 𐰾 𐰿	д'	𐱂 𐱃 𐱄 𐱅	т'
𐰿 𐱀 𐱁	я	𐱆 𐱇 𐱈	ч ч'
𐱂 𐱃 𐱄	я'	𐱉 𐱊 𐱋 𐱌	ш
𐱍 𐱎 𐱏	к	𐱐 𐱑 𐱒 𐱓	ш'
𐱔 𐱕	к' 𐰃 𐰄 𐰅	𐱔 𐱕 𐱖 𐱗	м
𐱘 𐱙	к 𐰃 𐰄 𐰅	𐱘 𐱙 𐱚 𐱛	л, л', т'
𐱚 𐱛	л	𐱜 𐱝 𐱞 𐱟	н, н', т'
𐱜 𐱝	л'	𐱠 𐱡 𐱢 𐱣	н, н', ч'
𐱞 𐱟	л'	𐱤 𐱥	р, р'
𐱠 𐱡	л'	𐱦 𐱧 𐱨 𐱩	с, с'

Көне түркі жазу - түркі халықтарының тұңғыш әріпті жазуы. Көне түркі әліпбиінің құрамында 35 әріп бар. Жазудың бағыты оңға солға қарай оқылды. Көне түркі жазуының құрамына аман, тұңғыш оқыған Давид галилей Вильгельм Тихон Лидия Петер (25.1.1842 - 12.5.1927) болды. 1893 жылы алғаш "Түркі" және "Түркі" деген екі кітап оқып алынған жарияланды. Аталған және түркі ескерткішінің француз тіліне аударып, түркіліктермен берді. Қазақстан территориясында және түркі жазуы бедерленген ескерткіш тастар көптеп кездеседі.


### БІЛГЕ ҚАҒАН ЕСКЕРТКІШІ




Бөдіа - көне түркі дәуірінен жеткен ұғым. Бөдіа тастың шауыл қашылып жасалған тас мүсін, өрнек, жазу. Көне ескерткіштерде "бөдіа үшін балбалдар алдым" деген тіркестер кездеседі. Бөдіа сөзі тас мүсіндерге, тас бағаналарға (балбалдарға) қатысты да айтылады.

Көне қалам ескерткішінің толық қалпына келтірілген түрі

### ТОНЫҚӨК





Білге қаған ескерткішінің бір бөлігі



ТҮРКІ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ



Ирагзая. Біздің заманымыздың XI - XII ғасыр бұйымы.

Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Тараз қалашығынан табылған. Көне керамика.

Құмыра жойны. Біздің заманымыздың XI - XII ғасырлар бұйымының бір бөлігі. Қазақстанның көне қаласына жасалған. Оңтүстік Қазақстан өңірінен табылған.



## Тест тапсырмалары

1. «Түркі» сөзі көшпелі халықтың атауы ретінде алғаш рет қашан пайда болды?

- A) YI ғ.
- B) YII ғ.
- C) IY ғ.
- D) Y ғ.
- E) IX ғ.

2. Қытай деректері бойынша қай тайпа түркілердің арғы тегі болып есептеледі?

- A) Ғұндар.
- B) Қаңлылар.
- C) Үйсіндер.
- D) Сақтар.
- E) Жуань-жуаньдар.

3. Түркілерге қарай алғашқы болып Еділден Византия елшілігі өткен. Елшілікті кім басқарды?

- A) Земарх.
- B) Константин.
- C) Могильян.
- D) Бумын.
- E) Констанций.

4. Түркілердің шығу тегі жөніндегі аңызда жетім қалған жас баланың асыраушысы қандай аң болды?

- A) Арыстан.
- B) Көк бөрі.
- C) Айдаһар.
- D) Жолбарыс.
- E) Маймыл.

5. Орхон-Енисей құлпытастарын алғаш зерттеген:

- A) Г. Спасский.
- B) Л. Гумилев.
- C) В. В. Бартольд.
- D) Г. Е. Грум-Гржимайло.
- E) М. Тынышбаев.

6. Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштерінің жазуын алғаш рет оқыған В. Томсен қай елдің ғалымы?

- A) Германия.
- B) Дания.
- C) Франция.
- D) Англия.
- E) Швеция.



7.893 ж. Орхон-Енисей ескерткіштерінің жазуларын В.Томсен қай тілге аударды?

- А) Француз.
- В) Ағылшын.
- С) Неміс.
- Д) Орыс.
- Е) Қытай.

8.Орхон-Енисей жазба ескерткіштері орыс тіліне қай жылы аударылды?

- А) 1892 ж.
- В) 1894 ж.
- С) 1900 ж.
- Д) 1889 ж.
- Е) 1818 ж.

9.1897 ж. жарық көрген «Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме» атты еңбектің авторлары:

- А) В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский.
- В) В.В.Радлов, С.Е.Малов..
- С) П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов.
- Д) Г.Спасский, С.Е.Малов.
- Е) Н.М.Ядринцев, В.В.Радлов.

10.1889 ж. Моңғолия жерінен Орхон-Енисей құлпытастары жазуларының жаңа нұсқасын тауып, ғалымдар назарына іліктірген орыс ғалымы:

- А) П.М.Мелиоранский.
- В) В.В.Радлов.
- С) С.Е.Малов.
- Д) Г.Спасский.
- Е) Н.М.Ядринцев.

11.Л.Гумилевтің «Көне түріктер» атты еңбегі қай жылы жарық көрді?

- А) 1967 ж.
- В) 1948 ж.
- С) 1970 ж.
- Д) 1974 ж.
- Е) 1968 ж.

12.Күлтегін және Тоныкөк жазбасын зерттеген және Түркі қағандары Ильтерістің – Құтлығ қаған, Мочжоның – Қапаған қаған, Могильяанның – Білге қаған екенін дәлелдегендер:

- А) В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский.
- В) В.В.Радлов, С.Е.Малов..
- С) П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов.
- Д) Г.Спасский, С.Е.Малов.
- Е) Ф.Хрит, Г.Е.Грум-Гржимайло.

13. Түркі-ашина тайпаларымен шайқаста жеңіліп, өзін-өзі өлтірген аварьлардың соңғы билеушісі:

- A) Анағұй.
- B) Могильян.
- C) Мөде.
- D) Үш-Елік.
- E) Күшлік.

14. 542 жылы «Түркі» этнонимі бірінші рет қандай деректерде қолданылған?

- A) Үнді.
- B) Парсы.
- C) Грек.
- D) Қытай.
- E) Моңғол.

15. Түркі қағанатының негізін кім салды?

- A) Мұқан.
- B) Бумын.
- C) Жегүй.
- D) Үш-Елік.
- E) Күлтегін.

16. Түркі қағанатының негізі қашан салынды?

- A) 455 ж.
- B) 476 ж.
- C) 552 ж.
- D) 603 ж.
- E) 704 ж.

17. Қай қағанның тұсында түркілер жуань-жуаньдарды толығымен жеңді?

- A) Сақал.
- B) Мұқан.
- C) Үш-Елік.
- D) Жегүй.
- E) Бумын.

18. Жуань-жуаньдардың батысқа барып орныққан бөлігі қалай аталды?

- A) Аварлар.
- B) Вандалдар.
- C) Түркештер.
- D) Яғмалар.
- E) Готтар.

19.Түркі қағанатындағы он ірі тайпаның әрқайсысының басқарушысы болды. Олар қалай аталды?

- A) Шад.
- B) Жабғу.
- C) Тегін.
- D) Сылифа.
- E) Түмен.

20.Түркі қағанатында қағаннан кейін тұрған жоғарғы билік иесі қалай аталды?

- A) Шад.
- B) Жабғу.
- C) Тегін.
- D) Сылифа.
- E) Түмен.

21.Қытай жылнамаларында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңы неше баптан тұрады?

- A) 10.
- B) 8.
- C) 5.
- D) 15.
- E) 12.

22.«Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісіге өлім жазасы кесілсін» делінетін бап көне түркілердің мемлекеттік заңының нешінші бабын құрайды?

- A) 1.
- B) 7.
- C) 5.
- D) 4.
- E) 2.

23.Көне түркілердің мемлекеттік заңының 3-бабында не туралы айтылған?

- A) Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісіге өлім жазасы кесілсін.
- B) Түркі бұдұнының (жұртының) мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін.
- C) Қағанат ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілсін.
- D) Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.
- E) Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін.

24.Көне түркілердің мемлекеттік заңының 4-бабында не туралы айтылған?

- A) Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісіге өлім жазасы кесілсін.
- B) Түркі бұдұнының (жұртының) мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін.
- C) Қағанат ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілсін.
- D) Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.
- E) Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін.

25. Көне түркілердің мемлекеттік заңының 2-бабында не туралы айтылған?

- A) Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісіге өлім жазасы кесілсін.
- B) Түркі бұдұнының (жұртының) мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін.
- C) Қағанат ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілсін.
- D) Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.
- E) Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін.

26. Алтайдағы түркі-ашина тайпалары ірі тайпа бірлестігін құрып, Солтүстік Қытай (Цзинь) мемлекетінің бірімен дипломатиялық қатынас орнатады. Қай жылы?

- A) 460 ж.
- B) 545 ж.
- C) 552 ж.
- D) 551 ж.
- E) 572 ж.

27. 552 ж. Бумын қайтыс болғаннан кейін оның орынына кім қаған болды?

- A) Сақал.
- B) Мұқан.
- C) Үш-Елік.
- D) Қара.
- E) Бумын.

28. 566 – 567 ж.ж. Түркі қағанатының өкілі ретінде Иранға тауар әкелген соғды елшісі:

- A) Маниах.
- B) Земарх.
- C) Түркенаф.
- D) Қара.
- E) Сақал.

29. Түркі қағанатының Батыс және Шығыс қағанаттарға бөліну үрдісі қашан басталды?

- A) 603 ж.
- B) 476 ж.
- C) 552 ж.
- D) 582 ж.
- E) 704 ж.

30. Түркі қағанатының Батыс және Шығыс қағанаттарға бөліну үрдісі қашан аяқталды?

- A) 603 ж.
- B) 476 ж.
- C) 552 ж.

- D) 455 ж.
- E) 704 ж.

31. Батыс Түркі қағанатының алып жатқан орыны:

- A) Сырдың орта және төменгі бассейні, Жайық бойы.
- B) Жетісу, Шығыс Түркістан.
- C) Оңтүстік Тянь-Шань өңірі.
- D) Әмудария мен Сырдарияның аралығы.
- E) Жоңғария мен Орта Азия, Шығыс Түркістан.

32. Батыс Түркі қағанатының орталағы қай қала?

- A) Суяб.
- B) Баласағұн.
- C) Отырар.
- D) Тараз.
- E) Қойлық.

33. 634 жылы нушебилердің қолдауымен билікке келген Батыс Түркі қағанатының қағаны:

- A) Бумын.
- B) Ышбара Елтеріс Шир.
- C) Үш-Елік.
- D) Нивад Ышбара-яғбу.
- E) Сақал.

34. Батыс Түркі қағанатындағы тайпалар арасындағы соғыс және әулеттік күрес қай жылдары болды?

- A) 640 – 657 ж.ж.
- B) 640 – 645 ж.ж.
- C) 634 – 640 ж.ж.
- D) 660 – 704 ж.ж.
- E) 657 – 660 ж.ж.

35. Батыс Түркі қағанатындағы тайпалар арасындағы соғыс және әулеттік күрес неше жылға созылды?

- A) 20 жылға.
- B) 17 жылға.
- C) 5 жылға.
- D) 10 жылға.
- E) 12 жылға.

36. Батыс Түркі қағанатындағы дулу және нушебилердің арасындағы соғыстың салдарынан қағанат екіге бөлінеді. Олардың арасындағы шекара қай өзеннің бойымен өтті?

- A) Жайық.

- B) Шу.
- C) Іле.
- D) Талас.
- E) Ертіс.

37. Он оқ бүдүн елінің тәуелсіз соңғы қағаны:

- A) Бумын.
- B) Ышбара Елтеріс Шир.
- C) Үш-Елік.
- D) Нивад Ышбара-яғбу.
- E) Сақал.

38. Қағанат ішіндегі қолдаушыларына сүйене отырып, Батыс Түркі қағанатын билеуге тырысқан мемлекет:

- A) Тань.
- B) Византия.
- C) Франк.
- D) Иран.
- E) Үндістан.

39. Батыс Түркі қағанатында халықтың ең төменгі жігі қалай аталды?

- A) Тегін.
- B) Шад.
- C) Тат.
- D) Қара бүдындар.
- E) Елтебер.

40. Батыс Түркі қағанатында қарапайым халық қалай аталды?

- A) Тегін.
- B) Шад.
- C) Тат.
- D) Қара бүдындар.
- E) Елтебер.

41. Қазақстан аумағында бірінші рет пайда болған түркі мемлекеті қайсысы?

- A) Қыпшақтар мемлекеті.
- B) Түркі қағанаты.
- C) Түркеш қағанаты.
- D) Қарахан мемлекеті.
- E) Қимақ мемлекеті.

42. Түркеш қағанатының негізін кім салды?

- A) Үш-Елік.
- B) Сақал.
- C) Мұқан.

- D) Тон-яғбу.
- E) Бумын.

43. Түркеш қағанатының негізі қашан қаланды?

- A) 704 ж.
- B) 728 ж.
- C) 582 ж.
- D) 756 ж.
- E) 746 ж.

44. Шежірелерде «қара түркештер» деп кімнің ұлысы аталған?

- A) Үш-Еліктің.
- B) Сұлудың.
- C) Сақалдың.
- D) Кули-Чордың.
- E) Мұқанның.

45. Шежірелерде «сары түркештер» деп кімнің ұрпақтары аталған?

- A) Үш-Еліктің.
- B) Сұлудың.
- C) Сақалдың.
- D) Кули-Чордың.
- E) Мұқанның.

46. Түркеш қағанаты қай жылдары өмір сүрді?

- A) 704 – 756 ж.ж.
- B) 603 – 753 ж.ж.
- C) 747 – 753 ж.ж.
- D) 700 – 800 ж.ж.
- E) 603 – 682 ж.ж.

47. Арабтардың Қазақстан жеріне шабуылы қай қағанаттың кезінде болды?

- A) Түркі қағанаты.
- B) Батыс-Түркі қағанаты.
- C) Түркеш қағанаты.
- D) Қимақ мемлекеті.
- E) Қарахан мемлекеті.

48. Арабтардың Қазақстан аумағына шабуылы қашан басталды?

- A) YI ғ. ортасы.
- B) YII ғ. 1-жартысы.
- C) YII ғ. 2-жартысы.
- D) YIII ғ. ортасы.
- E) YIII ғ. 1-жартысы.

49. Қарлұқтардың басшысы қалай аталды?

- A) Шад.
- B) Жағбу.
- C) Тегін.
- D) Сылифа.
- E) Түмен.

50. Қарлұқ қағанатының алып жатқан орыны:

- A) Іле, Талас, Шу алқаптары.
- B) Қашғардан Жетісу мен Ферғанаға дейін.
- C) Шығыс Түркістан, Жетісу.
- D) Батыс Қазақстан өлкесі.
- E) Жетісудан Ауғанстанға дейін.

51. Қарлұқ қағанаты қай кезде өмір сүрді?

- A) VІІІ – X ғ.ғ.
- B) IX ғ.а.
- C) XII ғ. 1-жартысы.
- D) VІІІ ғ. алғашқы жартысы.
- E) X ғ.

52. Ұйғыр қағанаты қай жылдары өмір сүрді?

- A) 744 – 840 ж.ж.
- B) 766 – 940 ж.ж.
- C) 744 – 766 ж.ж.
- D) 758 – 840 ж.ж.
- E) 604 – 704 ж.ж.

53. Ұйғыр қағанаты қай аумақта құрылды?

- A) Жетісуда.
- B) Қытайда.
- C) Моңғолияда.
- D) Батыс Қазақстана.
- E) Солтүстік Қазақстанда.

54. VІІІ ғ. ұйғырлар қай дінді қабылдады?

- A) Ислам.
- B) Христиан.
- C) Буддизм.
- D) Манихей.
- E) Шамандық.

55. Ұйғыр қағанатының өмір сүруін кімдер тоқтатты?

- A) Енисей қырғыздары.
- B) Қытайлар.



- C) Арабтар.
- D) Қарлұқтар.
- E) Түркештер.

56. IX ғ. 1-жартысында қырғыздардан қысымшылық көрген ұйғырлар қайда барды?

- A) Қытай аумағына.
- B) Шығыс Түркістанға.
- C) Арал маңына.
- D) Солтүстік Қазақстанға.
- E) Шығыс Қазақстанға.

57. Жетісуда түркештердің мұрасы үшін күрес кімдердің арасында өрістеді?

- A) Қарлұқтар мен ұйғырлар.
- B) Қарлұқтар мен оғыздар.
- C) Қимақтар мен қыпшақтар.
- D) Ұйғырлар мен қыпшақтар.
- E) Оғыздар мен қыпшақтар.

58. Қазақстан аумағында Оғыз мемлекеті қашан қалыптасты?

- A) VI ғ. а.
- B) IX – XI ғ.ғ.
- C) VII ғ.
- D) IX – X ғ.ғ.
- E) XI – XII ғ.ғ.

59. IX ғ. Оғыздар мемлекетінің астанасы қай қала болды?

- A) Тараз.
- B) Янгикент.
- C) Шаш.
- D) Сауран.
- E) Суяб.

60. Оғыздар мемлекетінің орналасқан жерлері:

- A) Әмудария мен Сырдарияның аралығы.
- B) Оңтүстік Тянь-Шань өңірі.
- C) Іле, Талас, Шу алқаптары.
- D) Арал-Каспий теңізінің аралығы.
- E) Моңғолия жері.

61. Оғыз әскерлерінің бас жетекшісі қалай аталды?

- A) Сүбашы.
- B) Жағбу.
- C) Қаған.
- D) Шад.
- E) Елтебер.

62. Оғызтардың Киев Русімен одақтасып, Хазар қағандығын талқандауы қай жылы болды?

- A) 900 ж.
- B) 965 ж.
- C) 985 ж.
- D) 1000 ж.
- E) 975 ж.

63. Оғыздардың Еділ Бұлғариясын талқандауы қай жылы болды?

- A). 900 ж.
- B). 965 ж.
- C). 985 ж.
- D). 1000 ж.
- E). 975 ж.

64. Махмұд Қашқаридің деректері бойынша оғыздар неше тайпадан құралған?

- A). 24.
- B). 12.
- C). 10.
- D). 30.
- E). 25.

65. Қимақ қағанаты қашан құрылды?

- A). 756 ж.
- B). 780 ж.
- C). 840 ж.
- D). 960 ж.
- E). 900 ж.

66. Қимақ қағанатының астанасы қайда орналасты?

- A). Ертіс өзенінің бойында.
- B). Жайық өзенінің бойында.
- C). Іле өзенінің бойында.
- D). Арал маңында.
- E). Талас өзенінің бойында.

67. Қимақ қағанатының астанасы қай қала?

- A). Тараз.
- B). Суяб.
- C). Қимақия.
- D). Баласағұн.
- E). Шаш.

68. Қимақ қағанаты қашан ыдырады?

- A). X ғ.
- B). XI ғ.б.
- C). XII ғ.
- D). IX ғ.
- E). XIII ғ.

69. Қимақ федерациясының құрамы неше тайпадан құралды?

- A) 7.
- B) 14.
- C) 15.
- D) 8.
- E) 10.

70. Қыпшақ тайпасының мекендеген жері, шекара, көршілері туралы ең алғашқы деректерді берген Иран ақсүйегі:

- A). Ибн Хордадбек.
- B). Беймәлім араб географы.
- C). Әл-Идриси.
- D). Гардизи.
- E). Әбу әл-Фид.

71. «Әлемнің дөңгелек картасы» еңбегінің авторы:

- A). Ибн Хордадбек.
- B). Беймәлім араб географы.
- C). Әл-Идриси.
- D). Гардизи.
- E). Әбу әл-Фид.

72. Қыпшақ мемлекеті әскери әкімшілігінің сол қанатының ордасы қай қала?

- A). Тараз.
- B). Сарайшық.
- C). Сығанақ.
- D). Сауран.
- E). Отырар.

73. Қарахан мемлекетінің алып жатқан жері:

- A). Іле, Талас, Шу алқаптары.
- B). Шығыс Түркістаннан Жетісу мен Ферғанаға дейін.
- C). Шығыс Түркістан, Жетісу, Оңтүстік Тянь-Шань өңірі.
- D). Сырдарияның орта және төменгі бассейні.
- E). Жетісудан Сырдарияның орта ағысына дейін.

74. Қарахан мемлекеті қай ғасырда өмір сүрді?

A). YII ғ. алғашқы жартысы.

B). YIII – X ғ.ғ.

C). X ғ. – XIII ғ.б. дейін.

D). X ғ. орта шені – XII ғ.

E). YII – IX ғ.ғ.

75. Қарахан әулеті мемлекетінің негізін кім салды?

A). Сатұқ Боғра-хан.

B). Yш-Елік қаған.

C). Боғра хан Харун.

D). Бумын қаған.

E). Естеми қаған.

76. Қарахан мемлекетінде ислам діні қай жылы мемлекеттік дін ретінде қабылданды?

A). 783 ж.

B). 890 ж.

C). 960 ж.

D). 946 ж.

E). 940 ж.

77. Қарахан мемлекеті қандай тайпалардың бірлестігінен құрылды?

A). Шігіл және яғма.

B). Шігіл және еймұр.

C). Қарлұқ және яғма.

D). Тухсилар және еймұр.

E). Қарлұқтар және тухсилар.

78. Қарахан мемлекетінің батыс иелігіне қай аумақ кірді?

A) Мауараннахр.

B) Шығыс Түркістан.

C) Жетісу.

D) Алтай, Ертіс маңы.

E) Қашқария.

79. Қарахан мемлекетінің шығыс иелігіне қай аумақтар кірді?

A) Мауараннахр, Шығыс Түркістан .

B) Шығыс Түркістан, Жетісу.

C) Жетісу, Қашқария.

D) Алтай, Ертіс маңы.

E) Қашқария, Мауараннахр.

80. Қарахан мемлекетінің батыс иелігінің орталығы кейін қай қала болды?

- A) Сауран.
- B) Самарқанд.
- C) Сығанақ.
- D) Тараз.
- E) Сарайшық.

81. Мауараннахрдың Қарахандардың қолына түпкілікті көшуі қай жылы болды?

- A) 1000 ж.
- B) 995 ж.
- C) 1005 ж.
- D) 1221 ж.
- E) 1218 ж.

82. Қарахан мемлекетінің екі дербес қағанатқа түпкілікті бөлініп тынуы кімнің кезінде болды?

- A) Ибраһим ибн Насыр.
- B) Боғра-тегін Сүлеймен.
- C) Арслан-хан Сүлеймен.
- D) Тоғұрыл-тегін.
- E) Боғра-хан Харун.

83. Қарахандықтардың түпкілікті екіге бөлінуі қашан болды?

- A) X ғ. 20-жылдары.
- B) XI ғ. 20-жылдары.
- C) XI ғ. 40-жылдары.
- D) XII ғ. 20-жылдары.
- E) XI ғ. 50-жылдары.

84. Қарахан мемлекеті Батыс және Шығыс қағанаттарға бөлінгеннен кейін шекара қай өзеннің бойынан өтті?

- A) Сырдария.
- B) Әмудария.
- C) Жайық.
- D) Ертіс.
- E) Еділ.

85. Қарахан мемлекетінде хақанның тапсырмаларын орындайтын елшілері деректемелерде қалай аталады?

- A) Ялавашылар.
- B) Ағнашылар.
- C) Ыдысшылар.
- D) Қорықшылар.
- E) Тапұқшылар.

86. Қарахан мемлекетінде хан төңірегінде сарай адамдары болды. Олардың арасында сарай күзетінің бастығы қалай аталды?

- A) Ялавашылар.
- B) Ағнашылар.
- C) Ыдысшылар.
- D) Қорықшылар.
- E) Қапығ-башы.

87. Қарахан мемлекетінде хан төңірегінде сарай адамдары болды. Олардың арасында қазынашылар қалай аталды?

- A) Ялавашылар.
- B) Ағнашылар.
- C) Ыдысшылар.
- D) Қорықшылар.
- E) Қапығ-башы.

88. Қарахан мемлекетінде хат жүргізушілер қалай аталды?

- A) Ялавашылар.
- B) Ағнашылар.
- C) Бітікшілер.
- D) Қорықшылар.
- E) Қапығ-башы.

89. Қарахан мемлекетінде шенеуніктер қалай аталды?

- A) Ялавашылар.
- B) Ағнашылар.
- C) Бітікшілер.
- D) Тапұқшылар.
- E) Қапығ-башы.

90. Қарахан мемлекетінде хандардың өз туысқандары мен жақындарына ауданның, аймақтың немесе қаланың халқынан бұған дейін мемлекеттің пайдасына алынып келген салықтар алуына құқық беруі қалай аталды?

- A) Вакф.
- B) Икта.
- C) Сойырғал.
- D) Ұлыс.
- E) Вассалдық.

91. Шығыс Қарахан иелігін, Жетісуды және Қазақстанның оңтүстігін қидандардың (қарақытайлар) жаулап алуы қашан болды?

- A) XII ғ. 30-жылдары.
- B) XI ғ. 40-жылдары.
- C) XII ғ. 50-жылдары.
- D) XIII ғ. 30-жылдары.
- E) XII ғ. 40-жылдары.

92.Қай кезден бастап деректерде бұрын аталып келген «Оғыздар даласының» орнына Дешті Қыпшақ аты пайда болды?

- A) XI ғ. 2-ширегінен.
- B) IX ғ. 2-ширегінен.
- C) XI ғ. аяғынан.
- D) XI ғ. 2-жартысынан.
- E) XII ғ. 2-ширегінен.

93.Қыпшақтар жерінің екі этно-аумақтық бірлестікке бөлінуі қай өзеннің бойымен өтті?

- A) Жайық.
- B) Еділ.
- C) Ертіс.
- D) Талас.
- E) Шу.

94.Қыпшақ мемлекеті әскери әкімшілігінің оң қанатының ордасы қай қаланың орнында болды?

- A) Тараз.
- B) Сарайшық.
- C) Сығанақ.
- D) Сауран.
- E) Отырар.

95.XIII ғ. бас кезінде Хорезмшах Мұхаммедтің мемлекеті құрамына қыпшақтардың қай жерлері кірді?

- A) Алтай, Ертіс.
- B) Маңғыстау, Үстірт.
- C) Еділ, Оңтүстік
- D) Сығанақ, Отырар.
- E) Нұра,Сарысу аймағы.

96.Қыпшақ хандығы кімдердің шабуылының нәтижесінде құлады?

- A) Моңғолдардың.
- B) Қарақытайлардың
- C) Қытайлардың
- D) Оғыздардың.
- E) Наймандардың.

97.Қарақытайлар мемлекетінің басшысы қалай аталды?

- A) Қаған.
- B) Тәңірқұты.
- C) Гурхан.
- D) Күнбек.
- E) Жағбу.

98. Қарақытайлардың мемлекеті қашан құрылды?

- A) 1021 ж.
- B) 1121 ж.
- C) 1128 ж.
- D) 1212 ж.
- E) 1218 ж.

99. Найман ханы Күшліктің хандығы қай жерде құрылды?

- A) Маңғыстауда.
- B) Жетісуда.
- C) Арал маңында.
- D) Алтайда.
- E) Ертіс өзенінің бойында.

100. Найман ханы Күшліктің қарақытайлардан билікті тартып алуы қай жылы болды?

- A) 1211 ж.
- B) 1121 ж.
- C) 1128 ж.
- D) 1212 ж.
- E) 1218 ж.

101. Ұлы Жібек жолы елшіліктің және сауда-саттықтың тұрақты желісі ретінде қай ғасырдан бастап қызмет ете бастады?

- A) Б.э.д II ғ. орта шенінде.
- B) Б.э.д III ғ. орта шенінде.
- C) Б.э.д II ғ. аяғында.
- D) Б.э.д I ғ. орта шенінде.
- E) Б.э. II ғ. орта шенінде.

102. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ортағасырлық Қазақстанның қаласы:

- A) Семей.
- B) Орал.
- C) Отырар.
- D) Атырау.
- E) Ақтау.

103. Орхон жазулары қай ғасырда жазылған?

- A) Б.э.д. IV ғ.
- B) Б.э. VІІІ ғ.
- C) Б.э. V ғ.
- D) Б.э. IX ғ.
- E) Б.э. XI ғ.



104. Орхон өзенінің бойынан табылған үш тарихи ескерткіштердің біріншісі кімге арналған?

- A) Білге қағанға.
- B) Күлтегінге.
- C) Тоныкөкке.
- D) Бумын қағанға.
- E) Мұқан қағанға.

105. Тоныкөк кім болған?

- A) Қағанның ақылшы-кеңесшісі.
- B) Әскер басшысы.
- C) Қаған.
- D) Абыз.
- E) Жырау.

106. Ұлы Жібек жолы қай ғасырларға дейін жүрді?

- A). XIII – XIV ғ.ғ.
- B). III – V ғ.ғ.
- C). XI – XIV ғ.ғ.
- D). XII – XV ғ.ғ.
- E). XIV – XV ғ.ғ.

107. Әл-Фараби өз шығармаларын қай тілде жазды?

- A) Араб.
- B) Қытай.
- C) Парсы.
- D) Түркі.
- E) Ұйғыр.

108. Әл-Фарабидің негізгі еңбектері ғылымның қай саласы бойынша жазылған?

- A) Математика.
- B) Философия.
- C) Тарих.
- D) Астрономия.
- E) Физика.

109. Қазақстанда поэзияның сопылық бағытын кім дамытты?

- A) Әл-Фараби.
- B) Ахмет Иассауи.
- C) Махмұд Қашқари.
- D) Жүсіп Баласағұни.
- E) Қадырғали Жалайыри.

110. «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі») еңбегінің авторы кім?

- A) Әл-Фараби.
- B) Ахмет Иассауи.

- C) Махмұд Қашқари.
- D) Жүсіп Баласағұни.
- E) Қадырғали Жалайыри.

111. «Құтты білік» («Бақыттылық жайындағы білім») дастанының авторы кім?

- A) Әл-Фараби.
- B) Ахмет Иассауи.
- C) Махмұд Қашқари.
- D) Жүсіп Баласағұни.
- E) Қадырғали Жалайыри.

112. «Құтты білік» («Бақыттылық жайындағы білім») дастанының бүгінге дейін сақталып жеткен неше нұсқасы бар?

- A) Үш.
- B) Төрт.
- C) Екі.
- D) Бес.
- E) Алты.

113. Махмұд Қашқари қай қалада дүниеге келді?

- A) Отырар.
- B) Қашқар.
- C) Шаш.
- D) Сығанақ.
- E) Баласағұн.

114. «Жер түрлері жайындағы кітап» деп аталатын, араб тілінде жазылған бірінші географиялық кітаптың авторы кім болды?

- A) Әл-Хорезми.
- B) Ахмет Иассауи.
- C) Махмұд Қашқари.
- D) Жүсіп Баласағұни.
- E) Әл-Бируни.

115. Қалалар мен қала мәдениетінің моңғол шапқыншылығынан кейін қайта жандануы қай кезде басталды?

- A. XIII ғ. басы;
- B. XIII ғ. 20 жылдары;
- C. XIII ғ. ортасы;
- D. XIII ғ. 70 жылдары;
- E. XIII ғ. аяғы.

116. XIII ғ. ортасында оңтүстік қазақстандық қалалардың өмір сүргендігіне не дәлел?

- A. өңірдің экономикалық байланыстарының жолға қойылуы;
- B. шаруалардың жағдайы жақсара бастауы;

- C. мәдени қатынастар дами бастауы;
- D. Отырар қаласында теңге сарайының жұмыс істей бастағандығы;
- E. дұрыс жауап жоқ.

117. Қазақстан мен Орта Азияда дәстүрлі теңгенің үш түрі (динар, дирхем, мыс тенге) қай қалада шығарылды?

- A. Отырарда;
- B. Сайрамда;
- C. Сарайшықта;
- D. Қаялықта;
- E. Екіөғызда.

118. XIII ғ-ң екінші жартысында Жайық өзені жағасында салынған қала:

- A. Отырар;
- B. Сайрам;
- C. Сарайшық;
- D. Қаялық;
- E. Екіөғыз.

119. XIII ғ В.Рубруктың мәлімдеуінше, Іле аңғарындағы «көпестер орталығы» атанған Эквиус – қай қала?

- A. Сарайшық;
- B. Отырар;
- C. Екіөғыз;
- D. Қаялық;
- E. Алмалық.

120. XIII ғ. соңы-XIV ғ-да Отырар қаласында салынған монша неше бөлмеден тұратын?

- A. 5;
- B. 6;
- C. 8;
- D. 9;
- E. 10.

121. Вильгельм Рубрук « ... бұрын бұл жерде көптеген қалалар тұратын, бірақ жері жайылымға өте қолайлы болғандықтан, татарлар олардың көбін қиратып тастады», - деп қай өңір туралы жазған?

- A. Іле;
- B. Арал;
- C. Каспий;
- D. Еділ;
- E. Сырдария.

122. Сырдарияның Оңтүстік ауданындағы ірі мәдени-экономикалық орталық болған қала

- A. Сайрам;
- B. Сауран;
- C. Сарайшық;
- D. Созақ
- E. Сығанақ.

123. Археологиялық зерттеулер бойынша Іле аңғарындағы Алмалы, Талғар, Шірік, Дүнгене; Антонов, Сүмбе, Көктүме қалалары қай кездерде мүлде үйіндіге айналды?

- A. XIV ғ. басы;
- B. XIII ғ. аяғы;
- C. XIV ғ. аяғы;
- D. XV ғ. басы;
- E. XV ғ. аяғы.

124. Отырарда табылған сирек кездесетін құнды жәдігер-күміс көмбе неге дәлел?

- A. мәдениеттің дамығандығына;
- B. металлургияның болғандығына;
- C. халықтар арасында сауда байланысы болғандығына;
- D. соғыс болғандығын;
- E. дұрыс жауап жоқ.

125. Қазақ хандығының діни орталығы

- A. Қойлық (Қаялық);
- B. Қызқала (Жаңақала);
- C. Йасы (Түркістан);
- D. Бұзықтөбе (Шілік);
- E. Талас (Тараз).

126. XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы ең елеулі сәулет ғимараты

- A. Дәуітбек кесенесі;
- B. Рабиға Сұлтан кесенесі;
- C. Сырлытам кесенесі;
- D. Ахмет Йассауи кесенесі;
- E. Сығанақ маңындағы Көккесене.

127. Тарихшы Рузбихан «дүние жүзіндегі ең ірі құрылыстардың бірі, кесенеді адамзаттың сәулет өңіріндегі жетістіктері таңғажайып дәрежеде берілген», - деп қай кесене туралы жазды?

- A. Дәуітбек кесенесі;
- B. Рабиға Сұлтан кесенесі;
- C. Сырлытам кесенесі;

- D. Ахмет Йассауи;
- E. Сарайшық маңындағы Көк кесенесі.

128. XV ғ-ғы қалалық мәдениеттің ескерткішіне айналған қала:

- A. Отырар;
- B. Түркістан,
- C. Сайрам;
- D. Созақ;
- E. Сауран.

129. Сырдарияның оңтүстік жағалауындағы ірі мәдени-экономикалық орталық болған қала:

- A. Отырар;
- B. Түркістан,
- C. Сайрам;
- D. Созақ;
- E. Сауран.

130. XV-XVII ғғ. Қазақ хандығы билеушілерінің басты тірегі, әскери бақылау орталығы болған қала:

- A. Отырар;
- B. Түркістан;
- C. Сайрам;
- D. Созақ;
- E. Сауран.

131. XVI ғ. мықты мұнаралы, биік қамал қабырғалары, қорғаныс жүйесімен белгілі болған қала:

- A. Отырар;
- B. Түркістан,
- C. Сайрам;
- D. Созақ;
- E. Сауран.

132. XVI-XVII ғғ. түйіскен тұсындағы Қазақ хандығының астанасы

- A. Отырар;
- B. Түркістан;
- C. Сайрам;
- D. Созақ;
- E. Сауран.

133. Қабырғалармен қоршалған қаланың орталық бөлігі

- A. шахристан;
- B. рабад;
- C. хасар;

- D. қоршау;
- E. қалта.

134. XVI-XVII ғғ. тұрғын үйлердегі лас суларды тазартуға арналған қондырғы

- A. ташнау;
- B. сәкі;
- C. суфа;
- D. күйме;
- E. тандыр.

135. XVI-XVII ғасырлардағы Қазақстандағы қалалар тұрғындарының саны:

- A. 60 мың;
- B. 70 мың;
- C. 80 мың;
- D. 50 мың;
- E. 90 мың.

136. XIII-XVIII ғасырлардағы қалалар орнынан табылған қыш бұйымдар қалай әсемделген?

- A. геометриялық өрнектермен;
- B. өсімдік тектес өрнектермен;
- C. құстар бейнелерімен;
- D. аңдар бейнелерімен;
- E. барлық жауаптар дұрыс.

137. Жүніс шебердің аты ойылып жазылған мөр қай қаланың орнынан табылған?

- A. Түркістан,
- B. Хорезм;
- C. Ферғана;
- D. Ташкент;
- E. Сайрам.

138. Ортағасырлық қалаларда қолөнершілер цехтарға біріккен. Табылған олжаларда шебердің атымен қатар атағы да жазылған. Түркістандағы аға шебердің атағы:

- A. «бобо»;
- B. «ақсақал»;
- C. «калактар»;
- D. «кулоли калон»;
- E. барлық жауаптар дұрыс.

139. XIII-XVIII ғғ. зергерлік өнер дамудың жоғары деңгейінде болды. Шеберлер қандай техникалық әдістерді қолдана білген?

- A. соғу, құю, қалыптау, бедерлеу;

- В. нақыштау, жапсыру, алтын жалату, ойықты күміспен толтыру;
- С. күміс пен қоладан сым созу, жону және қырлау;
- Д. түсті тастарды бұрғылау;
- Е. барлық жауаптар дұрыс.

140. Зергерлер бұйым жасағанда қандай түсті тастарды пайдаланды?

- А. қызғылт сары тас, яшма;
- В. жасыл тас, жұзақ;
- С. серпентин, тау хрусталі;
- Д. отты әйнек тастар;
- Е. барлық жауаптар дұрыс.

141. Қалаларда матаның болғандығына не айғақ бола алады?

- А. ұршықтардың табылуы;
- В. сәкі үстінен мақта көрпешелердің қалдығының табылуы;
- С. күйген мақта маталардың жұрнағы табылуы;
- Д. жоғарыда аталғандардың барлығы;
- Е. зерттелмеген.

142. Отырарда қала тұрмысының ауыл шаруашылығына бейімделе бастағандығын не аңғартады?

- А. қала тұрғындарының қала сыртында өңделетін болғандығы;
- В. қала үйлерінде төбесі бастырмамен жабылған шаруашылық аулаларының болуы;
- С. астық және ауыл шаруашылығы дақылдарын сақтауға арналған үлкен қоймалардың болуы;
- Д. мал қалмайтын қоралардың салынуы;
- Е. барлық жауаптары дұрыс.

143. XII ғ. екінші жартысы мен XIV ғ. басында Орта Азиядан Жетісу арқылы монғол ұлыстарының орталығын қамтитын сауда жолы қайда баратын еді?

- А. Византияға;
- В. Қырым арқылы Донның төменгі ағысына;
- С. Алтай мен Монғолияға;
- Д. Амудария арқылы Үргенішке;
- Е. Қызылқұм арқылы Отырар мен Сайрамға.

144. Қазақстан аумағындағы сауда орталықтары ретінде Сарайшық, Отырар, Эквиус (Екіоғыз), Қайлақ (Қаялық), Алмалық қалалары кімнің жолжазбаларында аталған?

- А. Плано Карпини;
- В. Вильгельм Рубрук;
- С. Армян патшасы I Гетум;
- Д. итальяндық көпес Франческо Пеголотти;
- Е. жауаптардың барлығы дұрыс.

145. Отырардан табылған белдік тоғалардағы жазулар қай тілде жазылған?

- A. түрік және соғды,
- B. араб және ұйғыр;
- C. ежелгі түрік және араб;
- D. иран және түрік;
- E. анықталмаған.

146. Отырарда алтын динарлар қай кезден бастап құйыла бастады?

- A. XIII ғ. 50-60 жж.;
- B. XIII ғ. 30-40 жж.;
- C. XIII ғ. 20-30 жж.;
- D. XIII ғ. басы;
- E. XIII ғ. аяғы.

147. Динарлар ірі саудада қандай сапасына қарай пайдаланылды?

- A. әшекейіне;
- B. салмағына;
- C. көлеміне;
- D. ұзындығына;
- E. жоғарыдағы барлық жауаптар дұрыс

148. XIII ғ-ң ортасында ұсақ ақша саудасында негізгі айналым құралы болған күміс жалатылған мыс дирхемдер Отырарда неше жыл бойы шығарылып тұрды?

- A. 10;
- B. 11;
- C. 12;
- D. 13;
- E. 14.

149. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың барлық жерінде айналымда жүрген, «менгу хани» немесе жәй ғана «хани» («хан теңгесі») аталған теңгелердің салмағы қанша болды?

- A. 3-5 грамм;
- B. 4-6 грамм;
- C. 6-8 грамм;
- D. 5-6 грамм;
- E. 9-10 грамм.

150. Мыс фельстер ақша айналымында қандай қызмет атқарды?

- A. ірі ақша;
- B. ұсақ тиын;
- C. ешқандай;
- D. халықаралық валюта;
- E. алтынның орнына жүрді.



151. Шағатай ұлысындағы ақша айналымын жақсартудағы жаңа кезеңнің басы болған Масуд бектің реформасы нешінші жылы басталды?

- A. 1270;
- B. 1271;
- C. 1272;
- D. 1273;
- E. 1274.

152. XIV ғ. басында ақша шаруашылығын одан әрі жақсарту шараларын жасаған 1321 жылғы Кебек хан реформасының нәтижесінде шығарыла бастаған, салмағы 8 г, жаңа мемлекеттік күміс теңге «кебеки» динары неше дирхемге бөлінді?

- A. 6;
- B. 5;
- C. 4;
- D. 3;
- E. 2.

153. XIV ғасырда қай қаладағы теңге сарайлары күміс теңгелерін шығарып тұрды?

- A. Отырардағы;
- B. Тараздағы;
- C. Испиджабтағы;
- D. Сығанақ пен Сарайшықтағы;
- E. аталған қалалардың барлығында.

154. Өз атынан теңгелер соққан:

- A. Өзбек хан;
- B. Жәнібек пен Бердібек хандар;
- C. Наурызбек хан;
- D. Қызыр хан;
- E. жауаптардың барлығы дұрыс.

155. Ұлықбек ақша реформасы қашан жүргізілді?

- A. XIV ғ. басы;
- B. XIV ғ. ортасы;
- C. XIV ғ. аяғы;
- D. X ғ. екінші ширегі;
- E. XV ғ. басы.

156. «Мыс динар» деп аталған жаңа теңгелер нешінші жылдан бастап шығарыла бастады?

- A. 1428;
- B. 1429;
- C. 1427;

- D. 1430;
- E. 1431.

157. Ескі теңгені ауыстыру аяқталғаннан кейін бұрынғы теңге сарайлары жабылды. XV ғ. ортасына дейін мыс теңгелер соғылған қала:

- A. Мерке;
- B. Ферғана;
- C. Бұқар;
- D. Орда;
- E. Аспара.

158. Орта Азияда тауар-ақша қатынастарының жоғары дамыған кезеңі:

- A. XV ғ. аяғы;
- B. XVI ғ. бірінші ширегі;
- C. XVI ғ. ортасы;
- D. XVI ғ. 70 жылдары;
- E. XVI ғ. аяғы.

159. XVI ғ. ортасына қарай халықаралық саудада қолданылып, шағын мөлшерде ғана шығарылған теңгенің түрі.

- A. күміс;
- B. алтын;
- C. мыс дирхемдер;
- D. фельстер;
- E. мыс динарлар.

160. Не үшін XVI-XVII ғасырларда соғылған мыс теңгелердегі жазуларды оқу қиын?

- A. зерттелмеген;
- B. құпиясы ашылмаған тілде жазылған;
- C. құю сапасының нашарлығынан және жақсы сақталмағандығынан;
- D. өте ұсақ әріптермен жазылған;
- E. дұрыс жауап жоқ.

161. XVII ғасырда Отырар және басқа қалалар сауда қызметі мен ақша айналымының құлдырау кезеңін бастан кешірді. Бұл кездегі теңгелер негізінен қай қалаларда соғылды?

- A. Бұқар мен Ферғана;
- B. Түркістан мен Ташкент;
- C. Сауран мен Испиджаб;
- D. Тараз бен Сайрам;
- E. Сығанақ пен Сарайшық.

162. Отырар аумағынан табылған бір мыс көмбеден орыстың мыс тиындары табылған. Бұл мыс тиындар қай патшаның тұсында соғылған?

- A. Алексей Михайлович;
- B. Петр Алексеевич;
- C. Елизавета Петровна;
- D. Иван Антонович;
- E. Анна Иоановна.

163. Кейінгі орта ғасырлардағы сәулет өнерінің ең ежелгі ескерткіші

- A. Ахмет Йассауи кесенесі;
- B. Дәуітбек кесенесі;
- C. Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі;
- D. Сығанақтағы Көккесене;
- E. Сырлытам кесенесі.

164. XIV-XV ғасырлар шекарасындағы ең елеулі құрылыс

- A. Ахмет Йассауи кесенесі;
- B. Дәуітбек кесенесі;
- C. Рабиға Сұлтан бегім кесенесі;
- D. Сығанақтағы Көккесене;
- E. Сырлытам кесенесі.

165. Рабиға Сұлтан бегім кесенесі қай кезеңге жатады?

- A. XIV ғ. басы;
- B. XIV ғ. ортасы;
- C. XIV ғ. аяғы;
- D. XV ғ. басы;
- E. XV ғ. аяғы.

166. Шайбан әулетінен шыққан хандарды жерлейтін кесенелер кешені қай қаланың маңында?

- A. Сауран,
- B. Сайрам;
- C. Сығанақ;
- D. Жент;
- E. Сарайшық.

167. Сырлытам кесенесі неше залдан тұрады?

- A. 1;
- B. 2;
- C. 3;
- D. 4;
- E. 5.

168. XVI-XVII ғасырлар ескерткіштері қай өзендердің аңғарларынан кездеседі?

- A. Сырдария, Талас;
- B. Талас, Шу;
- C. Шу, Сарысу;
- D. Сарысу, Сырдария;
- E. жауаптардың барлығы дұрыс.

169. XVI ғ. бірінші жартысында Зайн ад-Дин Васифи суреттеген тарихи-көркемдік жағынан қазір құлап біткен сәулет ескерткіші

- A. «Бегім мұнарасы»;
- B. «Сауран мұнарасы»;
- C. Сұнақата кешені;
- D. Қара батыр кесенесі;
- E. Төретам кесенесі.

170. «Қызылкент замогі» деп аталатын тастан салынған үлкен екі қабатты құрылыстың қалдығы Орталық Қазақстандағы қай қаланың маңынан табылды?

- A. Қарағанды;
- B. Жезқазған;
- C. Сәтпаев;
- D. Кентау;
- E. Теміртау.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. А., 1995.
2. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., 1996.
3. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. А., 1995.
4. Ақатаев С. Күн мен көлеңке. Ғылыми-танымдық аңсар. А., 1990.
5. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-том. А., 2002.
6. Бартольд В. В. Тюрки. А., 1998.
7. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. А., 1994.
8. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. А., 2004.
9. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. А., 1996, 1-том.
10. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. А., 1993.
11. Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. А., 1991.
12. Қоңыратбаев Ә. Оғыз-қыпшақ ұлысы және шамандық культі. А., 1993.
13. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Т.1. А., 1996.
14. Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. А., 2002.
15. Марғұлан Ә.Қ. Ежелгі жыр, аңыздар. А., 1989.
16. Стеблева И.В. YI-YIII ғғ. түрік поэзиясы. А., 1982.
17. Сүлейменов О. Аз и Я. А., 1992.
18. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. А., 1985.
19. Уәлиханов Ш.Ш. Қазақтардағы шамандық қалдығы. А., 1993.
20. Потапов Л.П. Этнография народов Алтая и Западной Сибири. М. 1980.
21. Исаков М. Халық календары. А., 1993.
22. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. А., 2003.

## Мазмұны

Кіріспе.....	3-4
1. Түрік жазбаша ескерткіштерінің зерттелу тарихы.....	5-9
2. Түрік жазба ескерткіштерінің түрлері және тілдік ерекшеліктері .....	9-12
3. Түріктердің діни наным-сенімдері мен діни ескерткіштері.....	12-29
4. Түріктердің әскери өнері, тарихи және жағрапиялық түсініктері.....	29-37
5. Ортағасырдағы түрік ғалымдарының ғылымға қосқан үлесі.....	38-43
Қорытынды.....	43-45
Қосымша материалдар .....	45-47
Тест тапсырмалары .....	48-76
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	77

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 79 бет 6,6 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а.